- [Мас амалдық жүйесіне арналған бағдарламалық құрал](#)
- [Мас амалдық жүйесінде басып шығару](#)
- [Мас амалдық жүйесінде факс жіберу](#)
- [Мас амалдық жүйесінде сканерлеу](#)

Mac амалдық жүйесіне арналған бағдарламалық құрал

Mac жүйесі үшін қолдау көрсетілетін операциялық жүйелер

Өнім төмендегі Mac операциялық жүйелерді қолдайды:

- Mac OS X 10.5, 10.6 және кейінгі нұсқалары

ЕСКЕРІМ: Mac OS X 10.5 және одан кейінгі нұсқалары үшін PPC және Intel® Core™ Processor Mac жүйелеріне қолдау бар. Mac OS X 10.6 үшін Intel Core Processor Macs пайдалануға болады.

Mac жүйесіне арналған қолдау көрсетілетін принтер драйверлері


HP LaserJet бағдарламалық құралын орнату бағдарламасы Mac OS X компьютерлерінде пайдалану үшін PostScript® принтер сипаттамалары (PPD) файлдарын және принтердің диалог кеңейтімдерін (PDEs) береді. HP Принтерінің PPD және PDE файлдары Apple PostScript принтер драйверлерімен бірге толық басып шығару функциясын және нақты HP Принтерінің мүмкіндіктеріне қатынауды қамтамасыз етеді.

Mac амалдық жүйелеріне арналған бағдарламалық құралды орнату

Өнімге тікелей қосылған Mac компьютерлеріне бағдарламалық құралды орнату

Бұл өнімде USB 2.0 байланысы бар. A-B түріне жататын USB кабельді пайдаланыңыз. HP компаниясы USB кабельдің 2 метр ұзын емес болуын ұсынады.

1. Өнім мен компьютерге USB кабелін жалғаңыз.



2. Бағдарламалық жасақтаманы ықшам дискіден орнатыңыз.
3. HP орнату бағдарламасының белгішесін басып, бейнебеттегі нұсқауларды орындаңыз.
4. Құттықтау экранында **Жабу** түймешігін басыңыз.
5. Басып шығаратын бағдарламалық құрал дұрыс орнатылғанын тексеру үшін кез келген бағдарламадан бір бетті басып шығарыңыз.


Сымды желідегі Мас компьютерлеріне арналған бағдарламалық құралды орнату

IP мекенжайын конфигурациялау


Өнімнің IP адресін қолмен орнатуға болады немесе оны DHCP, BootP немесе AutoIP протоколдары арқылы автоматты түрде конфигурациялауға болады.

Қолмен конфигурациялау


IPv4 протоколын ғана қолмен конфигурациялауға болады.

1. Басқару тақтасындағы Орнату  түймешігін басыңыз.
2. **Желіні орнату** параметрін таңдау үшін көрсеткі түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **TCP/IP теңшеу** параметрін таңдау үшін көрсеткі түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Қолмен** параметрін таңдау үшін көрсеткі түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. IP мекенжайын енгізу үшін әріптік-сандық түймелерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
6. Егер IP мекенжайы қате болса, **Жоқ** опциясын таңдау үшін көрсеткі түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз. 5-қадамды дұрыс IP адресін енгізіп қайталаңыз, содан кейін желі бөлігінің маскасы мен стандартты шлюз параметрлері үшін 5-қадамды қайталаңыз.

Автоматты түрде конфигурациялау

1. Басқару тақтасындағы Орнату  түймешігін басыңыз.
2. **Желіні орнату** параметрін таңдау үшін көрсеткі түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **TCP/IP теңшеу** параметрін таңдау үшін көрсеткі түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Автоматты** параметрін таңдау үшін көрсеткі түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.

Автоматты IP адресі пайдалануға дайын болғанша бірнеше минут уақыт өтуі мүмкін.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер сіз белгілі бір IP режимдерін (мысалы, BOOTP, DHCP немесе AutoIP) ажыратқыңыз немесе қосқыңыз келсе, осы параметрлерді енгізілген веб-серверді немесе HP ToolboxFX бағдарламасын пайдаланып қана өзгертуге болады.

Бағдарламалық құралды орнату

1. Компьютердегі барлық бағдарламалардан шығыңыз.
2. Бағдарламалық жасақтаманы ықшам дискіден орнатыңыз.
3. HP орнату бағдарламасының белгішесін басып, бейнебеттегі нұсқауларды орындаңыз.


4. Құттықтау экранында **Жабу** түймешігін басыңыз.
5. Бағдарламалық құрал дұрыс орнатылғанын тексеру үшін кез келген бағдарламадан бір бетті басып шығарыңыз.

Бағдарламалық құралды Macintosh операциялық жүйесінен жою

Бағдарламалық құралды жою үшін әкімшілік құқықтарыңыз болуы керек.

1. Өнімді компьютерден ажыратыңыз.
2. **Applications** («Бағдарламалар») бөлімін ашыңыз.
3. **Hewlett Packard** тармағын таңдаңыз.
4. **HP Uninstaller** тармағын таңдаңыз.
5. Құрылғылар тізімінен өнімді таңдап, одан кейін **Uninstall** («Жою») түймешігін басыңыз.
6. Бағдарламалық құрал жойылғаннан кейін компьютерді өшіріп, қайта қосыңыз да, себетті тазалаңыз.

Mac амалдық жүйесіндегі принтер драйверінің параметрлерін өзгерту

Бағдарламалық құрал жабылғанша принтердің барлық тапсырмаларының параметрлерін өзгерту	Принтердің барлық тапсырмаларының стандартты параметрлерін өзгерту	Өнім конфигурациясының параметрлерін өзгерту
<ol style="list-style-type: none"> 1. Файл мәзіріндегі Баспа түймешігін басыңыз. 2. Керекті параметрлерді түрлі мәзірлерде өзгертіңіз. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Файл мәзіріндегі Баспа түймешігін басыңыз. 2. Керекті параметрлерді түрлі мәзірлерде өзгертіңіз. 3. Алдын ала белгіленген параметрлер мәзірінен ...түрінде сақтау опциясын таңдап, алдын ала орнату атауын теріңіз. <p>Бұл параметрлер Алдын ала белгіленген параметрлер мәзірінде сақталады. Жаңа параметрлерді пайдалану үшін бағдарламаны әрбір ашқан және басып шығарған кезде сақталған алдын ала белгіленген параметр опциясын таңдауыңыз керек болады.</p>	<p>Mac OS X 10.5 және 10.6</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Apple  мәзіріндегі Жүйе ерекшеліктері мәзірін басып, Баспа және факс белгішесін таңдаңыз. 2. Терезенің сол жағындағы өнімді таңдаңыз. 3. Опциялар мен жабдықтар түймесін басыңыз. 4. Драйвер жиекбелгісін басыңыз. 5. Орнатылған опцияларды теңшеңіз.

Mac компьютерлеріне арналған бағдарламалық құрал

Mac жүйесіне арналған HP қызметтік бағдарламасы

Принтер драйверлерінде жоқ өнім функцияларын орнату үшін, HP утилитасын пайдаланыңыз.

HP утилитасын өнім әмбебап тізбекті шиналы (USB) кабелін пайдаланғанда немесе TCP/IP негізді желіге қосылған жағдайда пайдалануға болады.

HP қызметтік бағдарламасын ашыңыз

- ▲ Панельде **HP Utility** (HP қызметтік бағдарламасы) белгішесін басыңыз.

–немесе–

Applications («Бағдарламалар») параметрін, **Hewlett Packard** тармағын таңдап, **HP Utility** («HP қызметтік бағдарламасы») белгішесін таңдаңыз.

HP қызметтік бағдарламасының функциялары

HP қызметтік бағдарламасын келесі тапсырмаларды орындау үшін пайдаланыңыз:

- Жабдықтар күйі туралы ақпарат алу.
- Кірістірілген бағдарлама нұсқасы мен сериялық нөмір сияқты өнім туралы ақпаратты алу.
- Конфигурация бетін басып шығарыңыз.
- IP негізіндегі желіге қосылған өнімдер үшін, желі ақпаратын алыңыз және енгізілген HP веб-серверді ашыңыз.
- Науа өлшемі мен қағаз түрін конфигурациялаңыз.
- Файлдарды және қаріптерді компьютерден өнімге жіберіңіз.
- Өнімінің кірістірілген бағдарламасын жаңартыңыз.
- Негізгі факс параметрлерін реттеңіз.

Мас жүйесі үшін қолдау көрсетілетін утилиталар


Ендірілген HP веб-сервері

Өнім мен желілік қызмет туралы ақпаратпен қамтамасыз ететін енгізілген веб серверімен өнім жабдықталған.

Мас амалдық жүйесінде басып шығару

Мас жүйесі көмегімен басып шығару тапсырмасын тоқтату

Егер баспа тапсырмасы орындалып жатқан болса, оны өнімнің басқару тақтасындағы Бас тарту **X** түймешігін басып арқылы тоқтатыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Бас тарту **X** түймешігі басылғанда өнімдегі орындалып жатқан баспа тапсырмасы тоқтайды. Бірнеше әрекет орындалып жатқан болса (мысалы, өнім факсты қабылдау барысында құжатты басып шығарады), Бас тарту **X** түймешігін басып өнімнің басқару панелінде көрсетіліп тұрған әрекетті өшіреді.

Сонымен қатар басып шығару тапсырмасын бағдарламадан немесе басып шығару тапсырмаларының кезегінен де тоқтатуға болады.

Баспа тапсырмасын дереу тоқтату үшін өнімнен қалған баспа құралдарын шығарып алыңыз. Басып шығару тоқтаған соң мына опциялардың бірін пайдаланыңыз:

- **Өнімнің басқару панелі:** Баспа тапсырмасын тоқтату үшін өнімнің басқару панеліндегі Бас тарту **X** түймешігін басып, жіберіңіз.
- **Software program: (Бағдарлама:)** Әдетте компьютер экранында қысқа уақыт ішінде диалог терезесі көрінеді, ол арқылы баспа тапсырмасын тоқтатуға болады.
- **Мас жүйесінде баспа реті:** Доктағы өнім белгішесін екі рет басып арқылы баспа тапсырмаларының кезегін ашыңыз. Баспа тапсырмасын таңдаңыз, содан кейін **Delete** (Жою) түймешігін басыңыз.

Қағаздың өлшемі мен түрін өзгерту (Мас)

1. Бағдарламадағы **Файл** мәзірінен **Баспа** опциясын таңдаңыз.
2. **Көшірмелер және беттер** мәзіріндегі **Қағаз параметрлерін теңшеу** түймешігін басыңыз.
3. **Қағаз өлшемі** ашылмалы тізімінен өлшемді таңдап, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Аяқталуда** мәзірін ашыңыз.
5. **Медиа түрі** ашылмалы тізімінен түрін таңдаңыз.
6. **Баспа** түймесін басыңыз.

Мас амалдық жүйесінде басып шығарудың алдын ала белгіленген параметрлерін жасап, пайдалану

Қайта пайдалану мақсатымен принтер драйверлерінің ағымдағы параметрлерін сақтау үшін, басып шығарудың алдын ала орнатылған мәндерді пайдаланыңыз.


Басып шығарудың алдын ала орнатылған мәндерін жасау

1. **Файл** мәзіріндегі **Баспа** опциясын таңдаңыз.
2. Драйверді таңдаңыз.
3. Қайта пайдалану қажет басып шығару параметрлерін таңдаңыз.

4. **Алдын ала белгіленген параметрлер** мәзірінен ...**түрінде сақтау** опциясын таңдап, алдын ала орнату атауын теріңіз.
5. **ОК** түймесін басыңыз.

Басып шығарудың алдын ала орнатылған мәндерін пайдалану

1. **Файл** мәзіріндегі **Баспа** опциясын таңдаңыз.
2. Драйверді таңдаңыз.
3. **Алдын ала белгіленген параметрлер** мәзірінен басып шығарудың алдын ала белгіленген параметрін таңдаңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Принтер драйверінің стандартты параметрлерін пайдалану үшін **стандартты** опциясын таңдаңыз.

Мас амалдық жүйесінде құжаттардың өлшемін өзгерту немесе арнайы қағаз өлшемінде басып шығару

Мас OS X 10.5 және 10.6	<ol style="list-style-type: none">1. Файл мәзіріндегі Баспа опциясын таңдаңыз.
Мына әдістердің біреуін пайдаланыңыз.	<ol style="list-style-type: none">2. Қағаз параметрлерін теңшеу түймесін басыңыз.3. Өнімді таңдап, Қағаз өлшемі және Бағыт опциялары үшін дұрыс параметрлерді таңдаңыз.
	<ol style="list-style-type: none">1. Файл мәзіріндегі Баспа опциясын таңдаңыз.2. Қағазды Қолдану мәзірін ашыңыз.3. Жіберілетін қағаздың өлшемі аймағында Қағаз өлшеміне сәйкестендіру үшін масштабтау жолағын басып, ашылмалы тізімнен өлшемді таңдаңыз.

Мас амалдық жүйесінде мұқаба бет басып шығару

1. **Файл** мәзіріндегі **Баспа** опциясын таңдаңыз.
2. Драйверді таңдаңыз.
3. **Мұқаба** мәзірін ашып, мұқаба бет басып шығарылатын жерді таңдаңыз. **Құжаттан бұрын** немесе **Құжаттан кейін** түймешігін басыңыз.
4. **Мұқаба түрі** мәзірінен мұқаба бетте басып шығару қажет хабарды таңдаңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Бос мұқаба бетті басып шығару үшін **Мұқаба түрі** мәзірінен **стандартты** опциясын таңдаңыз.

Мас жүйесімен су таңбаларын пайдалану

1. **Файл** мәзіріндегі **Баспа** опциясын таңдаңыз.
2. **Су таңбалары** мәзірін ашыңыз.
3. **Режим** мәзірінде пайдалану қажет су таңба түрін таңдаңыз. Жартылай мөлдір хабарды басып шығару үшін, **Су таңбасы** опциясын таңдаңыз. Мөлдір емес хабарды басып шығару үшін, **Қаптама** опциясын таңдаңыз.

4. **беттер** мәзірінде су таңбаны барлық беттерге не бірінші бетке ғана басып шығаруды таңдаңыз.
5. **Мәтін** мәзірінде стандартты хабарлардың біреуін таңдаңыз немесе **Арнаулы** опциясын таңдап, өрісте жаңа хабарды теріңіз.
6. Қалған параметрлер үшін опцияларды таңдаңыз.

Мас амалдық жүйесінде қағаздың бір парағында бірнеше бетті басып шығару



1. **Файл** мәзіріндегі **Баспа** опциясын таңдаңыз.
2. Драйверді таңдаңыз.
3. **Орналасуы** мәзірін ашыңыз.
4. **Бет/парақ** мәзірінен әр параққа басып шығарылуы қажет бет санын таңдаңыз (1, 2, 4, 6, 9 немесе 16).
5. **Орналасудың бағыты** аймағында парақтағы беттер реті мен орнын таңдаңыз.
6. **Жиектер** мәзірінен әр парақтың айналасында басылатын жиек түрін таңдаңыз.

Мас жүйесінде парақтың екі жағына басып шығару (дуплексті басып шығару)

Автоматты дуплексті басып шығаруды пайдалану

1. Науалардың біріне басып шығару тапсырмасына жететіндей етіп қағаз салыңыз.
2. **Файл** мәзіріндегі **Баспа** опциясын таңдаңыз.
3. **Орналасуы** мәзірін ашыңыз.
4. **Two-Sided («Екі жақты»)** мәзіріндегі біріктіру опциясын таңдаңыз.

Қолмен екі жағына басып шығару

1. Науалардың біріне басып шығару тапсырмасына жететіндей етіп қағаз салыңыз.
2. **Файл** мәзіріндегі **Баспа** опциясын таңдаңыз.
3. **Аяқталуда** мәзірін ашып, **Қолмен дуплекстеу** қойындысын немесе **Қолмен дуплекстеу** мәзірін ашыңыз.
4. **Қолмен дуплекстеу** өрісін басып, біріктіру опциясын таңдаңыз.

5. **Баспа** түймесін басыңыз. Буманың екінші жартысын басып шығаруда 1-науадан шыққан буманы алмастырмас бұрын, компьютер экранына шыққан қалқымалы терезедегі нұсқауларды орындаңыз.
6. Өнімге өтіп, 1-науадағы қандай да бір бос парақтарды алып тастаңыз.
7. Алдымен басып шығарылған буманың төменгі жиегін принтердің 1-науасына кіргізіп, бетін жоғары қаратып салыңыз. Парақтың екінші жағы да 1-науадан басып шығарылу *керек*.
8. Жалғастыру үшін, сұралған кезде, басқару тақтасындағы тиісті түймешікті басыңыз.

Мас жүйесімен қызметтер мәзірін пайдалану

Егер құрал желіге қосылған болса, құрал мен жабдық күйі туралы ақпарат алу үшін, **Services** (Қызметтер) мәзірін пайдаланыңыз.

1. **Файл** мәзіріндегі **Баспа** опциясын таңдаңыз.
2. **Қызметтер** мәзірін ашыңыз.
3. Енгізілген веб-серверді ашу және қызмет тапсырмасын орындау үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:
 - a. **Құрылғыға техникалық қызмет көрсету** жиекбелгісін таңдаңыз.
 - b. Ашылмалы тізімнен тапсырманы таңдаңыз.
 - c. **Бастау**түймесін басыңыз.
4. Осы өнімге арналған әр түрлі Қолдау тораптарына өту үшін төмендегілерді орындаңыз:
 - a. **Интернеттегі қызметтер** жиекбелгісін таңдаңыз.
 - b. Мәзірден бір опцияны таңдаңыз.
 - c. **Бастау!**түймесін басыңыз.

Мас амалдық жүйесінде факс жіберу

Факс драйверіне басып шығару арқылы факс жіберу үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Факспен жібергіңіз келетін құжатты ашыңыз.
2. **File** (Файл) батырмасын басыңыз, сонан соң **Print** (Басып шығару) батырмасын басыңыз.
3. **Printer** («Басып шығарғыш») қалқымалы мәзірінен қолданылатын факстың баспа кезегін таңдаңыз.
4. **Copies** («Көшірмелер») жолағынан, қажет болса, көшірмелер санын реттеңіз.
5. **Paper Size** («Қағаз өлшемі») қалқымалы мәзірінен, қажет болса, қағаз өлшемін реттеңіз.
6. **Fax Information** («Факс ақпараты») аймағына бір немесе одан көп алушының факс нөмірлерін енгізіңіз.



ЕСКЕРІМ: Төру кодын қосу қажет болса, **Dialing Prefix** («Төру коды») жолағына енгізіңіз.

7. **Fax** (Факс) батырмасын басыңыз.


Мас амалдық жүйесінде сканерлеу

Мас амалдық жүйесі орнатылған компьютерге суреттерді сканерлеу үшін HP Scan бағдарламасын пайдаланыңыз.

1. Қағазды сканер әйнегіне немесе құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысына салыңыз.
2. **Applications** («Қолданбалар») қалтасын ашып, **Hewlett-Packard** түймешігін басыңыз. **HP Scan** («HP сканерлеу») параметрін тінтуірдің оң жақ түймешігімен екі рет басыңыз.
3. **HP Scan** («HP сканерлеу») мәзірін ашып, **Preferences** («Басымдықтар») параметрін таңдаңыз. **Scanner** («Сканер») қалқымалы мәзірінде тізімнің ішінен өнімді таңдап, **Continue** («Жалғастыру») түймешігін басыңыз.
4. Бейнелер мен мәтін үшін қабылданатын нәтижелерді беретін, әдепкі орнатылған параметрлерді қолдану үшін **Scan** («Сканерлеу») түймешігін басыңыз.

Суреттер мен мәтін құжаттары үшін оңтайландырылған алдын ала орнатылған параметрлерді қолдану үшін, **Scanning Presets** («Сканерлеудің алдын ала орнатылған параметрлері») қалқымалы мәзірінен алдын ала орнатылған параметрлерді таңдаңыз. Параметрді реттеу үшін **Edit** («Өңдеу») түймешігін басыңыз. Сканерлеуге дайын болсаңыз, **Scan** («Сканерлеу») түймешігін басыңыз.

5. Бірнеше бетті сканерлеу үшін келесі бетті салыңыз және **Scan** («Сканерлеу») түймешігін басыңыз. Ағымдағы тізімге жаңа беттерді қосу үшін **Append to List** («Тізімді толықтыру») түймешігін басыңыз. Барлық беттерді сканерлеп біткенше қайталаңыз.
6. **Save** («Сақтау») түймешігін басып, файл сақталатын компьютердегі қалтаға барыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Енді сканерленген бейнелерді басып шығару үшін **Print** («Басып шығару») түймешігін басыңыз.

5 Өнімді жалғау

- [Қолдау көрсетілетін желілік операциялық жүйелер](#)
- [Принтер ортақтасқан дисклеймері](#)
- [USB арқылы қосу](#)
- [Желіге қосу](#)

Қолдау көрсетілетін желілік операциялық жүйелер

Келесі операциялық жүйелер желілік басып шығаруды қолдайды:

Бағдарламалық құралдың ұсынылған орнатуы

- Windows XP (32 биттік, 2-жаңарту бумасы)
- Windows Vista (32 биттік және 64 биттік)
- Windows 7 (32 биттік және 64 биттік)

Баспа және сканерлеу драйвері

- Windows Server 2003 (32 биттік, 3-жаңарту бумасы)
- Windows Server 2008


Тек принтер драйвері

- Linux (тек Интернет желісі ғана)
- UNIX модельдік сценарийлері (тек Интернет желісі ғана)

Принтер ортақтасқан дисклеймері

HP бір рангтік желіні қолдамайды, өйткені мүмкіндік Microsoft операциялық жүйелердің функциясы және HP принтер драйвері емес. www.microsoft.com Microsoft торабына кіріңіз.

USB арқылы қосу

 **ЕСКЕРІМ:** Өнімнен шығатын USB кабельді компьютерге дереу қоспаңыз, орнату бағдарламасынан сәйкес хабар алынғанша күтіңіз.

1. Өнімнің шағын дискісін (CD) компьютеріңізге салыңыз. Егер орнату бағдарламасы іске қосылмаса, ықшам дискідегі setup.exe файлына барып, оны екі рет басыңыз.
2. Орнату бағдарламасының нұсқауларын орындаңыз.
3. Орнату процесі аяқталған соң компьютерді қайтадан жүктеңіз.

Желіге қосу

Қолданылатын желілік хаттамалар

Желімен жабдықталған өнімді желіге қосу үшін мына протоколдардың біреуін немесе бірнешеуін пайдаланатын желі керек.

- TCP/IP (IPv4 немесе IPv6)
- Port 9100
- LPR
- DHCP
- AutoIP
- SNMP
- Bonjour
- SLP
- WSD
- NBNS
- LLMNR


Өнімді сымды желіде орнату

IP мекенжайын конфигурациялау


Өнімнің IP адресін қолмен орнатуға болады немесе оны DHCP, BootP немесе AutoIP протоколдары арқылы автоматты түрде конфигурациялауға болады.

Қолмен конфигурациялау


IPv4 протоколын ғана қолмен конфигурациялауға болады.

1. Басқару тақтасындағы Орнату  түймешігін басыңыз.
2. **Желіні орнату** параметрін таңдау үшін көрсеткі түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **TCP/IP теңшеу** параметрін таңдау үшін көрсеткі түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Қолмен** параметрін таңдау үшін көрсеткі түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. IP мекенжайын енгізу үшін әріптік-сандық түймелерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
6. Егер IP мекенжайы қате болса, **Жоқ** опциясын таңдау үшін көрсеткі түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз. 5-қадамды дұрыс IP адресін енгізіп қайталаңыз, содан кейін желі бөлігінің маскасы мен стандартты шлюз параметрлері үшін 5-қадамды қайталаңыз.

Автоматты түрде конфигурациялау

1. Басқару тақтасындағы Орнату  түймешігін басыңыз.
2. **Желіні орнату** параметрін таңдау үшін көрсеткі түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **TCP/IP теңшеу** параметрін таңдау үшін көрсеткі түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Автоматты** параметрін таңдау үшін көрсеткі түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.

Автоматты IP адресі пайдалануға дайын болғанша бірнеше минут уақыт өтуі мүмкін.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер сіз белгілі бір IP режимдерін (мысалы, BOOTP, DHCP немесе AutoIP) ажыратқыңыз немесе қосқыңыз келсе, осы параметрлерді енгізілген веб-серверді немесе HP ToolboxFX бағдарламасын пайдаланып қана өзгертуге болады.

Бағдарламалық құралды орнату

1. Компьютердегі барлық бағдарламалардан шығыңыз.
2. Бағдарламалық жасақтаманы ықшам дискіден орнатыңыз.
3. Бейнебетте көрсетілген нұсқауларды орындаңыз.
4. Ұсынылғанда **Сымды желі арқылы қосылу** опциясын таңдап, одан кейін **Келесі** түймесін басыңыз.
5. Бар принтерлер тізімінен IP мекенжайы дұрыс болатын принтерді таңдаңыз.
6. **Аяқтау** түймесін басыңыз.
7. **Қосымша опциялар** экранында қосымша бағдарламалық құрал орнатуға немесе **Аяқтау** түймесін басуға болады.
8. Басып шығаратын бағдарламалық құрал дұрыс орнатылғанын тексеру үшін кез келген бағдарламадан бір бетті басып шығарыңыз.

Желі параметрлерін реттеу

Желі параметрлерін көру немесе өзгерту

Енгізілген веб-серверін IP конфигурациялау параметрлерін көру немесе өзгерту үшін пайдаланыңыз.

1. Конфигурациялау бетін басып шығарып, IP мекенжайын табыңыз.
 - Егер сіз IPv4 пайдаланып отырған болсаңыз, IP адресі тек сандардан тұрады. Ол келесідей қалыпта болады:
`xxx . xxx . xxx . xxx`
 - Егер сіз IPv6, пайдаланып отырған болсаңыз, IP мекенжайы таңбалар мен сандардың оналтылық тіркестерінен тұрады. Оның форматы мынаған ұқсас:


xxxx : :xxxx :xxxx :xxxx :xxxx

2. HP орнатылған веб-серверін ашу үшін веб-браузердің мекенжай жолына IP мекенжайын (IPv4) теріңіз. IPv6 үшін, IPv6 мекенжайларын енгізуге арналған веб-браузермен орнатылған протоколды қолданыңыз.
3. Желі жөніндегі ақпаратты алу үшін **Networking** (Желіге қосылу) жиекбелгісін басыңыз. Сіз параметрлерді қалауыңыз бойынша өзгерте аласыз.

Өнім кілтсөзін орнату немесе өзгерту


Желідегі өнімге кілтсөз орнату немесе оны өзгерту үшін HP компаниясының ендірілген веб-серверін пайдаланыңыз.


1. Веб-браузердің мекенжай жолына өнімнің IP мекенжайын теріңіз. **Желіге қосылу** қойындысын ашып, **Қауіпсіздік** сілтемесін басыңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Егер кілтсөз алдын ала орнатылған болса, сізге кілтсөзді теру ұсынылады. Кілтсөзді енгізіп, **Қолдану** батырмасын басыңыз.

2. **Жаңа кілтсөз** және **Кілтсөзді тексеру** жолдарында жаңа құпия сөзді енгізіңіз.
3. Кілтсөзді сақтау үшін терезенің төменгі жағындағы **Қолдану** батырмасын басыңыз.

Байланыс жылдамдығының параметрі

 **ЕСКЕРІМ:** Байланыс жылдамдығының параметрін дұрыс емес өзгерту өнім мен басқа желілік құрылғылар арасындағы байланысқа жол бермеуі мүмкін. Көп жағдайларда өнім автоматты режимде қалуы тиіс. Өзгертулер енгізілгенде өнім ажыратылып қайта қосылуы мүмкін. Өзгертулер өнім бос тұрған кезде ғана енгізілуі тиіс.

1. Басқару тақтасындағы Орнату  түймешігін басыңыз.
2. **Желіні орнату** параметрін таңдау үшін көрсеткі түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Байланыс жылдамдығы** параметрін таңдау үшін көрсеткі түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. Келесі параметрлердің бірін таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларды пайдаланыңыз.
 - **Автоматты**
 - **10Т бар**
 - **10Т жарты**
 - **100ТХ бар**
 - **100ТХ жарты**

 **ЕСКЕРІМ:** Параметр сіз қосылатын желілік өнімге (желілік хаб, қосқыш, шлюз, маршруттауыш немесе компьютер) сәйкес келуі қажет.

5. **OK** түймешігін басыңыз. Өнім өшіріліп, қайта қосылады.

6 Қағаз және баспа құралдары

- [Қағаз бен баспа құралдарын пайдалану туралы](#)
- [Қағаздың түрі мен өлшеміне сәйкестендіру үшін басып шығару драйверін өзгерту](#)
- [Қолданылатын қағаз өлшемдері](#)
- [Қолдау көрсетілетін қағаз түрлері және науа сыйымдылығы](#)
- [Қағаз науаларын салу](#)
- [Құжат бергішіне қағаз салыңыз](#)
- [Науаларды конфигурациялаңыз](#)

Қағаз бен баспа құралдарын пайдалану туралы

Бұл өнім түрлі қағаз және басқа да баспа құралын осы пайдаланушы нұсқаулығындағы нұсқауларға сай қолдайды. Осы нұсқауларға сай келмейтін қағаз немесе баспа құралы өнімдегі нашар баспа сапасын, кептелістердің көптігін және оның уақытынан бұрын істен шығуын тудырады.

Ең жоғары нәтиже алу үшін, тек қана HP сауда белгісімен шыққан қағазды және лазерлі принтерлерге арналған немесе әмбебап баспа құралдарды пайдаланыңыз. Сиялы принтерлерге арналған қағаз бен баспа құралдарын пайдаланбаңыз. Hewlett-Packard компаниясы басқа компаниялардың баспа құралдарын пайдалануды ұсынбайды, себебі HP олардың сапасын бақылай алмайды.

Кейбір жағдайларда тіпті осы пайдаланушы нұсқаулығында баяндалған талаптарға сай келетін қағазға басып шығарған кезде де, басып шығару сапасының қанағаттанарлықсыз болуы байқалады. Мұндай қиындық арқауды дұрыс қолданбаудың, қолайсыз температура мен ылғалдылық жағдайында пайдаланудың, сондай-ақ Hewlett-Packard компаниясының бақылауы мүмкін емес басқа да мән-жайлардың салдарынан орын алуы мүмкін.

- △ **ЕСКЕРТУ:** HP компаниясы белгілеген талаптарға сай келмейтін арқауды пайдалану басып шығарғыштың зақымдалуына және оны жөндеу қажет болуына әкеліп соғуы мүмкін. Мұндай жөндеуге Hewlett-Packard компаниясының кепілдігі немесе техникалық қызмет көрсету туралы келісімі қолданылмайды.

Қағаз жайында арнайы нұсқаулар


Бұл өнім арнайы баспа құралында басып шығаруды қолдайды. Қанағаттанарлық нәтижелерге қол жеткізу үшін келесі нұсқауларды пайдаланыңыз. Арнайы қағаз немесе баспа құралын пайдаланғанда өте жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін принтер драйверінде қағаз түрі мен өлшемін орнатуды ұмытпаңыз.

- △ **ЕСКЕРТУ:** HP LaserJet өнімдері тонер бөлшектерін қағазға өте нақты нүктелерде қою үшін термобекіткіштерді пайдаланады. HP лазерлі қағазы осы қатты ыстыққа төзімді етіп жасақталған. Сиялы қағазды пайдалану өнімге зақым келтіреді.

Баспа түрі	Жасау	Жасамау
Конверттер	<ul style="list-style-type: none">• Конверттерді жатқызып сақтаңыз.• Тігісі бұрышына дейін баратын конверттерді пайдаланыңыз.• Лазерлі принтерлерге пайдалануға мақұлданған алынбалы жабысқақ таспаларды ғана қолданыңыз.	<ul style="list-style-type: none">• Умаждалған, қиылған, жабысып қалған немесе өзгедей зақымдалған конверттерді пайдаланбаңыз.• Қысқылары, ілмешегі, тесігі немесе астары бар конверттерді пайдаланбаңыз.• Өзі жапсырылатын желімді немесе басқа синтетикалық материалдарды қолданбаңыз.
Жапсырмалар	<ul style="list-style-type: none">• Араларында қорғау астары бар жапсырмаларды пайдаланбаңыз.• Тегіс орналасқан жапсырмаларды пайдаланыңыз.• Затбелгілердің тек толық парағын ғана пайдаланыңыз.	<ul style="list-style-type: none">• Умаждалған немесе көпіршікті немесе зақымдалған затбелгілерді пайдаланбаңыз.• Жапсырмалардың жарты бетін басып шығармаңыз.


Баспа түрі	Жасау	Жасамау
Мөлдірліктер	<ul style="list-style-type: none"> • Түрлі түсті лазерлі принтерлерге пайдалануға мақұлданған мөлдір үлдірлерді ғана қолданыңыз. • Диапозитивтерді құрылғыдан алғаннан кейін тегіс бетке орналастырыңыз. 	<ul style="list-style-type: none"> • Лазерлі принтерлерге пайдалануға мақұлданбаған мөлдір баспа құралын қолданбаңыз.
Бланктер немесе алдын ала басылған қалыптар	<ul style="list-style-type: none"> • Лазерлі принтерлерге пайдалануға мақұлданған бланктер мен қалыптарды ғана қолданыңыз. 	<ul style="list-style-type: none"> • Бедерлі бланктерді және бұдыр кескіңдері бар бланктерді пайдаланбаңыз.
Ауыр қағаз	<ul style="list-style-type: none"> • Тек лазерлік басып шығарғыштарда пайдалануға рұқсат етілген және салмағы бойынша осы құрылғы талаптарына сай келетін қалың қағазды пайдаланыңыз. 	<ul style="list-style-type: none"> • Егер осы құрылғыға арналған ұсынымдарда көрсетілгеннен қалыңырақ қағазды HP компаниясы осы құрылғы үшін пайдалануға рұқсат бермесе, ондай қағазды пайдаланбаңыз.
Жылтыр қағаз немесе жабыны бар қағаз	<ul style="list-style-type: none"> • Тек лазерлік басып шығарғыштарға арналған жылтыр қағаз бен жабыны бар қағазды пайдаланыңыз. 	<ul style="list-style-type: none"> • Сиялы басып шығарғыштарға арналған жылтыр қағаз бен жабыны бар қағазды пайдаланбаңыз.

Қағаздың түрі мен өлшеміне сәйкестендіру үшін басып шығару драйверін өзгерту

 **ЕСКЕРІМ:** Бағдарламада беттің параметрлерін өзгертсеңіз, бұл параметрлер принтер драйверіндегі барлық параметрлерді ауыстырады.

1. Бағдарламадағы **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) командасын басыңыз.
2. Өнімді таңдап, **Сипаттар** немесе **Ерекшеліктер** түймешігін басыңыз.
3. **Қағаз/сапа** жиекбелгісін басыңыз.
4. **Қағаз өлшемі** ашылмалы тізімінен өлшемін таңдаңыз.
5. **Paper type (Қағаз түрі)** ашылмалы тізімінен қағаздың түрін таңдаңыз.
6. **ОК** түймесін басыңыз.

Қолданылатын қағаз өлшемдері

 **ЕСКЕРІМ:** Жоғары сапалы баспа нәтижесін алу үшін басып шығарудың алдында баспа драйверінде сәйкес қағаз өлшемін және түрін таңдаңыз.

Принтер драйвері автоматты дуплекстеуге тек белгілі баспа құралдар өлшемдерін қолдайды. Принтер драйверінде жоқ баспа құралдарының өлшемі үшін қолмен дуплекстеуді пайдаланыңыз.

Кесте 6-1 Қолдаулы қағаз және баспа мөлшерлері

Өлшем	Өлшемдер	1-науа	Бірінші кезекті кіріс уясы
Хат	216 x 279 мм	✓	✓
Стандарт	216 x 356 мм	✓	✓
A4	210 x 297 мм	✓	✓
Executive	184 x 267 мм	✓	✓
8,5 x 13	216 x 330 мм	✓	✓
A5	148 x 210 мм	✓	✓
A6	105 x 148 мм	✓	✓
B5 (JIS)	182 x 257 мм	✓	✓
16k	184 x 260 мм		
	195 x 270 мм	✓	✓
	197 x 273 мм		
Таңдамалы	Ең аз: 76 x 127 мм	✓	✓
	Ең көп: 216 x 356 мм		

Кесте 6-2 Қолдаулы конверттер мен ашық хаттар

Өлшем	Өлшемдер	1-науа	Бірінші кезекті кіріс уясы
Конверт #10	105 x 241 мм	✓	✓
Конверт DL	110 x 220 мм	✓	✓
Конверт C5	162 x 229 мм	✓	✓
Конверт B5	176 x 250 мм	✓	✓
Конверт Monarch	98 x 191 мм	✓	✓

Кесте 6-2 Қолдаулы конверттер мен ашық хаттар (жалғасы)

Өлшем	Өлшемдер	1-науа	Бірінші кезекті кіріс ұясы
Жапондық ашықхат	100 x 148 мм	✓	✓
Жапондық айналдырылған қос ашықхат	148 x 200 мм	✓	✓

Қолдау көрсетілетін қағаз түрлері және науа сыйымдылығы

Осы өніммен қолданатын арнайы HP атаулы қағаздың толық тізімін көру үшін www.hp.com/support/ljm1530series өтіңіз.

Қағаз түрлері (принтер драйвері)	1-науа	Бірінші кезекті кіріс ұясы
Тегіс	✓	✓
Қайта пайдаланылатын	✓	✓
Жұқа	✓	✓
Ашық	✓	✓
Орта салмақты	✓	✓
Тығыз	✓	✓
Өте тығыз	✓	✓
Фирмалық бланк	✓	✓
Алдын ала басылған	✓	✓
Мөрленген	✓	✓
Түсі	✓	✓
Құнды қағаз	✓	✓
Бұдыр	✓	✓
Хатқалта	✓	✓
Жапсырмалар	✓	✓
Қатты қағаз	✓	✓
Мөлдір қағаз	✓	✓
Ашықхаттар	✓	✓


Науа немесе қалта	Қағаз түрі	Ерекшеліктер	Саны
1-науа	Қағаз	Ауқымы: 60 г/м ² бумасынан 163 г/м ² бумаға дейін	75 г/м ² бумасының 250 парағы
	Конверттер	60 г/м ² бумасынан аз, 90 г/м ² бумаға дейін	10 конвертке дейін
	Диапозитивтер	Ең аз 0,13 мм қалың	125 мөлдір қағазға дейін
Бірінші кезекті кіріс ұясы	Қағаз	Ауқымы: 60 г/м ² бумасынан 163 г/м ² бумаға дейін	75 г/м ² бумасының 10 парағына тең
	Диапозитивтер	Ең аз 0,13 мм қалың	Дестенің ең үлкен биіктігі: 1 мм
Шығыс науасы	Қағаз	Ауқымы: 60 г/м ² бумасынан 163 г/м ² бумаға дейін	75 г/м ² бумасының 125 парағына дейін
	Мөлдір қағаздар	Ең аз 0,13 мм қалың	75 мөлдір қағазға дейін
	Хатқалталар	60 г/м ² бумасынан аз, 90 г/м ² бумаға дейін	10 хатқалтаға дейін

Науаларды толтыру барысындағы қағаз бағдары

Лазерлі принтерлерге арналған қағазды ғана пайдаланыңыз.

Егер арнайы бағдарды қажет ететін қағазды пайдалансаңыз, оны келесі кестедегі ақпаратқа сәйкес салыңыз.

Қағаз түрі	Қағаз салу тәсілі
Алдын ала басып шығарылған қағаз не бланк	<ul style="list-style-type: none"> • Бетін жоғары қаратып • Жоғарғы жиегін өнімге бірінші кіргізіп
Алдын ала тесілген	<ul style="list-style-type: none"> • Бетін жоғары қаратып • Тесіктерді өнімнің сол жағына қаратып
Хатқалта	<ul style="list-style-type: none"> • Бетін жоғары қаратып • Сол жақ қысқа жиегін өнімге бірінші кіргізіп


 **ЕСКЕРІМ:** Бір конвертті немесе өзге арнайы баспа құралын басып шығару үшін негізгі кіріс науасын пайдаланыңыз. Бірнеше конвертті немесе өзге арнайы баспа құралын басып шығару үшін 1-ші науаны пайдаланыңыз.

Қағаз науаларын салу


Негізгі кіріс науасына қағаз салу

Негізгі кіріс науасына он парақ, бір конверт, бір мөлдір парақ, бір жапсырма қағазы немесе бір карточкалық қағаз сыяды.

1. Қағазды жоғарғы жағын алдына, басылатын жағын жоғары қаратып салыңыз.




2. Кептелу және қисық басылудың алдын алу үшін қағазды салмас бұрын бүйір реттеуіштерді әрдайым дұрыстап отырыңыз.



1-науаға салу


1-ші науаға 60-90 г/м² бумасының 250 парағы сыяды.

-  **ЕСКЕРІМ:** Жаңа қағаз қосқанда кіріс науасынан бүкіл қағазды алып тастаңыз және жаңа қағаз дестесін түзеңіз. Қағазды желпімеу керек. Бұл өнімге бір уақытта бірнеше парақтардың берілуіне жол бермей кептемелерді азайтады.


1. Қағаздың бетін кіріс науасына жоғары қаратып, ал жоғарғы жағын салыңыз.




2. Бағыттағыштарды қағазды қысып тұратындай етіп теңшеңіз.




Құжат бергішіне қағаз салыңыз

 **ЕСКЕРІМ:** Жаңа қағаз қосқанда кіріс науасынан бүкіл қағазды алып тастаңыз және жаңа қағаз дестесін түзеңіз. Баспа құралдарын желдетпеңіз. Бұл өнімге бір уақытта бірнеше парақтардың берілуіне жол бермей кептемелерді азайтады.


 **ЕСКЕРТУ:** өнімнің зақымдалуын болдырмау үшін түзету таспалары, түзету сұйықтығы, қағаз қыстырғыштары немесе қапсырмалары бар құжаттарды пайдаланбаңыз. Оған қоса, құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысына фотосуреттерді, шағын түпнұсқаларды немесе сынуға бейім түпнұсқаларды салмаңыз.

Құжат беру құрылғысына 60-90 г/м² бумасының 35 парағы сыяды.

1. Құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысына түпнұсқалардың бетін жоғары қаратып салыңыз.



2. Бағыттағыштарды қағазды қысып тұратындай етіп реттеңіз.



Науаларды конфигурациялаңыз

Әдепкі параметр бойынша, өнім қағазды негізгі кіріс науасынан алады. Егер негізгі кіріс науасы бос болса, өнім қағазды 1-науадан алады. Осы өнімнің 1-науасын реттеу қолданыстағы қағаз түріне ең сапалы баспа жасау үшін жылу мен жылдамдық параметрлерін өзгертеді. Өнімдегі барлық немесе көптеп басып шығару тапсырмалары үшін арнайы қағаз пайдаланылады, өнімдегі осы стандартты параметрді өзгертіңіз.

Келесі кестеде науа параметрлерін басып шығару қажеттіліктері үшін пайдаланудың мүмкін жолдарының тізімі көрсетілген.

Қағаз пайдалану	Өнімді конфигурациялау	Баспа
Екі науаға да бірдей қағаз салыңыз, науаның біреуі бос болса, қағазды басқасынан алады.	<ul style="list-style-type: none">Негізгі кіріс науасына немесе 1-науаға қағаз салыңыз. Түр мен өлшемнің стандартты параметрлері өзгертілмеген болса, конфигурация қажет емес.	Бағдарламадан тапсырманы басып шығарыңыз.
Арасында жай қағаз салатын науада қатты қағаз немесе фирмалық бланк сияқты арнайы қағазды пайдаланыңыз.	<ul style="list-style-type: none">Арнайы қағазды 1-науаға салыңыз.	Баспа тапсырмасын жібермес бұрын бағдарламалық құралдың баспа тілқатысу терезесінде науаға салынған арнайы қағазға сай қағаз түрін таңдап, қағаз көзі ретінде 1-науаны таңдаңыз. Негізгі кіріс науасында қағаздың жоқтығын тексеріңіз.
Бір науада қатты қағаз немесе фирмалық бланк сияқты арнайы қағазды жиі пайдаланыңыз.	<ul style="list-style-type: none">1-науаға арнайы қағазды салып, науаны осы қағаз түріне конфигурациялаңыз.	Баспа тапсырмасын жібермес бұрын бағдарламалық құралдың баспа тілқатысу терезесінде науаға салынған арнайы қағазға сай қағаз түрін таңдап, қағаз көзі ретінде 1-науаны таңдаңыз. Негізгі кіріс науасында қағаздың жоқтығын тексеріңіз.

Науаны реттеу

1. Өнімнің қосылғанына көз жеткізіңіз.
2. Төмендегі әрекеттердің біреуін орындаңыз:
 - **Басқару тақтасы: Жүйені орнату** мәзірінен **Paper setup (Қағаз орнату)** мәзірін таңдаңыз. Конфигурацияланатын өнімді таңдаңыз.
 - **Ішіне орнатылған веб-сервер: Параметрлер** қойындысын басып, сол жақ панельде **Paper Handling (Қағазды беру және салу құралдары)** параметрін таңдаңыз.
3. Қалаған науа параметрін өзгертіп, **OK** түймешігін басыңыз немесе **Қолдану** түймешігін түртіңіз.


7 Баспа тапсырмалары

Бұл бөлімде жалпы баспа тапсырмалары туралы мәліметтер беріледі.

- [Басып шығару тапсырмасын тоқтату](#)
- [Windows жүйесіндегі негізгі басып шығару тапсырмалары](#)
- [Windows жүйесіндегі қосымша басып шығару тапсырмалары](#)

Басып шығару тапсырмасын тоқтату

Егер баспа тапсырмасы орындалып жатқан болса, оны өнімнің басқару тақтасындағы Бас тарту **X** түймешігін басып арқылы тоқтатыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Бас тарту **X** түймешігі басылғанда өнімдегі орындалып жатқан баспа тапсырмасы тоқтайды. Бірнеше әрекет орындалып жатқан болса (мысалы, өнім факсты қабылдау барысында құжатты басып шығарады), Бас тарту **X** түймешігін басып өнімнің басқару панелінде көрсетіліп тұрған әрекетті өшіреді.

Сонымен қатар басып шығару тапсырмасын бағдарламадан немесе басып шығару тапсырмаларының кезегінен де тоқтатуға болады.

Баспа тапсырмасын дереу тоқтату үшін өнімнен қалған баспа құралдарын шығарып алыңыз. Басып шығару тоқтаған соң мына опциялардың бірін пайдаланыңыз:


- **Өнімнің басқару панелі:** Баспа тапсырмасын тоқтату үшін өнімнің басқару панеліндегі Бас тарту **X** түймешігін басып, жіберіңіз.
- **Software program: (Бағдарлама:)** Әдетте компьютер экранында қысқа уақыт ішінде диалог терезесі көрінеді, ол арқылы баспа тапсырмасын тоқтатуға болады.
- **Windows print queue: (Windows баспа тапсырмаларының кезегі:)** Егер баспа тапсырмасы кезекте тұрған болса (компьютер жадында) немесе баспа спулерінде болса, тапсырманы сонда жойыңыз.
 - **Windows XP: Start** (Бастау), **Settings** (Параметрлер) және **Printers and Faxes** (Принтерлер және факстар) опцияларын таңдаңыз. Терезені ашу үшін өнім белгішесін екі рет басыңыз, тоқтатқыңыз келетін баспа тапсырмасын тінтуірдің оң жақ батырмасымен басыңыз, содан кейін **Cancel** (Тоқтату) опциясын таңдаңыз.
 - **Windows Vista: Start** (Бастау), **Control Panel** (Басқару панелі) опцияларын таңдаңыз, содан кейін **Hardware and Sound** (Аппараттық құралдар және дыбыс) опциясының астындағы **Printer** (Принтер) батырмасын басыңыз. Терезені ашу үшін өнім белгішесін екі рет басыңыз, тоқтатқыңыз келетін баспа тапсырмасын тінтуірдің оң жақ батырмасымен басыңыз, содан кейін **Cancel** (Тоқтату) опциясын таңдаңыз.
 - **Windows 7: Start** (Бастау) түймешігін басып, **Devices and Printers** (Құрылғылар мен драйверлер) тармағын таңдаңыз. Терезені ашу үшін өнім белгішесін екі рет басыңыз, тоқтатқыңыз келетін баспа тапсырмасын тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз, содан кейін **Cancel** (Тоқтату) опциясын таңдаңыз.

Windows жүйесіндегі негізгі басып шығару тапсырмалары


Бағдарламаларда басып шығару тілқатысу терезесін ашу әдістері әр түрлі болуы мүмкін. Төмендегі іс рәсімдерге әдеттегі әдіс кіреді. Кейбір бағдарламалық құралдарда **File** (Файл) мәзірі жоқ. Басып шығару тілқатысу терезесін ашу жолын үйрену үшін, бағдарламалық құралдың құжаттамасын қараңыз.

Windows амалдық жүйесінде принтер драйверін ашу

1. Бағдарламадағы **Файл** мәзірінен **Басып шығару** командасын таңдаңыз.




2. Өнімді таңдап, **Сипаттар** немесе **Ерекшеліктер** түймешігін басыңыз.



Windows амалдық жүйесінде басып шығару параметріне қатысты анықтама алу

1. Онлайн анықтамалық қызметін ашу үшін **Анықтамалық** түймешігін басыңыз.





Windows жүйесімен баспа көшірмелерінің санын өзгерту

1. Бағдарламадағы **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) командасын басыңыз.
2. Өнімді, одан кейін көшірмелердің санын таңдаңыз.


Windows жүйесімен қайта пайдалануға арнайы баспа параметрлерін сақтау

Windows жүйесінде басып шығару сілтемесін пайдалану

1. Бағдарламадағы **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) командасын басыңыз.
2. Өнімді таңдап, **Сипаттар** немесе **Ерекшеліктер** түймешігін басыңыз.




3. Басып шығару сілтемелері жиекбелгісін басыңыз.




4. Сілтемелердің біреуін таңдап, ОК түймешігін басыңыз.

ЕСКЕРІМ: Енді таңдағанда, принтер драйверінің басқа жиекбелгілеріндегі сәйкес параметрлер өзгереді.




Басып шығару сілтемелерін жасау


1. Бағдарламадағы **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) командасын басыңыз.



2. Өнімді таңдап, **Сипаттар** немесе **Ерекшеліктер** түймешігін басыңыз.




3. **Басып шығару сілтемелері** жиекбелгісін басыңыз.




4. Негіз ретінде бар сілтемелерді таңдаңыз.

ЕСКЕРІМ: Экранның оң жағындағы параметрлердің кез келгенін реттеудің алдында әрдайым сілтемені таңдаңыз. Егер параметрлерді реттесеңіз, одан кейін сілтемені таңдасаңыз немесе егер басқа сілтемені таңдасаңыз, барлық реттеулер жоғалады.




5. Жаңа сілтеме үшін басып шығару опциясын таңдаңыз.


ЕСКЕРІМ: Принтер драйверіндегі осы жиекбелгіде немесе кез келген басқа жиекбелгіде басып шығару параметрлерін таңдауға болады. Басқа жиекбелгілерде опцияларды таңдағаннан кейін, келесі қадамды орындаудың алдында **Басып шығару сілтемелері** жиекбелгісіне оралыңыз.



6. Басқаша сақтау түймесін басыңыз.



7. Сілтеменің атын теріп, **OK** түймешігін басыңыз.



Windows жүйесімен баспа сапасын жақсарту

Windows жүйесінде беттің өлшемін таңдау

1. Бағдарламадағы **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) командасын басыңыз.
2. Өнімді таңдап, **Сипаттар** немесе **Ерекшеліктер** түймешігін басыңыз.

3. **Қағаз/сапа** жиекбелгісін басыңыз.
4. **Қағаз өлшемі** ашылмалы тізімінен өлшемін таңдаңыз.

Windows жүйесінде арнаулы қағаз өлшемін таңдау

1. Бағдарламадағы **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) командасын басыңыз.
2. Өнімді таңдап, **Сипаттар** немесе **Ерекшеліктер** түймешігін басыңыз.
3. **Қағаз/сапа** жиекбелгісін басыңыз.
4. **Бейімделген** түймесін басыңыз.
5. Арнаулы өлшемнің атын теріп, өлшемдерін көрсетіңіз.
 - Ені - қағаздың қысқа жиегі.
 - Ұзындығы - қағаздың ұзын жиегі.



ЕСКЕРІМ: Науаларға әрқашан қағазды бірінші қысқа жиегімен жүктеңіз.

6. **OK** түймешігін басып, одан кейін **OK** жиекбелгісінде **Қағаз/сапа** түймешігін басыңыз. Принтер драйверін келесі ашқанда қағаз өлшемдерінің тізімінде арнаулы бет өлшемі пайда болады.

Windows жүйесінде қағаз түрін таңдау

1. Бағдарламадағы **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) командасын басыңыз.
2. Өнімді таңдап, **Сипаттар** немесе **Ерекшеліктер** түймешігін басыңыз.
3. **Қағаз/сапа** жиекбелгісін басыңыз.
4. **Paper type (Қағаз түрі)** ашылмалы тізіміндегі **Қосымша...** опциясын таңдаңыз.
5. **Түрі** опциялардың тізімін кеңейтіңіз.
6. Қағазыңызды жақсы сипаттайтын қағаз түрлерінің санатын кеңейтіп, пайдаланылатын қағаз түрін таңдаңыз.

Windows жүйесінде қағаз түрін таңдау

1. Бағдарламадағы **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) командасын басыңыз.
2. Өнімді таңдап, **Сипаттар** немесе **Ерекшеліктер** түймешігін басыңыз.
3. **Қағаз/сапа** жиекбелгісін басыңыз.
4. **Қағаз көзі** ашылмалы тізімінен науаны таңдаңыз.

Windows жүйесімен екі жағына басып шығару (дуплекс)

Өнім автоматты түрде екі жақты басып шығару үшін келесі қағаз түрлерін қолдайды:

- Тегіс
- Жеңіл

- Бланк
- Алдын ала басылған
- Түсті
- Жоғары сортты
- Бұдырлы


Өнім автоматты түрде екі жақты басып шығару үшін келесі қағаз түрлерін қолдайды:

- Хат
- Стандарт
- А4
- 216 x 330 мм


Автоматты түрде екі жақты басып шығаруды қолдайтын қағаз түрлеріне жатпайтын қағазға қолмен екі жақты басып шығаруға болады.

Windows амалдық жүйесінде парақтың екі жағына автоматты түрде басып шығару


1. Бағдарламадағы **File** («Файл») мәзірінен **Print** («Басып шығару») пәрменін таңдаңыз.




2. Өнімді таңдап, **Сипаттар** немесе **Ерекшеліктер** түймешігін басыңыз.



3. Бітіру жиекбелгісін басыңыз.




4. Екі жағына басып шығару параметрі жанына құсбелгі қойыңыз. Тапсырманы басып шығару үшін **OK** түймешігін басыңыз.




Windows амалдық жүйесінде қағаздың екі жағына қолмен басып шығару


1. Бағдарламадағы **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) командасын басыңыз.




2. Өнімді таңдап, **Сипаттар** немесе **Ерекшеліктер** түймешігін басыңыз.



3. **Бітіру** жиекбелгісін басыңыз.




4. **Екі жағына басып шығару (қолмен)** параметрі жанына құсбелгі қойыңыз. Тапсырманың бірінші жағын басып шығару үшін **ОК** түймешігін басыңыз.



- Экран нұсқаулары ұсынғанда басылған қағаз бумасын шығыс қалтасынан шығарыңыз да, басып шығару бағытын сақтай отырып, 1-ші науаға салыңыз.




- Тапсырманың екінші жағын басып шығару үшін басқару панеліндегі **OK** түймешігін басыңыз.




Windows жүйесінде әр параққа бірнеше бетті басып шығару


- Бағдарламадағы **Файл** мәзірінен **Басып шығару** командасын таңдаңыз.




- Өнімді таңдап, **Сипаттар** немесе **Ерекшеліктер** түймешігін басыңыз.




3. Бітіру жиекбелгісін басыңыз.



4. Әр параққа беттер санын **Бет/парақ** ашылмалы тізімінен таңдаңыз.




5. Дұрыс болатын **Басылатын беттің жиектері, Беттердің кезегі және Бағыт** опцияларын таңдаңыз.




Беттің бағытын Windows жүйесімен таңдау


1. Бағдарламадағы **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) командасын басыңыз.



2. Өнімді таңдап, **Сипаттар** немесе **Ерекшеліктер** түймешігін басыңыз.




3. Бітіру жиекбелгісін басыңыз.



4. Бағыт аймағында Кітаптық немесе Альбомдық опциясын таңдаңыз.


Беттегі суреттің жоғарғы жағын төмен қаратып басып шығару үшін **180 градусқа бұру** опциясын таңдаңыз.




Windows жүйесіндегі қосымша басып шығару тапсырмалары

Windows амалдық жүйесінде алдын ала басылып шыққан бланкінің немесе пішіннің үстіне басып шығару


1. Бағдарламадағы **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) командасын басыңыз.




2. Өнімді таңдап, **Сипаттар** немесе **Ерекшеліктер** түймешігін басыңыз.




3. **Қағаз/сапа** жиекбелгісін басыңыз.




4. Paper type (Қағаз түрі) ашылмалы тізіміндегі Қосымша... опциясын таңдаңыз.




5. Түрі опцияларының тізімін жайыңыз.



6. **Басқа** опцияларының тізімін жайыңыз.




7. Қолданыстағы қағаз түрі үшін опцияны таңдап, **OK** түймешігін басыңыз.




Арнайы қағазға, жапсырмаларға немесе мөлдір үлдірлерге басып шығару


1. Бағдарламадағы **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) командасын басыңыз.




2. Өнімді таңдап, **Сипаттар** немесе **Ерекшеліктер** түймешігін басыңыз.




3. **Қағаз/сапа** жиекбелгісін басыңыз.



4. **Paper type (Қағаз түрі)** ашылмалы тізіміндегі **Қосымша...** опциясын таңдаңыз.




5. **Түрі** опцияларының тізімін шығарып алыңыз.




6. Қағазды ең жақсы сипаттайтын қағаз түрлерінің санатын шығарып алыңыз.

ЕСКЕРІМ: Жапсырмалар мен мөлдір үлдірлер **Other** (Басқа) опцияларының тізімінде орналасқан.




7. Қолданыстағы қағаз түріне арналған опцияны таңдап, **OK** түймешігін басыңыз.




Бірінші немесе соңғы бетті басқа қағазға Windows жүйесімен басып шығару


1. Бағдарламадағы **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) командасын басыңыз.




2. Өнімді таңдап, **Сипаттар** немесе **Ерекшеліктер** түймешігін басыңыз.




3. **Қағаз/сапа** жиекбелгісін басыңыз.




4. **Арнайы беттер** аймағында **Беттерді әртүрлі қағазға басып шығау** опциясын таңдап, одан кейін **Параметрлер** түймешігін басыңыз.




5. Құжаттағы беттер аймағында Бірінші немесе Соңғы опциясын таңдаңыз.




6. Қағаз көзі және Paper type (Қағаз түрі) ашылмалы тізімдерінде дұрыс опцияларды таңдаңыз. Қосу түймесін басыңыз.



- Егер бірінші және соңғы парақтың екеуін де басқа қағазда басып шығарсаңыз, басқа бетке опцияларды таңдағанда 5 пен 6 қадамдарын қайталаңыз.




- OK түймесін басыңыз.




Бет өлшеміне сәйкестендіру үшін құжатты масштабтау


- Бағдарламадағы **Файл** мәзірінен **Басып шығару** командасын таңдаңыз.




2. Өнімді таңдап, **Сипаттар** немесе **Ерекшеліктер** түймешігін басыңыз.



3. **Өсерлер** жиекбелгісін басыңыз.



4. **Print Document On (Құжатты Басып Шығару)** опциясын таңдап, ашылмалы тізімнен өлшемді таңдаңыз.



Сутаңбаны құжатқа Windows жүйесімен қосу

1. Бағдарламадағы **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) командасын басыңыз.
2. Өнімді таңдап, **Сипаттар** немесе **Ерекшеліктер** түймешігін басыңыз.
3. **Өсерлер** жиекбелгісін басыңыз.


4. **Су белгілері** ашылмалы тізімінен субелгіні таңдаңыз.

немесе тізімге су таңба қосу үшін, **Өңдеу** түймешігін басыңыз. Су таңбасының параметрлерін орнатып, одан кейін **OK** түймешігін басыңыз.


5. Су таңбаны бірінші бетке ғана басып шығару үшін, **Тек бірінші бет** параметрі жанына құсбелгі қойыңыз. Әйтпесе, су таңба әр бетке басылып шығады.

Windows жүйесінде кітапша жасау


1. Бағдарламадағы **File** («Файл») мәзірінен **Print** («Басып шығару») пәрменін таңдаңыз.




2. Өнімді таңдап, **Сипаттар** немесе **Ерекшеліктер** түймешігін басыңыз.




3. **Бітіру** жиекбелгісін басыңыз.



4. **Екі жағына басып шығару** параметрі жанына құсбелгі қойыңыз.



5. **Кітапшаны басып шығару** ашылмалы тізімінде **Сол жағынан бүктеу** немесе **Оң жағынан бүктеу** опциясын таңдаңыз. **Бет/парақ** автоматты түрде **Бір парақта 2 бет** опциясына өзгереді.



8 Көшіру


- [Көшірме функцияларын пайдалану](#)
- [Көшіру параметрлері](#)
- [Фотосуреттерді көшіру](#)
- [Түрлі өлшемді түпнұсқаларды көшіру](#)
- [Екі жағына басып шығару \(дуплекс\)](#)

Көшірме функцияларын пайдалану


Бір рет басу арқылы көшіру

1. Құжатты сканер әйнегіне салыңыз.




2. Көшірмені бастау үшін **Start Copy** («Көшіруді бастау»)  түймешігін басыңыз.
3. Процесті әрбір көшірме үшін қайталаңыз.

Бірнеше көшірме

1. Қағазды сканер әйнегіне немесе құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысына салыңыз.
2. Көшірмелер санын енгізу үшін пернетақтаны пайдаланыңыз.
3. Көшірмені бастау үшін **Start Copy** («Көшіруді бастау»)  түймешігін басыңыз.

Бірнеше беттен тұратын түпнұсқаны көшіру

1. Түпнұсқаны құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысына салыңыз.




2. Көшірмені бастау үшін **Start Copy** («Көшіруді бастау»)  түймешігін басыңыз.


Куәліктерді көшіру


Куәліктердің немесе басқа шағын өлшемді құжаттардың екі жағын қағаздың бір бетіне көшіру үшін **Куәлік көшірмесі** мүмкіндігін пайдаланыңыз. Өнім бірінші бетті көшіріп, екінші бетін сканер шынысының басқа жеріне қойып, қайта сканерлеуді ұсынады. Өнім екі бейнені бір параққа бір уақытта басып шығарады.

1. Құжатты сканер әйнегіне салыңыз.





2. **Copy Menu** («Көшірме мәзірі»)  түймесін басыңыз.



3. **Қуәлік көшірмесі** параметрін таңдау үшін көрсеткі түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. Басқару панелінің дисплейінде нұсқау көрсетілгенде құжатты аударып, сканер әйнегінің басқа бөлігіне қойыңыз да, **OK** түймешігін басыңыз.
5. Басқару панелінің дисплейінде нұсқау берілгенде **Start Copy** («Көшіруді бастау»)  түймешігін басыңыз.

Көшіру тапсырмасынан бас тарту


1. Өнімнің басқару тақтасындағы Бас тарту  түймешігін басыңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Бірнеше үрдіс қосылған жағдайда, Бас тарту  түймешігін басу ағымдағы және күтудегі үрдістерді жояды.


2. Құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысынан қалған беттерді алып тастаңыз.
3. Құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысының қағаз жолынан қалған беттерді шығару үшін **OK** түймешігін басыңыз.



Көшірмедегі бейнені үлкейту немесе кішірейту

1. Қағазды сканердің шынысы немесе құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысына салыңыз.





2. **Reduce/Enlarge** («Кішірейту/үлғайту»)  түймешігін табыңыз.



3. Дұрыс өлшемді көрсету үшін **Reduce/Enlarge** («Кішірейту/ұлғайту»)  түймешігін бірнеше рет басып, **OK** түймешігін нұқыңыз.
4. Көшірмені бастау үшін **Start Copy** («Көшіруді бастау»)  түймешігін басыңыз.

Көшіру тапсырмасын салыстыру

1. **Copy Menu** («Көшірме мәзірі»)  түймешігін басыңыз.



2. **Салыстыру** параметрін таңдау үшін көрсеткі түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Қосу** опциясын таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.


Көшіру параметрлері


Көшірме сапасын өзгерту

Көшірме сапасын түпнұсқа құжатына сәйкес реттеңіз

Келесі көшірме сапасының параметрлері қолданылады:

- **Авто:** көшірменің сапасы маңызды болмаған кезде осы параметрді пайдаланыңыз. Бұл стандартты параметр болып табылады.
- **Аралас:** бұл параметрді мәтіні мен графикасы аралас болатын құжаттар үшін пайдаланыңыз.
- **Сурет:** бұл параметрді фотосуретке жатпайтын графиканы көшірген уақытта пайдаланыңыз.
- **Film Photo («Үлдір фотосурет»):** бұл параметрді фотосуреттерді көшірген уақытта пайдаланыңыз.
- **Мәтін:** мәтіні көп болатын құжаттар үшін осы параметрді пайдаланыңыз.

1. **Copy Menu («Көшірме мәзірі»)**  түймешігін басыңыз.





2. **Optimize (Оптимизациялау)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. Көшірме сапасының параметрін таңдау үшін көрсеткі түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.

ЕСКЕРІМ: Параметр екі минуттан кейін стандартты мәнге оралады.

Көшірме жобасы параметрлерін орнату

Өнімді көшірмелерді жоба режимінде басқаруға баптау үшін басқару панелін пайдаланыңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Бұл параметр көшірме сапасына ғана әсер етеді. Баспа сапасына әсер етілмейді.

1. Өнімнің басқару тақтасындағы **Copy Menu («Көшірме мәзірі»)**  түймешігін басыңыз.
2. **Draft Mode («Төмен сапалы режим»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. Көрсеткі түймешіктерді **Қосу** немесе **Ажырату** опцияларын таңдау үшін пайдаланыңыз.
4. Таңдауды сақтау үшін **OK** түймешігін басыңыз.

Сканер әйнегіндегі кір мен дақтардың болмауын тексеру


Уақыт өте сканер әйнегі мен ақ пластмасса тірегінде дақтар жинақталып, жұмысына әсер етуі мүмкін. Сканер әйнегі мен ақ пластмасса тірегін тазалау үшін мына процедураны орындаңыз.

1. Өнімді өшіру үшін ажыратқышты пайдаланып, одан кейін қорек сымын электр розеткасынан ажыратыңыз.



2. Сканердің қақпағын ашыңыз.
3. Сканер әйнегі мен ақ пластмасса тірегін тазартқыш сұйықтыққа батырылған жұмсақ шүберекпен немесе ысқышпен сүртіңіз.


ЕСКЕРТУ: Өнімнің кез келген бөлігін тазалау барысында тырнаушы затарды, ацетонды, бензинді, аммиакты көміртек тетрахлоридін пайдаланбаңыз; олар өнімді зақымдауы мүмкін. Сұйықтықтарды тікелей шыныға немесе үстелге қоймаңыз. Олар астына төгіліп, өнімді зақымдауы мүмкін.



4. Дақ түсірмес үшін шыныны немесе ақ пластмасса тіректі былғары немесе целлюлоза ысқышымен құрғатыңыз.
5. Өнімді розеткаға жалғап, өнімді қосу үшін ажыратқышты пайдаланыңыз.

Көшірмелер үшін ашықтық пен қоюлық параметрлерін реттеу

1. **Lighter/Darker** («Ашық/қою») түймешігін басыңыз.



2. Ашық/қою параметрін арттыру немесе азайту үшін көрсеткі түймешіктерді пайдаланыңыз, одан кейін **OK** түймешігін басыңыз.

ЕСКЕРІМ: параметр екі минуттан кейін стандартты мәнге оралады.

Арнайы қағазға көшіру үшін қағаз өлшемін және түрін орнатыңыз

Өнім сатып алыну ел/аймағына байланысты хат немесе А4 өлшемді қағазға көшіруге бапталған. Ағымдағы көшіру тапсырмасына немесе барлық көшіру тапсырмалары үшін көшірілетін қағаздың өлшемі мен түрін өзгертуге болады.


Қағаз өлшемінің параметрлері


- Letter
- Legal
- A4

Қағаз түрінің параметрлері

- Тегіс
- Жеңіл
- Ауыр
- Мөлдір үлдір
- Жапсырма
- Бланк
- Конверт
- Алдын ала басылған
- Алдын ала тесілген
- Түрлі түсті
- Жоғары сортты
- Қайта өңделген


- Орташа салмақты
- Өте ауыр
- Бұдырлы
- Қалың

1. Өнімнің басқару тақтасындағы Орнату  түймешігін басыңыз.
2. **Жүйені орнату** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Paper setup (Қағаз орнату)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Def. Light/dark Қағаз өлшемі** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. Қағаз өлшемін таңдау үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланыңыз, одан кейін **OK** түймешігін басыңыз.
6. Таңдауды сақтау үшін **OK** түймешігін басыңыз.

1. Өнімнің басқару тақтасындағы Орнату  түймешігін басыңыз.
2. **Жүйені орнату** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Paper setup (Қағаз орнату)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Def. Light/dark Қағаз түрі** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. Қағаз өлшемін таңдау үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланыңыз, одан кейін **OK** түймешігін басыңыз.
6. Таңдауды сақтау үшін **OK** түймешігін басыңыз.


Көшіру параметрлерінің өзгерістерін әдепкі параметрлер ретінде сақтаңыз


Өзгертілген параметрлерді басқару панелінде өнімнің жаңа әдепкі параметрлері ретінде сақтауға болады.

1. Өнімнің басқару тақтасындағы **Copy Menu** («Көшірме мәзірі»)  түймешігін басыңыз.
2. **Set as New Defaults** («Жаңа әдепкі параметрлер ретінде орнату») параметрін таңдау үшін көрсеткі түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.

Көшірменің әдепкі параметрлерін қалпына келтіру


Көшіру параметрлерін зауытта орнатылған стандартты мәндерге қайтару үшін бақару панелін пайдаланыңыз.

1. Өнімнің басқару тақтасындағы **Copy Menu** («Көшірме мәзірі»)  түймешігін басыңыз.





2. **Әдепкі мәндерді қайтару** параметрін таңдау үшін көрсеткі түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. Әдепкі параметрлердің қалпына келтірілуін растау үшін **OK** түймешігін басыңыз.

Фотосуреттерді көшіру

 **ЕСКЕРІМ:** Фотосуреттер өнімнің құжат бергішінен (ADF) емес, планшетті сканерден көшірілуі тиіс.


1. Қақпақты көтеріңіз және фотосуреттің сурет жағын төмен қаратып, фотосуреттің жоғарғы сол жақ бұрышын сканердегі белгішемен көрсетілген бұрышқа сәйкестендіріп, планшетті сканерге орналастырыңыз.



2. Қақпақты абайлап жабыңыз.
3. **Start Copy** («Көшіруді бастау»)  түймешігін басыңыз.

Түрлі өлшемді түпнұсқаларды көшіру

Түрлі өлшемді түпнұсқалардың көшірмелерін жасау үшін сканер әйнегін пайдаланыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Құжат бергішті түрлі өлшемді түпнұсқалардың көшірмелерін жасау үшін тек беттер бір өлшемде болғанда ғана қолдануға болады. Мысалы, ені бірдей болғандықтан «Хат» және «Стандарт» пішіміндегі беттерді араластыруға болады. Шеттері бір бірімен бір деңгейде болатындай және ендері бірдей болып, ұзындықтары әр түрлі болатындай етіп беттерді дестеге жинаңыз.

1. 1-науаға түпнұсқалы құжаттағы ең үлкен бетке сай үлкен болатын қағазды салыңыз.
2. Түпнұсқа құжаттың бірінші жағын төмен қаратып сканер әйнегіне салыңыз.





3. Басқару тақтасындағы **Copy Menu** («Көшірме мәзірі»)  түймешігін басыңыз.
4. **Қағаз** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. **Қағаз өлшемі** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
6. Қағаз өлшемдерінің тізімінен 1-науаға салынған қағаз өлшемін таңдап, **OK** түймешігін басыңыз.
7. **Қағаз түрі** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
8. Қағаз түрлерінің тізімінен 1-науаға салынған қағаз түрін таңдап, **OK** түймешігін басыңыз.
9. Көшірмені бастау үшін **Start Copy** («Көшіруді бастау»)  түймешігін басыңыз.
10. Әрбір бет үшін осы қадамдарды қайталаңыз.


Екі жағына басып шығару (дуплекс)


Құжаттарды автоматты түрде көшіру

1. Түпнұсқаны құжатты құжат бергішіне салыңыз.





2. **Copy Menu** («Көшірме мәзірі»)  түймешігін басыңыз.



3. **Two-Sided** («Екі жақты») мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **1-ден 1 жағында** немесе **1-ден 2 жағында** параметрін таңдау үшін көрсеткі түймелерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. Көшірмені бастау үшін **Start Copy** («Көшіруді бастау»)  түймешігін басыңыз.

Екі жақты құжаттарды қолмен көшіру

1. Өнімнің басқару тақтасындағы **Copy Menu** («Көшірме мәзірі»)  түймешігін басыңыз.



2. **Multi-Page Copy («Бірнеше беттік көшірме»)** параметрін таңдау үшін көрсеткі түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.


3. **Қосу** параметрін таңдау үшін көрсеткі түймешіктерін пайдаланып, таңдауды сақтау үшін **OK** түймешігін басыңыз.

ЕСКЕРІМ: Көшірмелердің автоматты салыстыруының зауыттық стандартты мәні **Қосу** болып табылады.

4. Құжаттың бірінші бетін планшетті сканерге орналастырыңыз.



5. **Start Copy («Көшіруді бастау»)** түймешігін басыңыз.



6. Басылған парақты шығыс қалтасынан алып шығып, 1-науаға жоғарғы жағын өнімге қаратып, басылған жағын төмен қаратып енгізіңіз.

7. Бірінші бетті алып шығып, одан кейін планшетті сканерге екінші бетті орналастырыңыз.

8. **OK** түймешігін басып, үрдісті түпнұсқаның барлық беттері көшірілгенше қайталаңыз.

9. Көшіру тапсырмасы аяқталғаннан кейін өнімді «Дайын» режиміне қайтару үшін **Start Copy («Көшіруді бастау»)** түймешігін басыңыз.

9 Сканерлеу


- [Сканерлеу функцияларын қолдану](#)
- [Сканерлеу параметрлері](#)
- [Фотосуреттерді сканерлеу](#)

Сканерлеу функцияларын қолдану

Сканерлеу әдістері


Сканерлеу тапсырмаларын келесі жолдармен орындаңыз.

- HP Scan бағдарламалық құралын пайдаланып, компьютерден сканерлеңіз
- TWAIN-үйлесімді немесе Windows Imaging Application (WIA)-үйлесімді бағдарламалық құралдан сканерлеу

 **ЕСКЕРІМ:** Мәтін тану бағдарламалық құралдары туралы оқып, оларды пайдалану үшін бағдарламалық құрал жеткізілетін CD құрылғысынан Readiris бағдарламасын орнатыңыз. Мәтін тану бағдарламалық құралы оптикалық таңба тану бағдарламалық құралы деген атаумен де белгілі.

HP Scan (Windows) бағдарламалық құралының көмегімен сканерлеу

1. Компьютер жұмыс үстеліндегі **HP Scan** («HP сканерлеу») белгішесін екі рет басыңыз.
2. Сканерлеу сілтемесін таңдап, қажет болса параметрлерді икемдеңіз.
3. **Scan** (Сканерлеу) батырмасын басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Қосымша параметрлерге қол жеткізу үшін, **Advanced Settings** («Қосымша параметрлер») тармағын таңдаңыз.

Арнаулы параметрлер жиынтығын жасап, оларды сілтемелер тізіміне сақтау үшін, **Create New Shortcut** («Жаңа сілтеме жасау») пәрменін басыңыз.

Басқа бағдарламалық құрал арқылы сканерлеу

Өнім TWAIN-үйлесімді және Windows Imaging Application (WIA)-үйлесімді болып табылады. Өнім TWAIN-үйлесімді немесе WIA-үйлесімді сканерлеу құрылғыларын қолдайтын Windows жүйесіне негізделген бағдарламалармен және TWAIN-үйлесімді сканерлеу құрылғыларын қолдайтын Macintosh жүйесіне негізделген бағдарламалармен жұмыс істейді.

Сіз TWAIN-үйлесімді немесе WIA-үйлесімді бағдарламаларында болғанда сіз тікелей ашық тұрған бағдарламадан сканерлеу мүмкіндіктеріне қол жеткізіп, бейнелерді сканерлей аласыз. Көбірек ақпаратты алу үшін Анықтама файлы немесе біздің TWAIN-үйлесімді немесе WIA-үйлесімді бағдарламалық құралмен бірге жеткізілетін құжаттаманы қараңыз.

TWAIN-үйлесімді бағдарламалық құралдан сканерлеу

Негізінен, бағдарламалық құралда **Acquire** (Қабылдау) **File Acquire** (Файлды қабылдау), **Scan** (Сканерлеу), **Import New Object** (Жаңа нысанды импорттау), **Insert from** (Ішінен енгізу) немесе **Scanner** (Сканер) сияқты бағдарламалары болған жағдайда TWAIN-үйлесімді болып табылады. Бағдарламаның үйлесімді болуына сенімсіз болсаңыз немесе команданың қалай аталатындығын білмесеңіз, бағдарламалық құрал Анықтамасын немесе құжаттамасын қараңыз.

TWAIN-үйлесімді бағдарламадан сканерлеу барысында HP Scan бағдарламалық құралы автоматты іске қосылуы мүмкін. HP Scan бағдарламалық құралы іске қосылса, суретті алдын ала көру барысында өзгертулер енгізуге болады. Бағдарлама автоматты іске қосылмаған жағдайда бейне бірден TWAIN-үйлесімді бағдарламаға жіберіледі.

Сканерлеуді TWAIN-үйлесімді бағдарламадан бастау. Бағдарламалық құрал Анықтамасын немесе құжаттамасынан командалар мен пайдалану әдістері туралы қараңыз.

WIA стандартымен үйлесімді бағдарламалық құралдан сканерлеу

WIA — суретті бағдарламалық құралға тікелей сканерлеудің тағы бір жолы. WIA сканерлеу үшін HP Scan бағдарламалық құралының орнына Microsoft бағдарламалық құралын пайдаланады.

Негізінен, бағдарламалық құралдың Енгізу немесе Файл мәзірінде **Picture/From Scanner or Camera** (Бейне/Сканерден немесе Камерадан) сияқты бағдарламалары болған жағдайда WIA-үйлесімді болып табылады. Бағдарламаның WIA-үйлесімді болуына сенімсіз болсаңыз бағдарламалық құрал Анықтамасын немесе құжаттамасын қараңыз.

Сканерлеуді WIA-үйлесімді бағдарламадан бастау. Бағдарламалық құрал Анықтамасын немесе құжаттамасынан командалар мен пайдалану әдістері туралы қараңыз.

-Немесе-

Windows басқару тақтасындағы **Cameras and Scanner** («Камералар мен сканер») қалтасында (Windows Vista және Windows 7 жүйелерінде **Hardware and Sound** («Аппараттық бағдарлама және дыбыс») қалтасында орналасқан) құрылғының белгішесін екі рет басыңыз. Ол сізге файлға сканерлеу мүмкіндігін беретін стандартты Microsoft WIA шеберін ашады.

Таңбаларды оптикалық айыру (TOA) бағдарламалық құралын пайдалану арқылы сканерлеу

Өңдеу мақсатында сканерленген мәтінді таңдаулы мәтін өңдейтін бағдарламаға импорттау үшін HP Scan бағдарламалық құралын ашып, **Save as Editable Text (OCR)** («Өңделетін мәтін ретінде сақтау (TOA)») атты төте жолды таңдаңыз.

Сонымен қатар, үшінші жақтың TOA бағдарламалық құралын пайдалануға болады. Readiris OCR бағдарламасы өніммен жеткізілетін бөлек CD құрылғысына жазылған. Readiris бағдарламасын пайдалану үшін оны сәйкес бағдарламалық құрал CD құрылғысынан орнатып, онлайн Анықтамасындағы нұсқауларды орындаңыз.

Сканерлеуді тоқтату

Сканерлеу тапсырмасын тоқтату үшін келесі процедуралардың бірін пайдаланыңыз.

- Өнімнің басқару панелінен Бас тарту **X** түймешігін басыңыз.
- Экрандағы диалог терезесінің **Cancel** түймешігін басыңыз.


Сканерлеу параметрлері

Сканер ажыратымдылығы мен түстері

Егер сіз сканерленген бейнені басып шығарсаңыз және сапасы көңіліңізден шықпаса, ол сканерлеу бағдарламалық құралында қажеттеліктеріңізге сәйкес емес ажыратымдылық мен түстер параметрлерінің таңдалу себебі болуы мүмкін. Ажыратымдылық мен түстер сканерленген бейненің келесідей мүмкіндіктеріне әсер етеді:


- Бейне тазалығына
- Шәкіл құрылымына (тегіс немесе бұдырлы)
- Сканерлеу уақытына
- Файл өлшеміне

Сканерлеу ажыратымдылығын өлшеу бірлігі болып пиксель/дюйм (п/д) табылады.

 **ЕСКЕРІМ:** Сканерлеудің д/п деңгейі баспаның н/д (нүкте/дюйм) өлшем бірлігіне сәйкес келмейді.

Түс, сұр шәкілі және ақ ықтимал түстер санын анықтайды. Сіз сканер аппараттық құралының ажыратымдылығын 1 200 п/д дейін реттей аласыз.

Ажыратымдылық пен түстер бойынша нұсқаулықтар кестесінің тізімі өзіңіздің сканерлеу бойынша қажеттіліктеріңізге қол жеткізу бойынша аздап көмектеседі.

 **ЕСКЕРІМ:** Ажыратымдылық пен түстерді жоғары мәндерге баптау нәтижесінде дискіде көп орын алып, сканерлеу процессін баяулататын үлкен көлемді файлдардың құрылуына себепші болады. Ажыратымдылық пен түстерді баптамас бұрын сканерленген бейнені қалай пайдаланатындығыңызды анықтаңыз.

Ажыратымдылық пен түстер бойынша нұсқаулықтар

Келесі кесте түрлі сканерлеу тапсырмаларына арналған ажыратымдылық пен түс параметрлерін сипаттайды.

Болжамды пайдаланылу	Ұсынылатын ажыратымдылық	Ұсынылатын түс параметрлері
Факс	150 п/д	<ul style="list-style-type: none">• Ақ-қара
Электрондық пошта	150 п/д	<ul style="list-style-type: none">• Ақ-қара, бейне тегістік шәкілін қажет етпеген жағдайда• Сұр шәкілі, бейне тегіс шәкілін қажет етсе• Түсті, бейне түсті болған жағдайда
Мәтінді түзету	300 п/д	<ul style="list-style-type: none">• Ақ-қара

Болжамды пайдаланылу	Ұсынылатын ажыратымдылық	Ұсынылатын түс параметрлері
Басып шығару (графика немесе мәтінді)	Кешенді графика үшін немесе, құжатты елеулі түрде ұлғайтқыңыз келген жағдайда 600 п/д Қалыпты графика мен мәтін үшін 300 п/д Фотосуреттер үшін 150 п/д	<ul style="list-style-type: none"> • Мәтін мен штрихты суреттер үшін ақ-қара • Көлеңкелі немесе түсті графика мен фотосуреттер үшін сұр шәкілі • Түсті, бейне түсті болған жағдайда
Экранға шығару	75 п/д	<ul style="list-style-type: none"> • Мәтін үшін ақ-қара • Графика мен фотосуреттер үшін сұр шәкілі • Түсті, бейне түсті болған жағдайда

Түсті


Сіз сканерлеу барысында келесі параметрлер үшін түс мәндерін белгілей аласыз.

Параметр	Ұсынылатын қолданыс
Түсті	Түстері өте маңызды болып табылатын жоғары сапалы түсті фотосуреттер мен құжаттар үшін осы параметрлерді пайдаланыңыз.
Ақ-қара	Бұл параметрді мәтінді құжат үшін қолданыңыз.
Сұр шәкілі	Бұл параметрді файл көлемі қиындық тудырғанда немесе құжат немесе фотосурет жылдам сканерленуі тиіс болғанда қолданыңыз.

Сканерлеу сапасы

Уақыт өте сканер әйнегі мен ақ пластмасса тірегінде дақтар жинақталып, жұмысына әсер етуі мүмкін. Сканер әйнегі мен ақ пластмасса тірегін тазалау үшін келесі іс ретін орындаңыз.


1. Өнімді өшіру үшін ажыратқышты пайдаланып, одан кейін қорек сымын электр розеткасынан ажыратыңыз.



2. Сканердің қақпағын ашыңыз.

3. Сканердің әйнегі мен ақ пластмасса тірегін тазартқыш сұйықтыққа батырылған жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.


ЕСКЕРТУ: Өнімнің кез келген бөлігін тазалау барысында тырнаушы затарды, ацетонды, бензинді, аммиакты көміртек тетрахлоридін пайдаланбаңыз; олар өнімді зақымдауы мүмкін. Сұйықтықтарды тікелей шыныға немесе үстелге қоймаңыз. Олар астына төгіліп, өнімді зақымдауы мүмкін.



4. Дақ түсірмес үшін әйнекті немесе ақ пластмасса тіректі былғары немесе целлюлоза шүберекпен құрғатыңыз.
5. Өнімді розеткаға жалғап, өнімді қосу үшін ажыратқышты пайдаланыңыз.

Фотосуреттерді сканерлеу

1. Фотосуреттің сурет жағын төмен қаратып, фотосуреттің жоғарғы сол жақ бұрышын сканердегі белгішемен көрсетілген бұрышқа сәйкестендіріп, планшетті сканерге орналастырыңыз.



2. Қақпақты абайлап жабыңыз.
3. Сканерлеу әдістерінің бірін пайдалана отырып фотосуретті сканерлеу.

10 Факс


- [Факсті орнату](#)
- [Телефон кітабын пайдалану](#)
- [Факс параметрлерін орнату](#)
- [Факсті пайдаланыңыз](#)
- [Факс мәселелерін шешіңіз](#)
- [Заңнамалық ақпарат және кепілдіктер](#)

Факсті орнату

Аппараттық құралдарды орнатыңыз және қосыңыз



Факсті телефон желісіне қосу

Өнім аналогтық құрылғы болып табылады. HP компаниясы өнімді арнаулы аналогтық телефон желісінде пайдалануды ұсынады.

 **ЕСКЕРІМ:** Кейбір елдерде/аймақтарда құрылғымен бірге берілген телефон кабеліне адаптер қажет болуы мүмкін.

Қосымша құрылғыларды қосыңыз

Өнімде екі факс порты бар:

- Өнімді қабырғадағы телефон ұясына қосатын «желі» порты .
- Қосымша құрылғыларды өнімге қосатын «телефон» порты .

Өніммен қосылып пайдаланылатын телефондарды екі әдіспен пайдалануға болады:

- Қосымша телефон - бұл басқа жерде сол телефон желісіне қосылған телефон.
- Төменгі жақтағы телефон - бұл өнімге немесе өнімге қосылған құрылғыға қосылған телефон.


Қосымша құрылғыларды келесі қадамдарда сипатталған тәртіппен қосыңыз. Әрбір құрылғының шығу порты келесі құрылғының кіру портына жалғанып, «тізбек» құрады. Егер сіз белгілі бір құрылғыны қосқыңыз келмесе, оны түсіндіретін қадамды тастап кетіп, келесі құрылғыға өтіп жалғастырыңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Телефон желісіне қосылатын құрылғылардың саны үштен артық болмауы керек.


ЕСКЕРІМ: Бұл өнімде дауыс поштасы қарастырылмаған.


1. Қосқыңыз келетін барлық құрылғылардың кабельдерін қуат көзінен ажыратыңыз.
2. Егер өнім әлі телефон желісіне қосылмаған болса, әрекет етуден бұрын өнімді орнату жөніндегі нұсқаулықты қараңыз. Өнім телефон ұясына алдын ала қосылған болуы тиіс.

3. «Телефон» портынан (телефон суретімен белгіленген порт) пластмасса тығынды алып тастаңыз.




4. Компьютердегі ішкі немесе сыртқы модемді қосу үшін телефон сымның бір ұшын өнімнің «телефон» портына  қосыңыз. Телефон сымның екінші ұшын модемнің «желі» портына қосыңыз.




 **ЕСКЕРІМ:** Кейбір модемдерде арнаулы дауыс желісіне қосатын екінші «желі» порты болады. Егер сізде екі «желі» порты болса, дұрыс «желі» портына қосуды қамтамасыз ету үшін модем құжаттарын қараңыз.


5. Шақырушы абоненттің идентификаторы блогын қосу үшін телефон сымын бұдан бұрынғы құрылғының «телефон» портына қосыңыз. Телефон сымының екінші ұшын шақырушы абоненттің идентификаторы блогының «желі» портына қосыңыз.



6. Автоматты түрде жауап беру машинасын қосу үшін телефон сымын бұдан бұрынғы құрылғының «телефон» портына қосыңыз. Телефон сымының екінші ұшын автоматты түрде жауап беру машинасының «желі» портына қосыңыз.



7. Телефонды қосу үшін телефон сымын бұдан бұрынғы құрылғының «телефон» портына қосыңыз. Телефон сымының екінші ұшын автоматты түрде жауап беру машинасының «желі» портына қосыңыз.




8. Қосымша құрылғыларды қосып болғаннан кейін барлық құрылғыларды өздерінің қуат көздеріне қосыңыз.

Автоматты түрде жауап беру машинасы бар факсті орнатыңыз


- Өнімнің жауап беру үшін қоңырау саны параметрін автоматты түрде жауап беру машинасы үшін орнатылған қоңырау санынан кем дегенде бір қоңырауға артық етіп орнатыңыз.
- Егер автоматты түрде жауап беру машинасы пайдаланылып отырған телефон желісіне қосылған болса, бірақ басқа ұя (мысалы, басқа бөлмедегі) арқылы қосылса, ол өнімнің факстерді қабылдауына кедергі жасауы мүмкін.

Қосымша телефонға факсті теңшеңіз


Осы параметр қосылғанда, телефон пернетақтасында 1-2-3 сандарын кезекпен басып кіруші факс шақыруына жауап беру үшін өнімге сигнал бере аласыз. Стандартты параметр **Қосу**. Нөмірді импульстік теруді пайдалансаңыз немесе 1-2-3 тізбегін пайдаланатын телефон компаниясының қызметін пайдалансаңыз ғана осы параметрді алып тастауға болады. Өнімге сәйкес болмаса телефон компаниясының қызметін пайдалану мүмкін емес.

1. Басқару тақтасындағы Орнату  түймешігін басыңыз.
2. **Fax Setup («Факс параметрлері»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Advanced Setup («Күрделі параметрлер»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Қосымша телефон** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. **Қосу** немесе **Ажырату** таңдау үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, таңдауды сақтау үшін **OK** түймешігін басыңыз.

Автономдық факсті орнату

1. Орауыштан шығарып, өнімді орнатыңыз.
2. Басқару тақтасындағы Орнату  түймешігін басыңыз.
3. **Жүйені орнату** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Уақыт/Мерзім** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. 12 сағаттық немесе 24 сағаттық сағатты таңдау үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
6. Қазіргі уақытты енгізу үшін пернетақтаны пайдаланыңыз.
7. Мыналардың бірін орындаңыз:
 - 12 сағаттық сағат үшін, төртінші таңбаның соңына өту үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз. Түске дейінгі уақыт үшін **1** немесе дейінгі уақыт үшін **2** таңдаңыз. **OK** түймешігін басыңыз.
 - 24 сағаттық сағат үшін **OK** түймешігін басыңыз.
8. Ағымдағы күнді енгізу үшін пернетақтаны пайдаланыңыз. Айды, күнді және жылды көрсету үшін екі цифрды пайдаланыңыз. **OK** түймешігін басыңыз.

9. **Fax Setup («Факс параметрлері»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
10. **Basic Setup («Негізгі параметрлер»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
11. **Факс тақырыбы** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
12. Факс нөміріңізді, компанияңыздың атын немесе тақырыпты енгізу үшін пернетақтаны пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Факс нөмірі 20 таңбадан, ал компанияның аты 25 таңбадан аспауға тиіс.

13. Өнім жабдықтарын конфигурациялау үшін басқа параметрлерді қажетінше орнатыңыз.


Факс параметрлерін конфигурациялаңыз

Өнімнің факс параметрлері басқару панелінен немесе HP ToolboxFX ішінен орнатылуы мүмкін.

Америка Құрама Штаттарында және көптеген басқа елдерде/аймақтарда уақытты, күнді және факс тақырыбының басқа мәліметтерін орнату заң талабы болып табылады.

Факс уақытын, күнін және тақырыбын орнату үшін басқару панелін пайдаланыңыз

Басқару панелін күнді, уақытты және тақырыпты орнату үшін пайдалану үшін мынадай қадамдарды орындаңыз:

1. Басқару тақтасындағы **Орнату**  түймешігін басыңыз.
2. **Жүйені орнату** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Уақыт/Мерзім** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. 12 сағаттық немесе 24 сағаттық сағатты таңдау үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. Қазіргі уақытты енгізу үшін пернетақтаны пайдаланыңыз.



6. Мыналардың бірін орындаңыз:
 - 12 сағаттық сағат үшін, төртінші таңбаның соңына өту үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз. Түске дейінгі уақыт үшін **1** немесе дейінгі уақыт үшін **2** таңдаңыз. **OK** түймешігін басыңыз.
 - 24 сағаттық сағат үшін **OK** түймешігін басыңыз.
7. Ағымдағы күнді енгізу үшін пернетақтаны пайдаланыңыз. Айды, күнді және жылды көрсету үшін екі цифрды пайдаланыңыз. **OK** түймешігін басыңыз.
8. **Fax Setup («Факс параметрлері»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
9. **Basic Setup («Негізгі параметрлер»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
10. **Факс тақырыбы** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
11. Факс нөміріңізді, компанияңыздың атын немесе тақырыпты енгізу үшін пернетақтаны пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.

ЕСКЕРІМ: Факс нөмірі 20 таңбадан, ал компанияның аты 25 таңбадан аспауға тиіс.


Факс тақырыптарында жалпы локализацияланған әріптерді пайдалану


Тақырыпқа атыңызды енгізу үшін басқару тақтасын пайдалану кезінде немесе басу пернесі, жылдам теру жазбасы немесе топтық теру жазбасы үшін атау енгізу үшін арнайы таңбаларды қамтитын пернетақтаны ашу мақсатында **123** түймешігін түртіңіз.

Телефон кітабын пайдалану

Жиі алынатын факс нөмірлерін сақтауыңызға болады (100 жазбаға дейін).

Факстің телефон кітабын жасап, оны өңдеу үшін басқару тақтасын пайдалану

1. Басқару тақтасындағы **Fax Menu** («Факс мәзірі»)  түймешігін басыңыз.




2. **Phone Book Setup** («Телефон кітапшасының параметрлері») мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Individual Setup** («Жеке жазбаларды реттеу») мәзірін немесе **Group Setup** («Топтық жазбаларды реттеу») мәзірін таңдау үшін көрсеткі түймелерін пайдаланыңыз, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Қосу/Өзгерту** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. Факс нөмірі мен атын енгізіп, **OK** түймешігін басыңыз.

Microsoft Outlook контактілерін факстің телефон кітабына импорттаңыз немесе экспорттау

1. HP ToolboxFX ашыңыз.
2. **Fax** (Факс) батырмасын басыңыз, сонан соң **Fax Phone Book** (Факс телефон кітабы) батырмасын басыңыз.
3. Бағдарламаның телефон кітапшасына барып, **Import/Export Phone Book** («Телефон кітапшасын импорттау/экспорттау») пәрменін басыңыз.

Басқа бағдарламалардан телефон кітабының мәліметтерін пайдаланыңыз

 **ЕСКЕРІМ:** Басқа бағдарламадан телефон кітабын импорттаудан бұрын сол басқа бағдарламаның экспорттау функциясын пайдалануыңыз тиіс.

HP ToolboxFX контакт мәліметтерін келесі бағдарламалық құралдың телефон кітапшаларынан импорттай алады.


- Microsoft Outlook
- Lotus Notes


- Microsoft Outlook Express
- HP компаниясының басқа өнімдерінің ToolboxFX бағдарламалық құралдарынан бұрын экспортталған телефон кітапшасы.

Телефон кітапшасын жою

Өнімдегі бағдарламаланған телефон кітабының жазбаларын өшіруіңізге болады.

△ **ЕСКЕРТУ:** телефон кітабындағы жазбалар өшірілген жағдайда, оларды қайта қалпына келтіру мүмкін емес.

1. Басқару тақтасындағы **Fax Menu** («Факс мәзірі»)  түймешігін басыңыз.




2. **Phone Book Setup** («Телефон кітапшасының параметрлері») мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Delete All** («Барлығын жою») опциясын таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. Өшіруді растау үшін **OK** түймешігін басыңыз.


Жылдам теру нөмірлерін пайдалану


Нөмірді тез терулерді орнату және түзету

1-ден 12-ге дейінгі тез терілетін нөмірлердің басқару панеліндегі өздері сәйкес келетін жылдам теру батырмаларымен де байланысы болады. Жылдам теру батырмаларын тез терілетін нөмірлерді немесе нөмірлерін тобына енгізу үшін пайдалануға болады. Бір факс нөміріне енгізілетін таңбалар саны 50-ден аспауы керек.

 **ЕСКЕРІМ:** Тез терілетін нөмірлердің барлығын қолдану үшін сізге **Shift** (Ауыстыру) батырмасын пайдалану керек. 7-ден 12-ге дейінгі тез терілетін нөмірлер басқару панеліндегі **Shift** (Ауыстыру) және байланысы бар жылдам теру батырмасын басу арқылы қолданылады.

Басқару панелінен нөмірді тез терулерді бағдарламалау үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Басқару тақтасындағы **Fax Menu** («Факс мәзірі»)  түймешігін басыңыз.





2. **Phone Book Setup («Телефон кітапшасының параметрлері»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Individual Setup («Жеке жазбаларды реттеу»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Қосу/Өзгерту** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. Осы факс нөмірімен байланыстырылатын жылдам теру нөмірлер жазбасын көрсету үшін әріптік-сандық түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз. 1-8 арасындағы санды таңдау факс нөмірін бір рет басылатын тиісті түймешікпен байланыстырады.
6. Ағымдағы уақытты енгізу үшін әріптік-цифрлық батырмаларды пайдаланыңыз. Үзілістерді немесе аймақ коды, жеке пайдалануға арналған телефон жүйесінен сырттағы нөмірлерге арналған кіру коды (әдетте 9 немесе 0) сияқты басқа да қажет сандарды немесе алыс аймақпен байланысу префиксін енгізіңіз.

ЕСКЕРІМ: Факс нөмірін тергенде нөмірді теру тізбегіне кідіріс енгізу қажет болса, **Pause** («Кідіріс») түймешігін үтір (,) белгісі көрсетілгенше, ал өнімнің байланыс сигналын күту қажет болса, * түймешігін **W** белгісі шыққанша басыңыз.

7. **OK** түймесін басыңыз.
8. Факс нөмірінің атын енгізу үшін әріптік-сандық түймешіктерді пайдаланыңыз. Ол үшін сізге қажет әріп көрінгенше әріптік-сандық түймешікті қайталап басыңыз.
ЕСКЕРІМ: Тыныс белгілерін енгізу үшін қажетті таңба шыққанша, жұлдызша (*) батырмасын басыңыз, содан кейін келесі орынға өту үшін жоғары бағыт көрсеткіш батырманы басыңыз.
9. Ақпаратты сақтау үшін **OK** түймешігін басыңыз.
10. Бағдарламаланатын басқа жылдам теру нөмірлері болса, 1-9 қадамдарды қайталаңыз.

Нөмірді тез терулерді жойыңыз


1. Басқару тақтасындағы **Fax Menu** («Факс мәзірі»)  түймешігін басыңыз.



2. **Phone Book Setup** («Телефон кітапшасының параметрлері») мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Individual Setup** («Жеке жазбаларды реттеу») мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Delete** («Жою») параметрін таңдау үшін көрсеткі түймешіктерін пайдаланыңыз, одан кейін **OK** түймешігін басыңыз.
5. Жойылатын жылдам теру жазбасының нөмірін енгізу үшін әріптік-сандық түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
6. Өшіруді растау үшін **OK** түймешігін басыңыз.


Нөмірлер тобын теру жазбаларын басқарыңыз

Нөмірлер тобын теру жазбаларын орнатыңыз және түзетіңіз


1. Топқа енгізгіңіз келген әрбір факс нөмірі үшін нөмірді тез теру жазбасын белгілеңіз.
2. Басқару тақтасындағы **Fax Menu** («Факс мәзірі»)  түймешігін басыңыз.
3. **Phone Book Setup** («Телефон кітапшасының параметрлері») мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Group Setup** («Топтық жазбаларды реттеу») мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. **Add/Edit group** («Топты қосу/өңдеу») опциясын таңдау үшін көрсеткі түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
6. Осы топпен байланыстырылатын нөмірді енгізу үшін әріптік-цифрлық түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз. Сонымен қатар, 1-ден 8-ға дейінгі сандарды таңдау да топты сәйкес жылдам теру түймешігімен де байланыстырады.
7. Топ атын енгізу үшін әріптік-сандық түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
8. Жылдам теру түймешігін басып, қосуды растау үшін **OK** түймешігін қайта басыңыз. Осы кадамды қосқыңыз келетін топтың әрбір мүшесі үшін қайталаңыз.

9. Аяқтағаннан кейін **OK** түймешігін басыңыз.
10. Қосымша тағайындалатын топтық теру жазбалары болса, **OK** түймешігін басып, 1-10 қадамдарын қайталаңыз.

Нөмірлер тобын теру жазбаларын жойыңыз


1. Басқару тақтасындағы **Fax Menu** («Факс мәзірі»)  түймешігін басыңыз.
2. **Phone Book Setup** («Телефон кітапшасының параметрлері») мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Group Setup** («Топтық жазбаларды реттеу») мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Delete Group** («Топты жою») параметрін таңдау үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. Жойылатын топтық теру нөмірін енгізу үшін әріптік-сандық түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
6. Өшіруді растау үшін **OK** түймешігін басыңыз.

Нөмірлер тобын теру жазбасынан жеке адам мәліметін жойыңыз

1. Басқару тақтасындағы **Fax Menu** («Факс мәзірі»)  түймешігін басыңыз.
2. **Phone Book Setup** («Телефон кітапшасының параметрлері») мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Group Setup** («Топтық жазбаларды реттеу») мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Del. # in group** («Топтағы нөмірді жою») параметрін таңдау үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. Топтан алып тастағыңыз келетін жеке адамды таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз.
6. Өшіруді растау үшін **OK** түймешігін басыңыз.
7. Топтан басқа адамдарды өшіру үшін 4 және 5-қадамдарды қайталаңыз.

–немесе–

Аяқтағаннан кейін **Бас тарту**  түймешігін басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Нөмірді тез теру жазбасын жою сол жазбаны нөмірлер тобын теру жазбаларынан да жояды.

Факс параметрлерін орнату

Факс параметрлерін жіберіңіз

Нөмір терудің арнайы таңбаларын және опцияларын орнату


Теріп жатқан факс нөмірінің ішіне кідірістер енгізуге болады. Халықаралық нөмірлерді терген кезде немесе сыртқы желіге қосылғанда үзілістер жиі қажет болады.

- **Нөмір теру үзілісін енгізіңіз:** Басқару панелінің дисплейінде нөмір теру тізбегінің кідіріс жасалатын нүктесін көрсететін үтір (,) көрсетілгенше # түймешігін қайта-қайта басыңыз.
- **Теру сигналы үшін үзіліс енгізіңіз:** Телефон нөмірінің қалғанын теру алдында өнім байланыс сигналын күтуі үшін басқару панелінің дисплейінде **W** көрсетілгенше * түймешігін қайта-қайта басыңыз.
- **Байланысты ажырату сигналын енгізіңіз:** Өнімнің байланысты ажыратуы үшін * түймешігін басқару панелінің дисплейінде **R** көрсетілгенше қайта-қайта басыңыз.

Нөмір теру префиксін орнатыңыз

Нөмір теру префиксі бұл сіз басқару панелінде немесе бағдарламалық құралдардан енгізетін әрбір факс нөмірінің алдына автоматты түрде қосылатын сан немесе сандар тобы болып табылады. Нөмір теру префиксіндегі таңбалардың саны 50-ден аспайды.


Стандартты параметр **Ажырату**. Компанияңыздың телефон жүйесінен сырттағы телефон желісіне шығу үшін мысалы, 9 сияқты санды теру қажет болса, осы параметрді қосып, префиксті енгізу қажет болуы мүмкін. Осы параметр қосылғанда префиксті термей-ақ қолмен теру арқылы факс нөмірін теруге болады.

1. Басқару тақтасындағы Орнату  түймешігін басыңыз.
2. **Fax Setup («Факс параметрлері»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Basic Setup («Негізгі параметрлер»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Код префиксі** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. **Қосу** немесе **Ажырату** опциясын таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
6. Егер **Қосу** опциясы таңдалған болсаңыз, префиксті енгізу үшін пернетақтаны пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз. Сандарды, үзілістерді және нөмір теру символдарын пайдалануға болады.

Байланысқа дайын болу сигналын табу функциясын орнатыңыз


Әдетте өнім дереу факс нөмірін теруді бастайды. Егер сіз өнімді телефон қосылған желіде пайдалансаңыз, байланысқа дайын болу сигналын табу параметрін қосыңыз. Бұл басқа біреу телефонды пайдаланып жатқан кезде өнімнің факс жіберуін болдырмайды.


Байланысқа дайын болу сигналын табудың зауыттық стандартты параметрі Франция мен Венгрия үшін **Қосу**, ал басқа барлық елдер/аймақтар үшін **Ажырату**.

1. Басқару тақтасындағы Орнату  түймешігін басыңыз.
2. **Fax Setup («Факс параметрлері»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Advanced Setup («Күрделі параметрлер»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Detect Dial Tone («Теру сигналын анықтау»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. **Қосу** немесе **Ажырату** опциясын таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.

Нөмірді батырмамен теруді немесе импульстік теруді орнатыңыз

Өнімді нөмірді түймешікпен теру немесе импульстік теру режиміне орнату үшін осы процедураны пайдаланыңыз. **Тоналдық** опциясы зауыттық әдепкі параметр болып келеді. Телефон желісінде нөмірді түймешікпен теру мүмкін емес болса ғана бұл параметрді өзгертуге болады.

1. Басқару тақтасындағы Орнату  түймешігін басыңыз.
2. **Fax Setup («Факс параметрлері»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Advanced Setup («Күрделі параметрлер»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Нөмір теру режимі** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. **Тоналдық** немесе **Импульстік** таңдау үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, таңдауды сақтау үшін **OK** түймешігін басыңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Нөмірді импульстік теру опциясы барлық елдерде/аймақтарда қолданыла бермейді.

Автоматты түрде қайта теру функциясын және қайта терулер арасындағы уақытты орнату

Егер қабылдаушы факс машинасы жауап бермегендіктен немесе бос болмағандықтан өнім факс жібере алмаса, бос болмағанда нөмірді қайта теру, жауап болмағанда нөмірді қайта теру және байланыс қатесі болғанда нөмірді қайта теру опциялары бойынша өнім нөмірді қайта тереді. Осы опцияларды қосу немесе ажырату үшін осы тарауда берілген процедураларды пайдаланыңыз.


Бос болмағанда нөмірді қайта теру опциясын орнатыңыз

Егер осы опция қосылса, бос емес сигналын алғанда өнім автоматты түрде нөмірді қайта тереді. Бос болмағанда нөмірді қайта теру опциясы үшін зауыттық стандартты мән мынадай: **Қосу**.

1. Басқару тақтасындағы Орнату  түймешігін басыңыз.
2. **Fax Setup («Факс параметрлері»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Advanced Setup («Күрделі параметрлер»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Redial if Busy («Нөмір бос болмаса, қайта теру»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. **Қосу** немесе **Ажырату** опциясын таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.


Жауап болмағанда нөмірді қайта теру опциясын орнатыңыз

Егер осы опция қосылса, қабылдаушы факс машинасы жауап бермесе, өнім автоматты түрде нөмірді қайта тереді. Жауап болмағанда нөмірді қайта теру опциясы үшін зауыттық стандартты мән мынадай: **Ажырату**.

1. Басқару тақтасындағы Орнату  түймешігін басыңыз.
2. **Fax Setup («Факс параметрлері»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Advanced Setup («Күрделі параметрлер»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Redial-No Answer («Жауап болмағанда нөмірді қайта теру»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. **Қосу** немесе **Ажырату** опциясын таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.

Байланыс қатесі болғанда нөмірді қайта теру опциясын орнатыңыз

Егер осы опция қосылса, қандай да бір байланыс қатесі болса, өнім автоматты түрде нөмірді қайта тереді. Байланыс қатесі болғанда нөмірді қайта теру опциясы үшін зауыттық стандартты мән мынадай: **Қосу**.


1. Басқару тақтасындағы Орнату  түймешігін басыңыз.
2. **Fax Setup («Факс параметрлері»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Advanced Setup («Күрделі параметрлер»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Байланыс қатесін қайта теру** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. **Қосу** немесе **Ажырату** опциясын таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.

Ашық/қара және ажыратымдылықты орнатыңыз


Стандартты ашық/қара (контраст) параметрін орнатыңыз

Контраст жіберіліп жатқан факстің ашықтығы мен қараңғылығына әсер етеді.

Стандартты ашық/қара параметр бұл әдетте факспен жіберіліп жатқан элементтерге қолданылатын контраст. Стандартты мән ретінде реттеуіш орташа жағдайға қойылады.

1. Басқару тақтасындағы Орнату  түймешігін басыңыз.
2. **Fax Setup («Факс параметрлері»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Advanced Setup («Күрделі параметрлер»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Light/Dark («Ашық/қою»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. Түпнұсқаға қарағанда факсті ашық етіп басу үшін сырғытпаны солға жылжыту мақсатында сол жақ көрсеткі түймешігін, факсті қою етіп басу үшін сырғытпаны оңға жылжыту мақсатында оң жақ көрсеткі түймешігін пайдаланыңыз.
6. Таңдауды сақтау үшін **OK** батырмасын басыңыз.

Ажыратымдылық параметрлерін орнатыңыз


 **ЕСКЕРІМ:** Ажыратымдылықты арттыру факс өлшемін үлкейтеді. Үлкен факстер жіберу уақытын көбейтеді және өнімнің жадынан асып кетуі мүмкін.

Стандартты опциясы — зауытта орнатылған әдепкі ажыратымдылық параметрі.

Барлық факс тапсырмалары үшін стандартты ажыратымдылықты мына параметрлердің біріне өзгерту үшін осы әрекетті орындаңыз:

- **Стандартты:** Бұл параметр ең төменгі сапа мен ең жылдам жіберуді қамтамасыз етеді.
- **Жоғары:** бұл параметр **Стандартты** параметріне қарағанда жоғарылау ажыратымдылық сапасын қамтамасыз етеді, ол әдетте мәтіндік құжаттарға арналған.
- **Өте жоғары:** Бұл параметр мәтін мен суреттер араласқан құжаттарға ыңғайлы. Берілім ұзақтығы **Жоғары** параметріне қарағанда ақырындау, алайда **Фото** параметріне қарағанда жылдамырақ.
- **Фото:** Бұл параметр ең жақсы суреттерді қамтамасыз етеді, бірақ берілім уақытын едәуір көбейтеді.

Стандартты ажыратымдылықты орнатыңыз

1. Басқару тақтасындағы Орнату  түймешігін басыңыз.
2. **Fax Setup («Факс параметрлері»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Advanced Setup («Күрделі параметрлер»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.


4. **Fax Resolution («Факс ажыратымдылығы»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. Ажыратымдылық параметрін өзгерту үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз.
6. Таңдауды сақтау үшін **OK** батырмасын басыңыз.

Төлем кодтарын орнатыңыз



Егер төлем кодтары функциясы қосылған болса, пайдаланушыдан әрбір факс үшін төлем кодын енгізу талап етіледі. Төлем кодының саны әрбір жіберілген факс беті үшін көбейе береді. Ол алынған сұраудан, жіберілген факстан немесе компьютермен жүктелген факстардан басқа барлық факс түрлерін қамтиды. Анықталмаған топ үшін немесе нөмірлер тобын теру факсы үшін төлем код саны әрбір адреске жіберілген сәтті факс үшін өседі.

Төлем кодының параметрі үшін зауыттық стандартты мән мынадай: **Ажырату**. Төлем коды 1-ден 250-ге дейінгі кез келген сан бола алады.

Төлем кодының параметрін орнатыңыз

1. Басқару тақтасындағы **Орнату**  түймешігін басыңыз.
2. **Fax Setup («Факс параметрлері»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Advanced Setup («Күрделі параметрлер»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Billing Codes («Төлем кодтары»)** параметрін таңдау үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. **Қосу** немесе **Ажырату** параметрлерін таңдау үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.


Төлем кодтарын пайдаланыңыз


1. Құжатты құжат бергішінің кіріс науасына немесе планшетті сканерге салыңыз.
2. Басқару панелінде нөмірді тез теру немесе нөмірлер тобын теру жазбалары арқылы телефон нөмірін қолмен енгізіңіз.
3. **Start Fax («Факс жіберуді бастау»)**  түймешігін басыңыз.
4. Төлем кодын енгізіп, **Start Fax («Факс жіберуді бастау»)**  түймешігін басыңыз.

Факс тапсырмасы жіберіледі және төлем есебінде тіркеледі.

Төлем кодының есебін басып шығарыңыз

Төлем код есебі - бұл барлық факс төлем кодтарының және әрбір код үшін есептелген факстердің жалпы санының басып шығарылған тізімі.

 **ЕСКЕРІМ:** Осы есеп басып шығарылғаннан кейін төлем туралы барлық мәліметтер жойылады.

1. Басқару тақтасындағы **Fax Menu** («Факс мәзірі»)  түймешігін басыңыз.
2. **Факс бойынша есептер** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Billing Report** («Төлем есебі») элементін таңдау үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз. Өнім мәзір параметрлерінен шығып, есепті басып шығарады.


Факс қабылдау параметрлері

Факс жіберуді орнатыңыз

Өніміңізді келген факстерді басқа факс нөміріне жіберетін етіп орнатуға болады. Факс өніміңізге келгенде ол жадта сақталады. Сонан соң өнім сіз көрсеткен факс нөмірін тереді және факсті жібереді. Егер қате болғандықтан (мысалы, нөмір бос емес) өнім факсті жібере алмаса және нөмірді қайта теру әрекеттері нәтиже бермесе, сіздің өніміңіз факсті басып шығарады.


Егер факс қабылдау кезінде өнімнің жады жеткіліксіз болса, ол кіруші факсті тоқтатады және жадында сақталған беттерді және толық емес беттерді ғана жібереді.

Факс жіберу функциясы пайдаланылса, өнім (компьютер емес) факстерді қабылдауы тиіс және жауап беру режимі **Автоматты** жағдайға қойылуы тиіс.

1. Басқару тақтасындағы **Fax Menu** («Факс мәзірі»)  түймешігін басыңыз.
2. **Receive Options** («Қабылдау параметрлері») мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Forward Fax** («Факсты бұру») мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Қосу** немесе **Ажырату** опциясын таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. Егер факс жіберу функциясын қоссаңыз, факс жіберілетін факс нөмірін көрсету үшін пернетақтаны пайдаланып, таңдауды сақтау үшін **OK** түймешігін басыңыз.


Жауап беру режимін орнатыңыз

Жағдайға байланысты өнімнің жауап беру режимін **Автоматты**, **Қоңырауға жауап беру құрылғысы**, **Факс/Телефон** немесе **Қолмен** етіп орнатыңыз. Зауыттық стандартты мән: **Автоматты**.

- **Автоматты:** өнім кіруші қоңырауға қоңыраулардың белгілі бір санынан кейін немесе арнаулы факс сигналдарын таныған соң жауап береді.
- **Қоңырауға жауап беру құрылғысы:** өнім қоңырау шалынған кезде автоматты түрде жауап бермейді. Орнына, факстің үні анықтағанша күтеді.
- **Факс/Телефон:** өнім кіруші қоңырауларға дереу жауап береді. Факс үнін анықтаған жағдайда, қоңырауды факс ретінде қабылдайды. Факс үнін анықтамаған жағдайда, кіруші қоңырауға жауап беруіңіз үшін естілетін дыбыс шығарып, ескертеді.
- **Қолмен:** өнім кіруші қоңырауларға ешбір жағдайда жауап бермейді. Факс қабылдау процесін басқару тақтасындағы **Start Fax** («Факс жіберуді бастау»)  түймешігін басып


немесе сол желіге қосылған телефонды көтеріп, 1-2-3 сандарын теру арқылы өзіңіз бастауыңыз қажет.

Жауап беру режимін орнату немесе өзгерту үшін мына қадамдарды орындаңыз:


1. Басқару тақтасындағы Орнату  түймешігін басыңыз.
2. **Fax Setup («Факс параметрлері»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Advanced Setup («Күрделі параметрлер»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Answer Mode («Жауап беру режимі»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. Жауап беру режимін таңдау үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.

Факс нөмірлерін бұғаттау және бұғаттауды жою

Егер сіз белгілі бір адамдардан немесе мекемелерден факс алғыңыз келмесе, сіз басқару панелі арқылы 30 факс нөміріне шейін бұғаттап қоя аласыз. Егер сіз факс нөмірін бұғаттап қойсаңыз және сол нөмірден сізге факс жіберсе, басқару панелінің дисплейі нөмірдің бұғатталғанын көрсетеді, факс басып шығарылмайды және факс жадта сақталмайды. Бұғатталған факс нөмірлерінен келген факстер факс жұмыстарын тіркеу журналында «керексіз» белгісімен көрсетіледі. Сіз бұғатталған факс нөмірлері үшін бұғаттауды біртіндеп немесе бір мезгілде барлық нөмірлер үшін жоя аласыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Бұғатталған факсті жіберушіге факстің қабылданбағаны туралы мәлімет берілмейді.

Басқару панелінің көмегімен факс нөмірлерін бұғаттау немесе бұғаттауды жою үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Басқару тақтасындағы **Fax Menu («Факс мәзірі»)**  түймешігін басыңыз.
2. **Receive Options («Қабылдау параметрлері»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Block Junk Faxes («Жарнамалық факстарды қабылдамау»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. Факс нөмірін бұғаттаған уақытта, **Add Number («Нөмірді қосу»)** опциясын таңдау үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз. Факс нөмірін тақырыпта көрсетілгендей түрде енгізіңіз (аралықтарды ескеріп), одан кейін **OK** түймешігін басыңыз. Бұғатталған нөмір үшін атау енгізіп, **OK** түймешігін басыңыз.

Факс нөмірін бұғаттаудан шығарған уақытта, көрсеткіш батырмаларының көмегімен **Delete Number («Нөмірді жою»)** опциясын таңдап, **OK** түймешігін басыңыз. Жою қажет факс нөмірін таңдау үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланыңыз, жоюды растау үшін **OK** түймешігін басыңыз.

Бұғатталған барлық факс нөмірлері үшін бұғаттауды жойғанда, **Delete All («Барлығын жою»)** опциясын таңдау үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз. Жоюларды растау үшін **OK** түймешігін қайта басыңыз.

Жауап беру үшін қоңырау санын орнатыңыз

Жауап беру режимі **Автоматты** қойылса, өнімнің жауап беру үшін қоңырау саны параметрі өнімнің кіруші шақыруға жауап беруінен бұрын телефонның қанша рет қоңырау соғатынын анықтайды.


Егер өнім факс және дауыс шақыруларын қабылдайтын желіге (ортақ желіге) қосылса және сол желіде автоматты түрде жауап беру машинасы да болса, жауап беру үшін қоңырау саны параметрін реттеу қажет болуы мүмкін. Өнімнің жауап беру үшін қоңырау саны автоматты түрде жауап беру машинасындағы жауап беру үшін қоңырау санынан көбірек болуы тиіс. Бұл автоматты түрде жауап беру машинасының кіруші қоңырауға жауап беруін және хабарды, егер ол дауыстық шақыру болса, тіркеуін қамтамасыз етеді. Автоматты түрде жауап беру машинасы қоңырауға жауап берген кезде, өнім сол шақыруды тыңдап тұрады және ол факс сигналдарын тапса, оған автоматты түрде жауап береді.

Жауап беру үшін стандартты қоңырау саны АҚШ пен Канада үшін беске тең, ал басқа елдер/аймақтар үшін ол екіге тең.

Жауап беру үшін қоңырау санын анықтау үшін төмендегі кестені пайдаланыңыз.

Телефон желісінің түрі	Ұсынылған жауап беру үшін қоңырау саны параметрі
Арнаулы факс желісі (тек қана факс шақыруларын қабылдау)	Басқару панелінің дисплейінде көрсетілген аралықтағы қоңырау санына қойыңыз. (Қабылданған ең аз және ең көп қоңырау сандары елге/аймаққа байланысты өзгеріп отырады.)
Екі бөлек нөмірі бар және қоңырау үлгісі қызметі бар бір желі	Бір немесе екі қоңырау. (Екінші телефон нөмірі үшін сізде автоматты жауап беру машинасы немесе компьютерлік дауыс поштасы болса, өнімнің қоңыраулар санын автоматты түрде жауап беру жүйесіне қарағанда артығырақ етіп орнатыңыз. Дауыстық және факс қоңырауларын айырып тану үшін арнайы қоңырау функциясын пайдаланыңыз.
Тек қана бекітілген телефоны бар ортақ желі (факс және дауыстық қоңырауларын қабылдау)	Бес немесе одан да көп қоңыраулар.
Бекітілген автоматты түрде жауап беру машинасы немесе компьютерлік дауыстық поштасы бар ортақ желі (факс және дауыстық қоңырауларын қабылдау)	Автоматты түрде жауап беру машинасына немесе компьютерлік дауыс поштасына қарағанда екі қоңырауға артық.


Жауап беру үшін қоңырау санын орнату немесе өзгерту үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Басқару тақтасындағы Орнату  түймешігін басыңыз.
2. **Fax Setup («Факс параметрлері»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Basic Setup («Негізгі параметрлер»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Rings to Answer («Жауап бергенше қоңырау саны»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. Жауап берілетін қоңырау санын енгізу үшін пернетақтаны пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.

Арнаулы қоңырау дыбысын орнату

Қоңырау үлгісі немесе арнаулы қоңырау қызметін кейбір жергілікті телефон компаниялары қамтамасыз етеді. Бұл қызмет сізге бір желіде бірнеше телефон нөмірлерін пайдалану мүмкіндігін береді. Әрбір телефон нөмірінің ерекше қоңырау үлгісі болады, сөйтіп, сіз дауыстық шақыруларға жауап бере аласыз, ал өнім факс шақыруларына жауап бере алады.


Егер сіз телефон компаниясының қоңырау үлгісі қызметіне жазылсаңыз, өнімді дұрыс қоңырау үлгісіне жауап беретіндей етіп орнатуыңыз тиіс. Ерекше қоңырау үлгілері барлық елдерде/аймақтарда бола бермейді. Сіздің елде/аймақта осы қызметтің көрсетілетінін анықтау үшін телефон компаниясына хабарласыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** қоңырау үлгісінің қызметі болмаған жағдайда, ал қоңырау үлгісінің параметрлерін стандартты параметрлерден басқасына өзгертсеңіз, **Барлық қоңыраулар**, өнім факстерді қабылдай алмауы мүмкін.

Параметрлер мынадай:

- **Барлық қоңыраулар:** Өнім телефон желісі арқылы келетін кез келген қоңырауға жауап береді.
- **Бір:** Өнім бір қоңырау үлгісіндегі кез келген қоңырауға жауап береді.
- **Екі:** Өнім екі қоңырау үлгісіндегі кез келген қоңырауға жауап береді.
- **Үш:** Өнім үш қоңырау үлгісіндегі кез келген қоңырауға жауап береді.
- **Екі және үш:** Өнім екі қоңырау немесе үш қоңырау үлгісіндегі кез келген қоңырауға жауап береді.

Шақыруларға жауап беру үшін қоңырау үлгілерін өзгерту үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Басқару тақтасындағы Орнату  түймешігін басыңыз.
2. **Fax Setup («Факс параметрлері»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Basic Setup («Негізгі параметрлер»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Жауап беру қоңырауының түрі** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. Қалаған қоңырау үлгісін таңдау үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
6. Өнімді орнатып болғаннан кейін қоңырау үлгісі қызметінің дұрыс жұмыс істеуін тексеріп көру үшін біреуден сізге факс жіберуін сұраңыз.


Алынған факстарды компьютерге жіберу үшін өнімді реттеу

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютерді пайдаланып факстерді қабылдау Macintosh үшін қарастырылмаған.

Өнімді бастапқы орнату кезінде бағдарламалық құралдар толық орнатылған жағдайда ғана факстерді компьютерде қабылдау мүмкін болады.


Компьютеріңізде факстерді қабылдау үшін бағдарламалық құралдағы компьютерде қабылдау функциясын қосыңыз.

1. HP ToolboxFX ашыңыз.
2. Өнімді таңдаңыз.
3. **Fax** (Факс) батырмасын басыңыз.
4. **Fax Tasks** (Факс тапсырмалары) батырмасын басыңыз.
5. **Fax Receive Mode** (Факс қабылдау режимі) опциясының төменгі жағында **Receive faxes to this computer** (Факстерді осы компьютерде қабылдау) опциясын таңдаңыз.
6. Факстың компьютерге алынғаны жайлы хабарлама алу үшін **Display a message when a fax is received to this computer** («Осы компьютерге факс келгенде хабарлама көрсету») параметрін таңдаңыз.
7. **Apply** («Қолдану») түймешігін басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Факсты компьютерге қабылдау функциясы тек бір компьютерге ғана орнатылуы мүмкін. Егер осы параметр компьютерден қосылса, параметр бағдарламалық құралдан өшіп, басқа компьютерде орнатылмайды. Факстарды басқа компьютерге алу үшін, алдымен, параметрді басқару панелінен өшіру керек.

Басқару панелінен компьютерде қабылдау функциясын ажыратыңыз

Компьютерде қабылдау функциясын тек қана бір компьютерден қосуға болады. Егер қандай да бір себептермен сол компьютерді пайдалану мүмкін болмай қалса, басқару панелінен компьютерде қабылдау функциясын ажырату үшін мына процедураны пайдалануға болады.


1. Басқару тақтасындағы Орнату  түймешігін басыңыз.
2. **Fax Setup** («Факс параметрлері») мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Advanced Setup** («Күрделі параметрлер») мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Stop Recv to PC** («Компьютерге қабылдауды тоқтату») опциясын таңдау үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.


Кіруші факстер үшін автоматты түрде кішірейту функциясын пайдаланыңыз

Егер бет өлшемдері бойынша масштабтау опциясы қосылған болса, стандартты қағаз өлшеміне сәйкестендіру үшін өнім ұзын факстерді автоматты түрде 75%-ға шейін кішірейтеді (мысалы, факс стандарт пішімінен хат пішіміне кішірейтіледі).

Егер бет өлшемдері бойынша масштабтау опциясы ажыратылған болса, ұзын факстер толық өлшеммен бірнеше беттерде басып шығарылады. Кіруші факстің автоматты түрде кішірейту функциясы үшін зауыттық стандартты мәні: **Қосу**.


Егер **Stamp Faxes** («Факсқа мәлімет қосу») опциясы қосылған болса, автоматты түрде кішірейту функциясын қосуды да қалауыңыз мүмкін. Бұл кіруші факстердің өлшемін аз ғана кішірейтеді және штампты екі бетке салуды болдырмайды.

 **ЕСКЕРІМ:** Баспа құралдарының стандартты өлшемі науаға салынған баспа құралдарының өлшемімен сәйкес келетінін тексеріңіз.

1. Басқару тақтасындағы Орнату  түймешігін басыңыз.
2. **Fax Setup («Факс параметрлері»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Advanced Setup («Күрделі параметрлер»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Fit to page («Бетке сәйкестендіру»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. **Қосу** немесе **Ажырату** таңдау үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, таңдауды сақтау үшін **OK** түймешігін басыңыз.

Факсті қайта басып шығару параметрлерін орнату

Жадыда сақталған факс тапсырмаларын қайта басып шығару үшін өнімнің **Allow Reprint** («Қайта басып шығаруға рұқсат беру») параметрі іске қосылуы тиіс. Факсті қайта басып шығарудың стандартты параметрі **Қосу**. Бұл параметрді басқару панелінен өзгерту үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Басқару тақтасындағы Орнату  түймешігін басыңыз.
2. **Fax Setup («Факс параметрлері»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Advanced Setup («Күрделі параметрлер»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Allow Reprint** («Қайта басып шығаруға рұқсат беру») параметрін таңдау үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланыңыз, одан кейін **OK** түймешігін басыңыз.
5. **Қосу** немесе **Ажырату** опциясын таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.

Allow Reprint («Қайта басып шығаруға рұқсат беру») параметрі қосылғанда өнім факс тапсырмаларын қайта басып шығару мүмкіндігіне ие болады.


Факстың дыбыс деңгейін орнату

Факстің дыбыс деңгейін басқару панелінен басқарыңыз. Сіз мына дыбыстарды өзгерте аласыз:

- Кіруші және шығушы факстермен байланысты факс дыбыстары
- Кіруші факстер үшін қоңырау

Жай — зауыттық әдепкі дыбыс деңгейі.


Дабылдың, телефон желісінің және қоңыраудың дыбыс деңгейлерін орнату

1. Орнату  түймешігін басыңыз.
2. **Жүйені орнату** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.


3. **Volume Settings («Дыбыс деңгейінің параметрлері»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Alarm Volume («Ескерту сигналының дыбыс деңгейі»)** мәзірін, **Phoneline Volume («Телефон желісінің дыбыс деңгейі»)** мәзірін, **Key-Press Volume («Перненің дыбыс деңгейі»)** мәзірін немесе **Ring Volume («Қоңыраудың дыбыс деңгейі»)** мәзірін таңдау үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. **Ажырату, Жай, Орташа** немесе **Қатты** параметрін таңдау үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланыңыз.
6. Таңдауды сақтау үшін **OK** батырмасын басыңыз.

Мөрленетін факстарды орнату

Өнім әрбір қабылданған факстің жоғарғы бөлігінде жіберушінің идентификациялық мәліметін басып шығарады. Оған қоса, факстың қабылданған күні мен уақытын растап отыру үшін, сіз кіруші факстарды өзіңіздің жеке тақырыптық ақпараты бар штамппен таңбалауды қоса аласыз. Қабылданған факстерге штамп басу параметрінің зауыттық стандартты мәні **Ажырату**.

 **ЕСКЕРІМ:** Кіруші штамп қою мүмкіндігін қосу қағаз аумағын азайтып, өнім екінші бетті басып шығаруға мәжбүр болуы мүмкін.


ЕСКЕРІМ: Бұл опция өнім басып шығаратын қабылданған факстерге ғана қолданылады.

1. Басқару тақтасындағы Орнату  түймешігін басыңыз.
2. **Fax Setup («Факс параметрлері»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Advanced Setup («Күрделі параметрлер»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Stamp Faxes («Факсқа мәлімет қосу»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. **Қосу** немесе **Ажырату** таңдау үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, таңдауды сақтау үшін **OK** түймешігін басыңыз.

Жеке қабылдау мүмкіндігін белгілеу


Құпия түрде қабылдау мүмкіндігі қосылған жағдайда қабылданған факстер жадта сақталады. Сақталған факстерді басып шығару үшін жеке идентификациялық нөмір (PIN) қажет етіледі.

Құпия түрде қабылдау мүмкіндігін қосыңыз

1. Басқару тақтасындағы Орнату  түймешігін басыңыз.
2. **Fax Setup («Факс параметрлері»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Advanced Setup («Күрделі параметрлер»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Private Receive («Құпия факстарды қабылдау»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.

5. **Қосу** опциясын таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
6. Өнім қауіпсіздігі құпия сөзін енгізу үшін пернетақтаны пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
7. Өнім қауіпсіздігі құпия сөзін растау үшін пернетақтаны пайдаланып, құпия сөзді қайта енгізіңіз, одан кейін **OK** түймешігін басыңыз.

Құпия түрде қабылдау мүмкіндігін өшіру


1. Басқару тақтасындағы Орнату  түймешігін басыңыз.
2. **Fax Setup («Факс параметрлері»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. Өнім қауіпсіздігі құпия сөзін енгізу үшін пернетақтаны пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Advanced Setup («Күрделі параметрлер»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. **Private Receive («Құпия факстарды қабылдау»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
6. **Ажырату** опциясын таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.

Факс жадында қандай да бір басып шығарылмаған факстар қалып қоятын болса, өнім факстарды басып шығарып, оларды жадтан өшіреді.

Private Receive («Құпия факстарды қабылдау») параметрі қосылғанда өнім құпия факс тапсырмаларын басып шығару мүмкіндігіне ие болады.

Факске сұрақ жіберуді орнату


Егер басқа біреу сұрақ қабылдайтын факс орнатса, сіз факсті өніміңізге жіберуді сұрай аласыз. (Басқа машинаға сұрақ жіберу).

1. Басқару тақтасындағы **Fax Menu («Факс мәзірі»)**  түймешігін басыңыз.
2. **Receive Options («Қабылдау параметрлері»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Polling receive («Сұралған факсты қабылдау»)** опциясын таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.

Өнім басқа факстің нөмірін теріп, факс жіберуді сұрайды.

Өнім факсын өшіру

Басқару панелінде өнім факсын өшіруге болады (бағдарламалық және аппараттық құрал). Факс функциялары өшірілген болса да, telephone («телефон») факс портына жалғанған құрылғылар жұмысын жалғастыра береді. Өнім жіберілген факстарды қабылдамайды және сақтамайды.

1. Басқару тақтасындағы Орнату  түймешігін басыңыз.
2. **Жүйені орнату** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.

3. **Disable Fax («Факсты өшіру»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Қосу** опциясын таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. Келесі қадамдардың бірін орындаңыз:
 - Егер кілтсөз **Product Security («Өнім қауіпсіздігі»)** параметріне қойылған болса, кілтсөзді енгізіп **OK** түймешігін басыңыз.
 - Егер **Product Security («Өнім қауіпсіздігі»)** параметріне кілтсөз қойылмаған болса, ұсынылғанда оны құрастырып, **OK** түймешігін басыңыз.

Факсты іске қосу үшін сол процедураны қайталаңыз. **Ажырату** параметрі факс функцияларын қалпына келтіреді.

Факсті пайдаланыңыз

Факстің бағдарламалық құралдары

Сәйкес келетін факс бағдарламалары

Өніммен қосылып келетін компьютерлік факс бағдарламасы ғана өніммен жұмыс істеуге жарамды болады. Компьютерде бұрынырақ орнатылған компьютерлік факс бағдарламасын пайдалануды жалғастыру үшін оны компьютерге алдын ала қосылған модем арқылы пайдалану қажет; ол өнімнің модемі арқылы жұмыс істемейді.

Факсті тоқтату

Ағымдағы уақытта нөмірі теріліп жатқан жеке факсті немесе беріліп немесе қабылданып жатқан жеке факсті тоқтату үшін осы нұсқауларды пайдаланыңыз.

Ағымдағы факсті тоқтатыңыз


Басқару тақтасындағы Бас тарту **X** түймешігін басыңыз. Әлі берілмеген беттер тоқтатылады. Бас тарту **X** түймешігі басылғанда топтық теру тапсырмалары да тоқтатылады.

Орындалуын күтіп тұрған факс тапсырмасын тоқтатыңыз

Бұл процедураны факс тапсырмасын мынадай жағдайларда тоқтату үшін пайдаланыңыз:

- Бос емес сигналынан, жауапсыз шақырудан немесе байланыс қатесінен кейін өнім нөмірді қайта теруді күтіп тұр.
- Факс алдағы уақытта жіберілетін етіп жоспарланған.


Fax Job status (Факс тапсырмасының күй-жайы) мәзірін пайдаланып факс тапсырмасын тоқтату үшін мына қадамдарды орындаңыз:


1. Басқару тақтасындағы **Fax Menu** («Факс мәзірі»)  түймешігін басыңыз.
2. **Send Options** («Факс жіберу параметрлері») мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Fax Job Status** («Факс тапсырмасының күйі») мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. Жойғыңыз келетін тапсырмаға жеткенше бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланып орындалуға кезекте тұрған тапсырмалар бойынша тізімі бойынша жылжыңыз.
5. Тоқтатқыңыз келетін тапсырманы таңдау үшін **OK** түймешігін басыңыз.
6. Тапсырманы жойғыңыз келетіндігін растау үшін **OK** түймешігін басыңыз.

Факстерді жадтан өшіріңіз

Басқа біреу сіздің өніміңізді пайдаланып, оның жадында сақталған факстерді қайта басып шығаруы мүмкін деп алаңдасаңыз ғана осы процедураны пайдаланыңыз.

- △ **ЕСКЕРТУ:** Қайта басып шығару жадын тазалаумен қатар бұл процедура жіберіліп жатқан факсті, жіберілмеген, бірақ кезекте тұрған факстерді, алдағы уақытта жіберуге жоспарланған факстерді және басып шығарылмаған немесе жіберілмеген факстерді жояды.


1. Басқару тақтасындағы Орнату  түймешігін басыңыз.



2. **Қызмет** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Fax Service («Факс қызметі»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Clear Saved Faxes («Сақталған факстарды жою»)** опциясын таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. Өшіруді растау үшін **OK** түймешігін басыңыз.

Факсті DSL, PBX немесе ISDN жүйелерінде пайдалану


HP өнімдері әдеттегі аналогтық телефон қызметтерімен бірге пайдалануға арналып жасалған. Олар DSL, PBX, ISDN желілерінде жұмыс істеуге арналып жасалмаған немесе VoIP қызметтерімен сәйкес келмейді, бірақ олар дұрыс реттеу мен жабдықтар қамтамасыз етілген жағдайда жұмыс істеуі мүмкін.

 **ЕСКЕРІМ:** HP компаниясы DSL, PBX, ISDN және VoIP реттеу опцияларын қызмет көрсетушімен талқылап көруді ұсынады.

HP LaserJet өнімі цифрлық телефон жабдықтарының барлығымен үйлесе бермейтін аналогтық құрылғы болып табылады (цифрлық-аналогтық түрлендіргіш пайдаланылмаса). HP компаниясы өнімнің цифрлық жабдықтармен немесе цифрлық-аналогтық түрлендіргіштермен үйлесімділігіне кепілдік бермейді.

DSL (Цифрлық абоненттік желі)

Цифрлық абоненттік желі (DSL) стандартты мыстан жасалған телефон сымдарын пайдаланатын цифрлық технологияны пайдаланады. Бұл өнім цифрлық сигналдармен тура үйлеспейді. Бірақ, цифрлық абоненттік желіні орнату кезінде конфигурация анықталған болса, жиілік диапазонының бір бөлігін аналогтық сигналды (дауыс пен факс үшін) жіберуге, ал қалған бөлігін цифрлық мәліметтерді жіберуге болатындай етіп сигналды бөлуге болады.

 **ЕСКЕРІМ:** Цифрлық абоненттік желі қызметтеріне факстердің барлығы сәйкес келе бермеуі мүмкін. HP компаниясы өнімнің барлық DSL абоненттік желілерімен немесе қызмет көрсетушілерімен үйлесімділігіне кепілдік бермейді.

Қалыпты DSL модем жоғары жиіліктегі DSL модем байланысын төменгі жиіліктегі аналог телефоны мен факс модемінің байланысынан ажырату үшін сүзгі пайдаланады. Әдетте, DSL модемі пайдаланатын телефон желісіне қосылған аналог телефондары мен аналог факс құрылғыларымен сүзгіні қолдану қажет болады. Әдетте, DSL қызметінің провайдері осы сүзгіні қамтамасыз етеді. Қосымша ақпарат немесе көмек алу үшін DSL қызмет көрсетушісіне хабарласыңыз.

PBX (Жеке пайдалануға арналған телефон жүйесі)

Өнім цифрлық телефон жабдықтарының барлығымен үйлесе бермейтін аналогтық құрылғы болып табылады. Факс функциясы үшін цифрлық-аналогтық фильтрлер немесе түрлендіргіштер қажет болуы мүмкін. Егер жеке пайдалануға арналған телефон жүйесінде факсті пайдалану қажеттілігі пайда болса, көмек алу үшін жеке пайдалануға арналған телефон жүйесінің қызмет көрсетушісіне хабарласыңыз. НР компаниясы өнімнің цифрлық жабдықтармен немесе цифрлық-аналогтық түрлендіргіштермен үйлесімділігіне кепілдік бермейді.

Қосымша ақпарат немесе көмек алу үшін жеке пайдалануға арналған телефон жүйесінің қызмет көрсетушісіне хабарласыңыз.

ISDN (Кешенді қызметтер көрсететін цифрлық желі)

Қосымша ақпарат немесе көмек алу үшін кешенді қызметтер көрсететін цифрлық желінің қызмет көрсетушісіне хабарласыңыз.

Факсті VoIP қызметінде пайдалану

Егер қызмет көрсетуші IP қызметтерімен қатар факс қызметтерін көрсету туралы анық мәлідемесе, IP протоколы бойынша дауыстық трафикті беру (VoIP) қызметтері көбінесе факс машиналарымен үйлеспейді.

Егер өнімдегі факстің IP протоколы бойынша дауыстық трафикті беру желісінде жұмыс істеуі кезінде проблемалар болса, барлық кабельдердің және параметрлердің дұрыстығын тексеріңіз. Факс жылдамдығының параметрін азайту өнімнің IP протоколы бойынша дауыстық трафикті беру желісі арқылы факс жіберу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Егер факс жіберу проблемалары жойылмаса, IP протоколы бойынша дауыстық трафикті беру бойынша қызмет көрсетушісіне хабарласыңыз.

Факс жады

Қуат көзі ажыратылғанда факс жады сақталып қалады

Электр қуаты ажыратылған жағдайда, флэш-жад мәліметтердің жоғалуын болдырмайды. Басқа факс құрылғылары факс беттерін қалыпты оперативті жадта немесе қысқа мерзімді оперативті жадта сақтайды. Қуат көзінен ажыратылу кезінде қалыпты оперативті жадтағы мәліметтер бірден жоғалады, ал қысқа мерзімді оперативті жадтағы мәліметтер мұндай жағдайда шамамен 60 минуттан кейін жоғалады. Флэш-жадта мәліметтер қуат көзіне қоспай-ақ көп жылдарға сақтай алады.

Факсті жіберіңіз

Планшетті сканерден факс жіберу

1. Құжатты төмен қаратып сканер әйнегіне салыңыз.




2. **Phone Book** («Телефон кітапшасы») түймешігін басыңыз.
3. Тізімнен телефон кітабының жазбасын таңдаңыз. Егер жазба болмаса, нөмірді теру үшін басқару тақтасындағы пернетақтаны пайдаланыңыз.
4. Басқару тақтасындағы **Start Fax** («Факс жіберуді бастау») түймешігін басыңыз. Өнім факс тапсырмасын орындауды бастайды.

Құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысындағы факс


1. Құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысына түпнұсқалардың бетін жоғары қаратып салыңыз.



ЕСКЕРІМ: Құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысының сыйымдылығы 75 г/м^2 немесе 20 фунттық баспа қағазының 35 парағын құрайды.

ЕСКЕРТУ: Өнімнің зақымдалуын болдырмау үшін түзету таспалары, түзету сұйықтығы, қағаз қыстырғыштары немесе қапсырмалары бар түпнұсқаларды пайдаланбаңыз. Оған қоса, құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысына фотосуреттерді, шағын түпнұсқаларды немесе сынуға бейім түпнұсқаларды салмаңыз.




2. Бағыттағыштарды қағазды қысып тұратындай етіп реттеңіз.





3. **Phone Book** («Телефон кітапшасы»)  түймешігін басыңыз.
4. Тізімнен телефон кітабының жазбасын таңдаңыз. Егер жазба болмаса, нөмірді теру үшін басқару тақтасындағы пернетақтаны пайдаланыңыз.
5. Басқару тақтасындағы **Start Fax** («Факс жіберуді бастау»)  түймешігін басыңыз. Өнім факс тапсырмасын орындауды бастайды.

Нөмірді қолмен теру арқылы факс жіберу

Әдетте, өнім **Start Fax** («Факс жіберуді бастау»)  түймешігі басылғаннан кейін нөмірді тереді. Дегенмен, кей кездері, сіз әрбір басуыңызда өнімнің әрбір нөмірді теруін қалауыңыз мүмкін. Мысалы, сіз факс шақыруын телефон карточкасы арқылы орындасаңыз, факс нөмірін теру, телефон компаниясының қабылдау сигналын күту, сонан соң телефон карточкасының нөмірін теру қажет болуы мүмкін. Халықаралық нөмірлерді тергенде нөмірдің бір бөлігін теріп, жалғастырудан бұрын байланысқа дайын болу сигналын күту қажет болуы мүмкін.

Факсті топқа қолмен жіберіңіз (жоспарланбаған факс жіберу)

Бірнеше алушыға факс жібергенде келесі нұсқауларды пайдаланыңыз:

1. Құжатты құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысының кіріс науасына салыңыз.
2. **Phone Book** («Телефон кітапшасы»)  түймешігін басыңыз.
3. Тізімнен телефон кітабының жазбасын таңдаңыз. Егер жазба болмаса, нөмірді теру үшін басқару тақтасындағы пернетақтаны пайдаланыңыз.
4. Нөмірлерді теруді жалғастыру үшін 2- және 3-қадамдарды қайталаңыз. Егер нөмірлерді теруді бітірсеңіз, келесі қадамға өтіңіз.
5. **Start Fax** («Факс жіберуді бастау»)  түймешігін басыңыз.
6. Сканерленетін басқа беттер болса, 1 түймешігі арқылы **Иә** параметрін таңдап, факс тапсырмасының әрбір беті үшін 5-қадамды қайталаңыз. Егер бітірсеңіз, 2 түймешігін басып, **Жоқ** опциясын таңдаңыз.

Өнім факсті әрбір факс нөміріне жібереді. Егер топтағы нөмір бос емес болса немесе жауап бермесе, өнім сол нөмірді қайта теру параметріне негізделіп қайта тереді. Егер барлық қайта теру әрекеттері сәтсіз аяқталса, өнім факс жұмыстарын тіркеу журналына қатені қосып жаңартады, сонан соң ол топтағы келесі нөмірге өтеді.

Қолмен нөмірді қайта теру

1. Құжатты құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысына салыңыз.
2. Басқару тақтасындағы **Redial** («Қайта теру») түймешігін басыңыз.
3. **Start Fax** («Факс жіберуді бастау») түймешігін басыңыз.
4. Егер сізде сканерлейтін басқа беттер болса, **1** түймешігін басып, **Иә** опциясын таңдаңыз, содан кейін факс тапсырмасының әрбір беті үшін 3-қадамды қайталаңыз. Егер бітірсеңіз, **2** түймешігін басып, **Жоқ** опциясын таңдаңыз.

Өнім факсті қайта терілген нөмірге жібереді. Егер нөмір бос емес болса немесе жауап бермесе, өнім нөмірді қайта теру параметріне негізделіп қайта тереді. Егер барлық қайта теру әрекеттері сәтсіз аяқталса, өнім факс жұмыстарын тіркеу журналына қатені қосып жаңартады.

Нөмірді тез теру және нөмірлер тобын теру жазбаларын пайдаланыңыз

Нөмірді тез теру арқылы факс жіберіңіз

1. Құжатты құжат бергішінің кіріс науасына немесе планшетті сканерге салыңыз.
2. Төмендегілердің біреуін орындаңыз:
 - Нөмірді тез теру үшін бір рет басылатын түймешікті басыңыз.
 - **Phone Book** («Телефон кітапшасы») түймешігін басып, жылдам теру жазбасын белгілеу үшін әріптік-сандық түймешіктерді пайдаланыңыз да, **OK** түймешігін басыңыз.
3. Құжатты құжат бергішінің кіріс науасына немесе планшетті сканерге салыңыз.
4. **Start Fax** («Факс жіберуді бастау») түймешігін басыңыз. Жіберілетін беттер құжат бергішінде болса, факс автоматты түрде жіберіледі.
5. Құжат бергішінің датчигі кіру науасында құжаттың жоқтығын анықтаса, басқару панелінің дисплейінде **Send from glass? 1=Yes 2=No** («Әйнектен жіберу керек пе? 1= Иә 2=Жоқ») хабары көрсетіледі. Планшетті сканерден факс жіберу мақсатында **Иә** параметрін таңдау үшін **1** түймешігін, одан кейін **OK** түймешігін басыңыз.

OK түймешігін басқаннан кейін басқару панелінің дисплейінде **Load page: X Press OK** («X бет салыңыз, OK басыңыз») хабарламасы көрсетіледі.
6. Құжат планшетті сканерге қойылған болса, **OK** түймешігін басыңыз (немесе құжатты планшетті сканерге қойып, **OK** түймешігін басыңыз).

Бетті сканерлеп болғаннан кейін басқару панелінің дисплейінде **Another page? 1=Yes 2=No** («Басқа бет? 1= Иә 2=Жоқ») көрсетіледі.
7. Егер сізде сканерлейтін басқа беттер болса, **1** түймешігін басып **Иә** тармағын таңдаңыз, сонан соң факс тапсырмасының әрбір беті үшін 5-қадамды қайталаңыз.

Егер бітірсеңіз, **2** түймешігін басып **Жоқ** тармағын таңдаңыз.

Факстің соңғы беті өнімнен шыққанда, сіз келесі факсті жіберуді, көшіруді немесе сканерлеуді бастай аласыз.

Нөмірлер тобын теру жазбасын пайдаланып факс жіберіңіз

1. Құжатты құжат бергішінің кіріс науасына немесе планшетті сканерге салыңыз.
2. Келесі қадамдардың бірін орындаңыз:
 - Нөмірді тез теру үшін бір рет басылатын түймешікті басыңыз.
 - **Phone Book** («Телефон кітапшасы») түймешігін басып, топтық теру жазбасын белгілеу үшін әріптік-сандық түймешіктерді пайдаланыңыз да, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Start Fax** («Факс жіберуді бастау») түймешігін басыңыз. Жіберілетін беттер құжат бергішінде болса, факс автоматты түрде жіберіледі.
4. Құжат бергішінің датчигі кіру науасында құжаттың жоқтығын анықтаса, басқару панелінің дисплейінде **Send from glass? 1=Yes 2=No** («Әйнектен жіберу керек пе? 1= Иә 2=Жоқ») хабары көрсетіледі. Планшетті сканерден факс жіберу мақсатында **Иә** параметрін таңдау үшін **1** түймешігін, одан кейін **OK** түймешігін басыңыз.

OK түймешігін басқаннан кейін басқару панелінің дисплейінде **Load page: X Press OK** («X бет салыңыз, OK басыңыз») хабарламасы көрсетіледі.
5. Құжат планшетті сканерге қойылған болса, **OK** түймешігін басыңыз (немесе құжатты планшетті сканерге қойып, **OK** түймешігін басыңыз).

Бетті сканерлеп болғаннан кейін басқару панелінің дисплейінде **Another page? 1=Yes 2=No** («Басқа бет? 1= Иә 2=Жоқ») көрсетіледі.
6. Егер сізде сканерлейтін басқа беттер болса, **1** түймешігін басып **Иә** тармағын таңдаңыз, сонан соң факс тапсырмасының әрбір беті үшін 5-қадамды қайталаңыз.

Егер бітірсеңіз, **2** түймешігін басып **Жоқ** тармағын таңдаңыз.

Өнім құжатты жадына сканерлейді және факсті көрсетілген әрбір нөмірге жібереді. Егер топтағы нөмір бос емес болса немесе жауап бермесе, өнім нөмірді қайта теру параметріне негізделіп қайта тереді. Егер барлық қайта теру әрекеттері сәтсіз аяқталса, өнім факс жұмыстарын тіркеу журналына қатені қосып жаңартады, сонан соң ол топтағы келесі нөмірге өтеді.

Бағдарламалық құралдардан факс жіберіңіз

Келесі мәліметте өніммен бірге келген бағдарламалық құралды пайдаланып, факстерді жіберуге арналған негізгі нұсқаулар берілген. Бағдарламалық құралдарға қатысты басқа барлық тақырыптар бағдарламалық құралдардың Көмек бөлімінде қамтылған және оны бағдарламаның **Help** (Көмек) мәзірінен ашуға болады.

Егер сіз мына талаптарға жауап берсеңіз, электрондық құжаттарды компьютерден факс арқылы жібере аласыз:

- Өнім тікелей компьютерге немесе компьютер қосылған желіге жалғанған.
- Өнімнің бағдарламалық құралдары компьютерде орнатылған.
- Өнім компьютердің амалдық жүйесін қолдайды.

Бағдарламалық құралдардан факс жіберіңіз

Факс жіберу процедурасы сіздің техникалық талаптарыңызға байланысты өзгереді. Ең көп пайдаланылатын әрекеттер.

1. **Бастай** түймешігін басып, **Programs** («Бағдарламалар») (немесе Windows XP үшін **All Programs** («Барлық бағдарламалар»)) тармағын, содан кейін **HP** тармағын таңдаңыз.
2. Өнім атауын басып, одан кейін **Send fax** (Факс жіберу) түймешігін басыңыз. Факстың бағдарламалық құралы ашылады.
3. Бір немесе бірнеше қабылдаушының факс нөмірін енгізіңіз.
4. Құжатты құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысына салыңыз.
5. **Send Now** (Қазір жіберу) батырмасын басыңыз.


Үшінші жақтың Microsoft Word сияқты бағдарламасынан факс жіберіңіз

1. Үшінші жақтың бағдарламасында құжатты ашыңыз.
2. **File** (Файл) мәзірін басыңыз, сонан соң **Print** (Басып шығару) батырмасын басыңыз.
3. Принтер драйверінің ашылатын тізімінен факс басып шығару драйверін таңдаңыз. Факстың бағдарламалық құралы ашылады.
4. Бір немесе бірнеше қабылдаушының факс нөмірін енгізіңіз.
5. Өнімге салынған беттерді қосыңыз. Бұл қадам міндетті емес.
6. **Send Now** (Қазір жіберу) батырмасын басыңыз.

Факс желісіне жалғанған телефонмен теру арқылы факсті жіберу


Кейде, өнім қосылған желідегі телефоннан факс нөмірін теру қажет болуы мүмкін. Мысалы, егер сіз құрылғысы қолмен қабылдау режимінде тұрған кісіге факс жіберсеңіз, факстің алдында дауыстық шақыру арқылы сіз сол кісіге факс жіберілетінін хабарлай аласыз.

 **ЕСКЕРІМ:** телефон өнімнің «телефон» портына  қосылған болуы тиіс.

1. Құжатты құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысына салыңыз.
2. Өнім қосылған желідегі телефон тұтқасын көтеріңіз. Телефон батырматақтасын пайдаланып факс нөмірін теріңіз.
3. Қабылдаушы жауап бергенде одан факс машинасында факс қабылдауды бастауын сұраңыз.
4. Факс үні естілгенде **Start Fax** («Факс жіберуді бастау»)  түймешігін басыңыз, басқару панелінің дисплейінде **Connecting** («Қосылуда») хабары шыққанша күтіп, телефон тұтқасын орнына қойыңыз.


Факсты растап, жіберу

Факс жіберушіден алушы құрылғысының нөмірін растауды талап ету үшін өнімнің басқару панелін қолданыңыз.

1. Басқару тақтасындағы Орнату  түймешігін басыңыз.
2. **Fax Setup («Факс параметрлері»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Advanced Setup («Күрделі параметрлер»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Факсты растау** опциясын таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. **Қосу** немесе **Ажырату** опциясын таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.


Факстің кейін жіберілуін жоспарлау


Бір немесе бірнеше адамдарға алдағы уақытта автоматты түрде жіберілуі тиіс факсті жоспарлау үшін өнімнің басқару панелін пайдаланыңыз. Бұл процедура біткеннен кейін, өнім құжатты жадына сканерлейді, сонан соң Дайын жағдайына қайта оралады.


 **ЕСКЕРІМ:** Егер өнім факсті жоспарланған уақытта жібере алмаса, сәйкес мәлімет факс қатесі есебінде көрсетіледі (егер сол опция қосылған болса) немесе факс жұмыстарын тіркеу журналына жазылады. Факс жіберу шақыруына жауап болмағандықтан немесе бос емес сигналы нөмірді қайта теру әрекеттерін тоқтатқандықтан берілім басталмауы мүмкін.


Егер факс алдағы уақытта жіберілетін етіп жоспарланса, бірақ оны жаңарту қажет болса, қосымша мәліметті бөлек тапсырма ретінде жіберіңіз. Бір факс нөміріне бір мезгілде жіберілетін етіп жоспарланған барлық факстер жеке факстер түрінде жіберіледі.

1. Құжатты құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысына салыңыз.



2. Басқару тақтасындағы **Fax Menu** («Факс мәзірі»)  түймешігін басыңыз.



3. **Send Options** («Факс жіберу параметрлері») мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Send Fax Later** («Факсті кейін жіберу») мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. Уақытты енгізу үшін пернетақтаны пайдаланыңыз.
6. Егер өнім 12 сағаттық уақыт режиміне қойылған болса, Түске дейін (Т.Д.) немесе Түстен кейін (Т.К.) орнату үшін курсорды төртінші таңбаның соңына жылжыту үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз. Түске дейінгі уақыт үшін **1** түймешігін, ал түстен кейінгі уақыт үшін **2** түймешігін таңдап, **OK** түймешігін басыңыз. Егер өнім 24 сағаттық уақытқа қойылған болса, **OK** түймешігін басыңыз.
7. Стандартты күнді қабылдау үшін **OK** түймешігін басыңыз немесе күнді орнату үшін пернетақтаны пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
8. Факс нөмірін енгізіңіз.
ЕСКЕРІМ: Бұл функция анықталмаған (жоспарланбаған) топтарды қолдамайды.
9. **OK** түймешігін немесе **Start Fax** («Факс жіберуді бастау»)  түймешігін басыңыз. Өнім құжатты жадқа сканерлейді және оны белгіленген уақытта жібереді.

Кіру кодтарын, несие карточкаларын немесе телефон карточкаларын пайдаланыңыз

Кіру кодтарын, несие карточкаларын немесе телефон карточкаларын пайдалану үшін үзілістерді және нөмір теру кодтарын ескеру үшін нөмірді қолмен теріңіз.

Халықаралық факстерді жіберіңіз

Факсті шетелдегі нөмірге жіберу үшін үзілістерді және халықаралық теру кодтарын ескеру үшін нөмірді қолмен теріңіз.


Факсті алыңыз

Факсті басып шығару

Өнім факс берілімін алғанда, ол факсті басып шығарады (егер факсті құпия түрде қабылдау функциясы қосылмаса) және оны автоматты түрде флэш жадқа сақтайды.

Жеке қабылдау мүмкіндігі қосулы болғанда сақталған факсті басып шығару


Сақталған факстерді басып шығару үшін жеке идентификациялық кодты (PIN) енгізу қажет. Өнім сақталған факстерді басып шығарғаннан кейін факстер жадтан өшіріледі.


1. Басқару тақтасындағы **Fax Menu** («Факс мәзірі»)  түймешігін басыңыз.
2. **Receive Options** («Қабылдау параметрлері») мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Print Faxes** («Факстарды басып шығару») опциясын таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. Өнім қауіпсіздігінің PIN кодын енгізу үшін пернетақтаны пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. **Private Receive** («Құпия факстарды қабылдау») мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.


Факсті қайта басып шығарыңыз

Басып шығару картриджи бос болғандықтан немесе факс баспа құралының дұрыс емес түріне басып шығарылғандықтан сіз факсті қайта басып шығарғыңыз келсе, оны қайта басып шығаруға болады. Қайта басып шығару үшін сақталған факстердің нақты саны жарамды жад көлемімен анықталады. Ең соңғы сақталған факс бірінші болып басылып шығарылады; сақталып тұрған ең ескі факс соңында басылып шығарылады.


Бұл факстер тұрақты түрде сақталады. Оларды қайта басып шығарғанда олар жадтан өшірілмейді.

1. Басқару тақтасындағы **Fax Menu** («Факс мәзірі»)  түймешігін басыңыз.
2. **Receive Options** («Қабылдау параметрлері») мәзірін таңдау үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. Бағыт көрсеткіш түймешікпен **Print Faxes** («Факстарды басып шығару») тармағын таңдап, **OK** түймешігін басыңыз. Өнім ең соңғы басып шығарылған факсті қайта басып шығаруды бастайды.

 **ЕСКЕРІМ:** Кез келген уақытта басып шығаруды тоқтату үшін Бас тарту **X** түймешігін басыңыз.

 **ЕСКЕРТУ:** Егер **Allow Reprint** («Қайта басып шығаруға рұқсат беру») параметрі **Ажырату** күйіне орнатылған болса, дұрыс басылмаған немесе күңгірттенген факстар қайта басылмайды.

Алынған факстардың екі жағына автоматты түрде басып шығару

1. Басқару тақтасындағы **Орнату**  түймешігін басыңыз.
2. **Fax Setup** («Факс параметрлері») мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.

3. **Advanced Setup («Күрделі параметрлер»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Print Duplex («Парақтың екі жағында басып шығару»)** опциясын таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. **Қосу** немесе **Ажырату** опциясын таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.

Факс сигналдары телефон желісінде естілетін жағдайда факстерді қабылдаңыз

Егер сізде факс және телефон қоңырауларын қабылдайтын телефон желісі болса және сіз телефонмен жауап берген кезде факс сигналдарын естісеңіз, сіз екі әдістің бірін пайдаланып факс қабылдауды бастауыңызға болады:

- Егер өнімге жақын тұрсаңыз, басқару тақтасындағы **Start Fax («Факс жіберуді бастау»)** түймешігін басыңыз.
- Егер олай болмаса, телефон пернетақтасында 1-2-3 сандарын кезекпен басып, факс берілу дыбыстарын тыңдаңыз, сонан соң телефон тұтқасын қойыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Екінші әдістің жүзеге асуы үшін **Қосымша телефон** параметрін **Иә** мәніне орнату қажет.

Факстерді компьютерге қабылдау

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютерді пайдаланып факстерді қабылдау Macintosh үшін қарастырылмаған.

Өнімді бастапқы орнату кезінде бағдарламалық құралдар толық орнатылған жағдайда ғана факстерді компьютерде қабылдау мүмкін болады.

Компьютеріңізде факстерді қабылдау үшін бағдарламалық құралдағы компьютерде қабылдау функциясын қосыңыз.

1. HP ToolboxFX ашыңыз.
2. Өнімді таңдаңыз.
3. **Fax** (Факс) батырмасын басыңыз.
4. **Fax Tasks** (Факс тапсырмалары) батырмасын басыңыз.
5. **Fax Receive Mode** (Факс қабылдау режимі) опциясының төменгі жағында **Receive faxes to this computer** (Факстерді осы компьютерде қабылдау) опциясын таңдаңыз.

Басқару панелінен компьютерде қабылдау функциясын ажыратыңыз

Компьютерде қабылдау функциясын тек қана бір компьютерден қосуға болады. Егер қандай да бір себептермен сол компьютерді пайдалану мүмкін болмай қалса, басқару панелінен компьютерде қабылдау функциясын ажырату үшін мына процедураны пайдалануға болады.

1. Басқару тақтасындағы **Орнату** түймешігін басыңыз.
2. **Fax Setup («Факс параметрлері»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.

3. **Advanced Setup («Күрделі параметрлер»)** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Компьютерге қабылдауды тоқтату** опциясын таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.

Компьютер режимінде қабылданған уақытта жаңа жеткізілген факсті көру

1. HP ToolboxFX ашыңыз.
2. Өнімді таңдаңыз.
3. **Fax** (Факс) батырмасын басыңыз.
4. **Fax Receive Log** (Факс қабылдауды тіркеу журналы) батырмасын басыңыз.
5. **Fax Image** (Факс кескіні) бағанасында көргіңіз келетін факстің «көру» сілтемесін басыңыз.

Факс мәселелерін шешіңіз


Факстің ақаулықтарын жою туралы бақылау кестесі

- Бірнеше ықтимал шешім қолжетімді болады. Әр ұсынылған әрекеттен кейін ақаудың жойылғанын тексеру үшін қайта факс жіберіп көріңіз.
 - Факс ақауларын жойғанда жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін құрылғы сымы тікелей қабырғадағы телефон ұясына жалғанғанын қадағалаңыз. Құрылғыға жалғанған басқа құрылғылардың барлығын ажыратыңыз.
1. Телефон кабелінің құрылғының артқы жағындағы дұрыс ұяға жалғанғанын тексеріңіз.
 2. Факс тексеруін пайдаланып, телефон желісін тексеріңіз:
 - a. Басқару тақтасында **Параметрлерді орнату** мәзірін, одан кейін **Қызмет** мәзірін ашыңыз.
 - b. **Fax Service («Факс қызметі»)** опциясын таңдаңыз.
 - c. **Run Fax Test («Факсты тексеру»)** опциясын таңдаңыз. Құрылғы факс тексеруінің есебін басып шығарады.

Есепте келесі ықтимал нәтижелер болады:

 - **Сәтті:** Есепте қарап шығуға болатын ағымдағы факс параметрлері бар.
 - **Сәтсіз:** Сым қате ұяға жалғанған. Есепте осы мәселені шешу жолдары көрсетілген.
 - **Сәтсіз :** Телефон желісі ажыратылған. Есепте осы мәселені шешу жолдары көрсетілген.
 3. Өнімге орнатылған бағдарламалық құрал ағымдағы екенін тексеріңіз:
 - a. Ағымдағы бағдарламалық құралдың орнатылған күнін көру үшін басқару тақтасының **Есептер** мәзірінен конфигурациялық бетті басып шығарыңыз.
 - b. www.hp.com торабына өтіңіз.
 1. **Қолдау және драйверлер** сілтемесін басыңыз.
 2. **Драйверлер мен (орнатылған) бағдарламалық құралды жүктеп алу** сілтеме опциясын басыңыз.
 3. **For product («Құрылғыға арналған»)** терезесінде құрылғының үлгі нөмірін теріп, **Go («Орындау»)** түймешігін басыңыз.

4. Амалдық жүйеге қарай сілтемені басыңыз.
5. Үстелдің Орнатылған бағдарламалық құралдар бөліміне жылжып барыңыз.
 - Тізімдегі нұсқа конфигурация бетіндегі нұсқаға сәйкес келетін болса, ең соңғы нұсқаны пайдаланып жүргеніңіз.
 - Нұсқалар әр түрлі болатын болса, бағдарламалық құрал жаңарту файлын жүктеп, экрандағы нұсқауларды орындай отырып, құрылғыға орнатылған бағдарламалық құралды жаңартыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Орнатылған бағдарламалық құралды жаңарту үшін құрылғы интернетке кіретін компьютерге жалғанған болуы тиіс.

- Факсті қайта жіберіңіз.
4. Құрылғының бағдарламалық құралы орнатылған уақытта факс параметрлері реттелгенін тексеріңіз.


Компьютердегі HP бағдарламалық қалтадан Fax Setup Utility («Факс параметрлерін реттеу утилитасы») бағдарламасын қосыңыз.

5. Телефон қызметінің аналог факсты қолдайтынын тексеріңіз.
 - ISDN немесе сандық PBX қолданылғанда аналог факс желісі байланысын реттеу ақпаратын алу үшін қызмет провайдеріне хабарласыңыз.
 - VoIP қызметін пайдаланғанда **Факс жылдамдығы** параметрін **Баяу (V.29)** күйіне өзгертіңіз немесе басқару тақтасында **Жылдам (V.34)** параметрін ажыратыңыз. Қызмет провайдері факс қызметін қолдайтынын және ұсынылған факс модемінің жылдамдығын сұраңыз. Кейбір компаниялар адаптерді сұрауы мүмкін.
 - DSL қызметін пайдаланғанда құрылғының телефон желісі байланысында сүзгінің бар-жоғын тексеріңіз. DSL қызметінің провайдеріне хабарласыңыз немесе болмаған жағдайда DSL сүзгісін сатып алыңыз. DSL сүзгісі орнатылған болса, ақаулы болу ықтималы жоғары болғандықтан басқасын пайдаланып көріңіз.
6. Қате жоғалмаса, осы бөлімнен кейінгі бөлімдерде күрделі мәселелердің шешімдерін қараңыз.



Факс қатесі туралы хабарлар


Сигналдық және ескерту хабарлары уақытша көрсетіледі және тапсырманы қалпына келтіру үшін **OK** түймешігін басу арқылы немесе тапсырманы тоқтату үшін Бас тарту **X** түймешігін басу арқылы растауды талап етуі мүмкін. Белгілі бір ескертулер шыққанда тапсырма бітпей қалуы мүмкін немесе басып шығару сапасы төмендеуі мүмкін. Егер сигналдық немесе ескерту хабары басып шығаруға қатысты болса және автоматты жалғастыру функциясы қосылған болса, ескерту хабары 10 секундқа шыққаннан кейін өнім басып шығару тапсырмасын растаусыз жалғастыруға әрекет жасайды.


Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
Comm. Error («Байланыс қатесі»)	Өнім мен жіберуші немесе қабылдаушы арасында факс байланыс қатесі пайда болды.	<p>Өнімге факсті қайта жіберу мүмкіндігін беріңіз. Өнімнің телефон сымын қабырғадағы ұядан ажыратып, телефонды қосыңыз және қоңырау шалып көріңіз. Өнімнің телефон сымын басқа телефон желісіндегі ұяға қосыңыз.</p> <p>Басқа телефон сымын пайдаланып көріңіз.</p> <p>Факс жылдамдығы параметрін Баяу (V. 29) күйіне келтіріңіз немесе Жылдам (V. 34) параметрін ажыратыңыз.</p> <p>Қатенің автоматты түзелуін болдырмау үшін Error Correction («Қатені түзету») мүмкіндігін ажыратыңыз.</p> <p>ЕСКЕРІМ: Error Correction («Қатені түзету») мүмкіндігі ажыратылғанда сурет сапасы төмендеуі мүмкін.</p> <p>Қате тек белгілі бір факс нөмірімен орын алатынын анықтау үшін басқару тақтасынан Факс журналы есебін басып шығарыңыз.</p> <p>Егер қате жойылмаса, HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/ijm1530series немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалықты қараңыз.</p>
Document feeder door is open («Құжат бергіштің есігі ашық»).	Құжат бергіштің үстіңгі жағындағы қақпақ ашық және құрылғы факс жібермей тұр.	Қақпақты жауып, факсты қайта жіберіңіз.
Canceled fax («Факс жіберілмеді»).		

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
<p>No fax answer («Факс жауабы жоқ»)</p> <p>Redial Pending («Күтудегі нөмірді қайта теру»)</p>	<p>Факс қабылдаушы желі жауап бермеді. Өнім бірнеше минуттардан кейін нөмірді қайта теріп көреді.</p>	<p>Өнімге факсті қайта жіберу мүмкіндігін беріңіз.</p> <p>Факс машинасының қосылғанын және дайын екендігін тексеру үшін факс қабылдаушыға қоңырау шалыңыз.</p> <p>Дұрыс факс нөмірі терілгенін тексеріңіз.</p> <p>Егер өнім нөмірді қайта теруді жалғастырса, өнімнің телефон сымын қабырғадағы ұядан ажыратыңыз, телефонды қосыңыз және дауыстық шақыру жіберіп көріңіз.</p> <p>Қабырғадағы телефон ұясынан шыққан телефон сымы желі  портына жалғанғандығын тексеріңіз.</p> <p>Өнімнің телефон сымын басқа телефон желісіндегі ұяға қосыңыз.</p> <p>Басқа телефон сымын пайдаланып көріңіз.</p> <p>Егер қате жойылмаса, HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/ljm1530series немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалықты қараңыз.</p>
<p>No fax answer («Факс жауабы жоқ»)</p> <p>Жіберу тоқтатылды</p>	<p>Факс нөмірін қайта теру сәтсіз аяқталды немесе Redial-No Answer («Жауап болмағанда нөмірді қайта теру») опциясы өшірілген.</p>	<p>Факс машинасының қосылғанын және дайын екендігін тексеру үшін факс қабылдаушыға қоңырау шалыңыз.</p> <p>Дұрыс факс нөмірі терілгенін тексеріңіз.</p> <p>Нөмірді қайта теру опциясы қосылғанын тексеріңіз.</p> <p>Телефон сымын өнімнен және қабырғадан ажыратып, сымды қайта қосыңыз.</p> <p>Өнімнің телефон сымын қабырғадағы ұядан ажыратып, телефонды қосыңыз және дауыстық шақыру жіберіп көріңіз.</p> <p>Қабырғадағы телефон ұясынан шыққан телефон сымы желі  портына жалғанғандығын тексеріңіз.</p> <p>Өнімнің телефон сымын басқа телефон желісіндегі ұяға қосыңыз.</p> <p>Егер қате жойылмаса, HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/ljm1530series немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалықты қараңыз.</p>

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
Жад аз Қабылдауды тоқтату	Кіріс факсын сақтау үшін факстарды сақтау жады жеткіліксіз.	<p>Факстарды жадтан өшіріңіз. Алдымен Жүйені орнату мәзірін, одан кейін Қызмет мәзірін ашыңыз. Fax Service («Факс қызметі») мәзірінде Clear Saved Faxes («Сақталған факстарды жою») параметрін таңдаңыз.</p> <p>Allow Reprint («Қайта басылып шығуға рұқсат ету») мүмкіндігін өшіріңіз. Бұл функция өшірілгенде өнім алынған факстарды жадында сақтамайды. Алдымен Жүйені орнату мәзірін, одан кейін Fax Setup («Факс параметрлері») мәзірін ашыңыз. Advanced Setup («Күрделі параметрлер») мәзірінен Allow Reprint («Қайта басылып шығуға рұқсат ету») опциясын таңдап, өшіріңіз.</p>
Теру сигналы жоқ	Өнім байланысқа дайын болу сигналын таба алмады.	<p>Start Fax («Факс жіберуді бастау»)  түймешігін басып, телефон желісінде теру сигналының бар-жоғын тексеріңіз.</p> <p>Телефон сымын өнімнен және қабырғадан ажыратып, сымды қайта қосыңыз.</p> <p>Өніммен бірге келген телефон сымын пайдаланып отырғаныңызды тексеріңіз.</p> <p>Өнімнің телефон сымын қабырғадағы ұядан ажыратып, телефонды қосыңыз және дауыстық шақыру жіберіп көріңіз.</p> <p>Қабырғадағы телефон ұясынан шыққан телефон сымы желі  портына жалғанғандығын тексеріңіз.</p> <p>Өнімнің телефон сымын басқа телефон желісіндегі ұяға қосыңыз.</p> <p>Басқару тақтасындағы Run Fax Test («Факсты тексеру») мәзірінен Қызмет параметрін пайдаланып, телефон желісін тексеріңіз.</p> <p>Егер қате жойылмаса, HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/ljm1530series немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалықты қараңыз.</p>
Факс анықталмады	Өнім кіруші қоңырауға жауап берді, бірақ факс машинасының шақыруын таппады.	<p>Өнімге факсті қайта қабылдау мүмкіндігін беріңіз.</p> <p>Басқа телефон сымын пайдаланып көріңіз.</p> <p>Өнімнің телефон сымын басқа телефон желісіндегі ұяға қосыңыз.</p> <p>Егер қате жойылмаса, HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/ljm1530series немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалықты қараңыз.</p>

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
- Өзіңіздің жылдам теру тізіміңізге топты қосу үшін, өзіңіз белгілегіңіз келетін жылдам теру нөмірін таңдаңыз. **Add Group** («Топты қосу») түймешігін басыңыз. Тізімнің сол жағындағы істес адамды оң жақтағы топ тізіміне ауыстыру үшін оны екі рет шертіңіз немесе сол жақтағы есімді таңдап, оң жақтағы топ тізіміне ауыстыру үшін сәйкес жолды шертіңіз. Оған қоса, сіз есімдерді оңнан солға ауыстырудың екі әдісін таңдай аласыз. Сіз топ құрғаныңызда, есімді **Group name** («Топ атауы») терезесінде теріп, **OK** басыңыз.
- Бар жеке тұлғаның жылдам теру жазбасын түзету мақсатымен есімді таңдау үшін сол есім жазылған жолдың кез келген жерін басып, одан кейін **Update** («Жаңарту») түймешігін басыңыз. Қажетті терезелерге өзгертулер енгізіп, **OK** түймешігін басыңыз.
- Бар нөмірлер тобындағы жылдам терілетін нөмірді өзгерту үшін құрамында таңдайтын топ аты бар қатардың кез келген жерін басыңыз, содан кейін **Update** («Жаңарту») басыңыз. Қажетті өзгертулерді енгізіп, одан кейін **OK** түймешігін басыңыз.
- Жылдам теру тізіміндегі кез келген жазбаны өшіру үшін, тармақты таңдап, одан кейін **Delete** (Жою) батырмасын басыңыз.
- Жылдам теру тізіміндегі жазбаның орнын ауыстыру үшін, жазбаны таңдап, **Move** (Орын ауыстыру) тармағын таңдаңыз, немесе, **Move** (Орын ауыстыру) тармағын таңдап, диалог терезесіндегі жазбаны белгілеңіз. **Next empty row** (Келесі бос жол) тармағын таңдаңыз немесе өзіңіз жазбаны ауыстырғыңыз келетін жол нөмірін белгілеңіз.




ЕСКЕРІМ: Егер сіз бос емес жолды белгілесеніз, жаңа жазба бар жазбаның орнын басады.

- Lotus Notes, Outlook немесе Outlook Express бағдарламаларындағы істес адамдар телефон кітапшасын импорттау үшін **Import/Export Phone Book** (Телефон кітапшасын Импорттау/Эспорттау) тармағын таңдаңыз. **Import** (Импорттау) опциясын таңдап, **Next** (Келесі) батырмасын басыңыз. Сәйкес бағдарламалық құралды таңдап, сәйкес файлға өтіңіз де, **Finish** (Аяқтау) батырмасын басыңыз. Телефон кітапшасындағы істес адамдарды импорттау үшін **Import/Export Phone Book** (Телефон кітапшасын Импорттау/Эспорттау) тармағын таңдаңыз. **Export** (Экспорттау) опциясын таңдап, **Next** (Келесі) батырмасын басыңыз. Істес адамдарды ауыстырғыңыз келетін файл атауын енгізіңіз немесе шолып, тауып алыңыз да, **Finish** (Аяқтау) батырмасын басыңыз. Оған қоса, сіз телефон кітапшасындағы жазбаны импорттаудың орнына телефон кітапшасындағы жеке жазбаны таңдап ала аласыз.
- Барлық жазбаларды жою үшін **Delete All** («Барлығын жою») пәрменін, **Yes** («Иә») түймешігін басыңыз.

Факс нөмірлерінде сандармен қатар келесі таңбаларды пайдалануға болады:

- (
-)

- +
- -
- *
- #
- R
- W
- .
- ,
- <аралық>

 **ЕСКЕРІМ:** Өзгертулер күшіне енуі үшін **Apply** («Қолдану») түймешігін басу қажет.

Факс жіберу журналы

HP ToolboxFX факс жіберу журналы барлық жіберілген факстар мен олар жөніндегі ақпарат, соның ішінде жіберу күні мен уақытын, тапсырма нөмірін, факс нөмірін, бет санын және нәтижелер тізімін қалыптастырады.

Бағандағы ақпаратты төменнен жоғары немесе жоғарыдан төмен сұрыптау үшін факстарды жіберу журналының кез келген бағанының тақырыбын басыңыз.

Results (Нәтижелер) бағаны факс мәртебесін көрсетеді. Факс жіберу әрекеті сәтсіз болған жағдайда бұл бағанда факстың жіберілмеу себебі сипатталады.

Факс қабылдау журналы


HP ToolboxFX факс қабылдау журналы барлық қабылданған факстар мен олар жөніндегі ақпарат, соның ішінде қабылдау күні мен уақытын, тапсырма нөмірін, факс нөмірін, бет санын және нәтижелер тізімін қалыптастырады.

Факстарды қабылдау журналы болашақ факстарды блоктау үшін қолданыла алады. Журналдағы тізімі келтірілген қабылданған факстан кейінгі **Block Fax** (Факсты блоктау) тармағын таңдаңыз.

Компьютер факс қабылдап отырған құрылғыға жалғанған жағдайда факста **View** (Көру) сілтемесі болады. Бұл сілтеме факс жөніндегі ақпарат келтірілген жаңа бетті ашады.

Бағандағы ақпаратты төменнен жоғары немесе жоғарыдан төмен сұрыптау үшін факстарды қабылдау журналының кез келген бағанының тақырыбын басыңыз.

Results (Нәтижелер) бағаны факс мәртебесін көрсетеді. Факс қабылдау әрекеті сәтсіз болған жағдайда бұл бағанда факстың қабылданбау себебі сипатталады.

 **ЕСКЕРІМ:** Өзгертулер күшіне енуі үшін **Apply** («Қолдану») түймешігін басу қажет.

Факстарды блоктау

Block Faxes (Факстарды блоктау) тармағы блокталған барлық факс нөмірлерін көрсетеді. Блокталған факс нөмірлерін осы жиекбелгіде қосыңыз, өзгертіңіз немесе өшіріңіз.

Анықтама


HP ToolboxFX **Documentation** (Құжаттама) жиекбелгісінде келесі негізгі беттердің сілтемелері бар:

- **Troubleshooting (Ақаулықтарды түзету)**
- **Animated demonstrations (Жандандырылған көрсетілім)**
- **User Guide** (Пайдаланушы нұсқаулығы). Өнімді пайдалану, кепілдік, ерекшеліктері және қолдау жөніндегі ақпаратты көріңіз. Пайдаланушы нұсқаулығы HTML және PDF форматтарының екеуінде де бар.

Жүйе Параметрлері


HP ToolboxFX **System Settings** (Жүйе Параметрлері) жиекбелгісінде келесі негізгі беттердің сілтемелері бар:

- **Device Information** (Құрылғы туралы ақпарат). Өнім сипаттамасы және істес адамдар туралы ақпарат сияқты өнім туралы мәліметтерді көріңіз.
- **Paper Handling** (Қағаз салу). Өнімнің стандартты қағаз өлшемі және стандартты қағаз түрі сияқты қағаз салу параметрлерін өзгерту.
- **Print Quality** (Баспа сапасы). Өнімнің баспа сапасы параметрлерін өзгерту.
- **Paper Types** (Қағаз түрлері). Өнімнің бланк, алдын ала тесілген немесе жылтыр қағаз сияқты әр баспа құралы түрі режимдерінің параметрлерін өзгерту.
- **System Setup** (Жүйе орнатпасы). Өнімнің тілі мен кептелу орнын басу сияқты параметрлерін өзгерту.
- **Service** (Қызмет көрсету). Өнім күтімі барысында қажет етілетін түрлі процедураларға қол жеткізу.
- **Device Polling** (Құрылғының сұранымдық параметрлері). Өнімнің HP ToolboxFX құрылғыдан деректерді жинақтау жиілігін анықтайтын сұранымдық параметрлерін өзгерту.
- **Save/Restore Settings** (Параметрлерді Сақтау/Қайтару). Өнімнің ағымды параметрлерін компьютердегі файлға сақтау. Осы файлды ұқсас параметрлерді өзге құрылғыға жүктеу үшін немесе бұл параметрлерді өнімнің өзіне кешірек қайтару үшін пайдаланыңыз.
- **Password** (Кілтсөз). Өнімнің қауіпсіздік кілтсөзін енгізеді, өзгертеді немесе өшіреді.

 **ЕСКЕРІМ:** Жалғыз кілтсөзді басқару панелінен, HP ToolboxFX, немесе енгізілген веб-серверден енгізуге болады.

Құрылғы туралы ақпарат

HP ToolboxFX құрылғы туралы ақпарат бетінде болашақта біліп жүру үшін өнім туралы ақпарат сақталған. Бұл жолаққа теріп енгізген ақпаратыңыз Конфигурация бетінде көрсетіледі. Сіз бұл жолақтардың әр қайсысында кез-келгенін таңбаларды тере аласыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Өзгертулер күшіне енуі үшін **Apply** («Қолдану») түймешігін басу қажет.


Қағаз салу

Стандартты параметрлерді конфигурациялау үшін HP ToolboxFX қағаз салу опциясын пайдаланыңыз. Бұл өнімнің басқару панелінен қол жеткізуге болатын ұқсас опциялар болып табылады.

Құрылғыда баспа құралдары болмаған жағдайда баспа тапсырмасын орындаудың үш опциясын пайдалнуға болады:

- **Wait for paper to be loaded** (Қағаз салынғанша күтіңіз) опциясын таңдаңыз.
- Баспа тапсырмасын тоқтату үшін **Paper out action** (Қағаз болмағандағы әрекет) жайылмалы мәзірінде **Cancel** (Бас тарту) батырмасын таңдаңыз.
- Баспа тапсырмасын өзге қағаз науасына жіберу үшін тоқтату үшін **Paper out time** (Қағаз болмау уақыты) жайылмалы мәзірінде **Override** (Орнын басу) батырмасын таңдаңыз.

Paper out time (Қағаз болмау уақыты) жолағында өнім әрекет таңдалғанша қанша күтетіндігі анықталады. Сіз 0-3 600 секунд аралығындағы уақыт мерзімін белгілей аласыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Өзгертулер күшіне енуі үшін **Apply** («Қолдану») түймешігін басу қажет.

Баспа сапасы

Баспа тапсырмаларының орындалуын жақсарту үшін HP ToolboxFX баспа сапасы опциясын пайдаланыңыз. Бұл өнімнің басқару панелінен қол жеткізуге болатын ұқсас опциялар болып табылады.


Баспа құралын басқаруға арналған төрт опция болып ажыратымдылық, REt (Resolution Enhancement technology (Ажыратымдылықты Жақсарту технологиясы), баспа тығыздығы және EconoMode (Үнемдеу режимі) табылады.

- **Resolution** (Ажыратымдылық). Орташа баспа тапсырмалары үшін 600 ажыратымдылығын және жоғары сапалы баспа тапсырмалары үшін FastRes 1200 ажыратымдылығын таңдаңыз.
- **REt** (Ажыратымдылықты Жақсарту технологиясы). Сіз HP компаниясымен жақсартылған баспа сапасы үшін әзірленген REt (Ажыратымдылықты Жақсарту технологиясы) опциясын қоса аласыз.
- **Print density** (Баспа тығыздығы). Ұлғайтылған баспа тығыздығы үшін көбірек мәнді санды таңдаңыз. Төмендетілген баспа тығыздығы үшін азырақ мәнді санды таңдаңыз.
- **EconoMode** (Үнемдеу режимі). Үнемдеу режимін баспа жобаларын басып шығарғанда қосыңыз. EconoMode (Үнемдеу режимі) құрылғыға әр бетке азырақ тонерді пайдалану мүмкіндігін беретін функция болып табылады. Бұл опцияны пайдалану тонер жабдығының қызмет мерзімін арттырып, әр беттің өзіндік құнын төмендетеді. Дегенмен, ол баспа сапасын да төмендетеді. Басып шығарылған бейнелер ашықтау, бірақ баспа жобалары мен үлгілер үшін жарамды. HP Үнемдеу режимін үздіксіз қолдануды ұсынбайды. Үнемдеу режимі үздіксіз қолданылу жағдайында тонер мөлшері баспа картриджінің механикалық бөліктерінің қызмет ету мерзімінен асып кетуі мүмкін. Баспа сапасы осы себептерге байланысты төмендей бастау жағдайында сізге баспа картриджінде тонердің қалуына қарамастан жаңа баспа картриджін орнату қажет болады.

 **ЕСКЕРІМ:** Өзгертулер күшіне енуі үшін **Apply** («Қолдану») түймешігін басу қажет.


Қағаз түрлері

Түрлі баспа құралдарының түрлеріне сәйкес келетін баспа режимдерін конфигурациялау үшін HP ToolboxFX **Paper types** (Қағаз түрлері) опциясын пайдаланыңыз. Барлық режимдерді зауыттық мәндерге қайтару үшін **Restore Modes** (Режимдерді қайтару) опциясын таңдаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Өзгертулер күшіне енуі үшін **Apply** («Қолдану») түймешігін басу қажет.

Жүйе орнатпасы

Көшіру, факс жіберу, сканерлеу және басып шығарудың кептелу орнын басу және автоматты жалғастыру сияқты жалпы параметрлерін конфигурациялау үшін HP ToolboxFX жүйелік параметрлері опциясын пайдаланыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Өзгертулер күшіне енуі үшін **Apply** («Қолдану») түймешігін басу қажет.

Қызмет көрсету

Басып шығару барысында өнім ішінде қағаз, тонер және шаң түйіршіктері жиналып қалуы мүмкін. Уақыт өте жиналған қалдықтар тонердің дақтануы немесе ластануы сияқты баспа сапасына проблема туғызуы мүмкін. HP ToolboxFX қағаз өту жолын тазартудың жеңіл әдісін қамтамасыз етеді.

Өнімнің сұранымдық параметрлері

Желі трафигін азайту үшін сіз HP ToolboxFX өнім сұранымдылығын өшіре аласыз, бірақ соның салдарынан HP ToolboxFX кейбір төмендегідей мүмкіншіліктері де өшіріледі: қалқымалы ескертулер, факс журналының жаңартулары және факстарды осы компьютерге алу мүмкіндігі

 **ЕСКЕРІМ:** Өзгертулер күшіне енуі үшін **Apply** («Қолдану») түймешігін басу қажет.

Баспа параметрлері

HP ToolboxFX **Print Settings** (Баспа параметрлері) жиекбелгісінде келесі негізгі беттердің сілтемелері бар:

- **Printing** (Басып шығару). Өнімнің нұсқалар саны мен қағаздың бағытталуы сияқты стандартты параметрлерін өзгерту.
- **PCL5e**. PCL5 параметрлерін көру және өзгерту.
- **PostScript**. PS параметрлерін көру және өзгерту.


Басып шығару

Барлық баспа функцияларының параметрлерін конфигурациялау үшін HP ToolboxFX баспа параметрлерін пайдалану. Бұл өнімнің басқару панелінен қол жеткізуге болатын ұқсас опциялар болып табылады.

 **ЕСКЕРІМ:** Өзгертулер күшіне енуі үшін **Apply** («Қолдану») түймешігін басу қажет.


PCL 5e

PCL5 баспа ерекшелігін пайдаланғаныңызда, параметрлерді конфигурациялау үшін PCL 5 опцияларын пайдаланыңыз. Бұлар басқару панеліндегі **PCL5** мәзірінен қолданылатын опциялармен бір болып келеді.

 **ЕСКЕРІМ:** Өзгертулер күшіне енуі үшін **Apply** («Қолдану») түймешігін басу қажет.

PostScript.

PostScript опциясын HP postscript 3 деңгейлі эмуляция баспасы қасиеттерін пайдалану барысында қолданыңыз. **Print PostScript error** (Баспа PostScript қателігі) опциясы қосылған жағдайда HP postscript 3 деңгейлі эмуляция қателігі орын алғанда PostScript қателігінің беті автоматты түрде басылып шығады.

 **ЕСКЕРІМ:** Өзгертулер күшіне енуі үшін **Apply** («Қолдану») түймешігін басу қажет.

Желі параметрлері


Желі администраторы өнімнің IP-негізделген желіге қосылу жағдайында HP ToolboxFX **Network Settings** (Желі параметрлері) жиекбелгісін оның желіге қатысты параметрлерін басқару үшін пайдалана алады.

Енгізілген веб-сервер

Бұл өнім өзі және желідегі қызметтер жөніндегі ақпаратпен қамтамасыз ететін енгізілген веб-сервермен жабдықталған. Веб-сервер веб-бағдарламалар көп жағдайда бағдарламаларға компьютерге іске қосылу ортасын қамтамасыз ететін Windows сияқты операциялық жүйемен бір әдісті қолдана отырып, іске қосыла алатын ортаны қамтамасыз етеді. Бұл бағдарламалардан шыққан деректер Microsoft Internet Explorer, Safari немесе Netscape Navigator сияқты веб-браузерінің көмегімен көрсетіле алады.

«Енгізілген» веб-сервер аспаптық құралда (HP LaserJet құрылғысы сияқты) немесе енгізілген бағдарламалық құралға орналастырылады, жүктелген бағдарламалық құралдан артықшылығы бар.


EBC артықшылығы болып желіге қосылған құрылғысы мен компьютері бар әркім пайдалана алатын өнім интерфейсі болып табылады. Ол орнатуды немесе конфигурациялауды қажет ететін арнайы бағдарламалық құрал болып табылмайды, дегенмен, компьютеріңізде қолдауы бар веб-браузері болуы тиіс. EBC мүмкіндігіне қол жеткізу үшін браузердің адрес жолағына өнімнің IP адресін теріңіз. (IP адресін тауып алу үшін конфигурациялау бетін басып шығарыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Macintosh операциялық жүйесінде сіз EBC мүмкіндігін құрылғымен бірге жеткізілетін Macintosh бағдарламалық құралын орнатқаннан кейін USB қосылысының көмегімен пайдалана аласыз.

Ерекшеліктер

EBC мүмкіндіктері сізге өнім және желі мәртебесін көріп, басу қызметтерін компьютерден басқару мүмкіндігін береді. EBC мүмкіндігінің көмегімен сіз келесідей тапсырмаларды орындай аласыз:


- Өнім мәртебесі жөніндегі ақпаратты көру.
- Барлық жабдықтардың қызмет мерзімін анықтап, жаңаларына тапсырыс беру
- Өнім конфигурациясының бір бөлігін көру және өзгерту
- Кейбір ішкі беттерді көру және басып шығару
- EBC беттері шығарылатын тілді таңдау
- Желі конфигурациясын көру және өзгерту
- Өнімнің қауіпсіздік кілтсөзін енгізеді, өзгертеді немесе өшіреді.

 **ЕСКЕРІМ:** EBC қызметінде желі параметрлерін өзгерту өнімнің кейбір бағдарламалық құралдарын немесе мүмкіндіктерін өшіруі мүмкін.

HP Web Jetadmin бағдарламалық құралын пайдалану

HP Web Jetadmin - желіге қосылған периферийлі құрылғыларды қашықтан орнатуға, бақылауға және ақауларын жоюға арналған веб негізіндегі бағдарламалық құрал шешімі. Басқару, желілік әкімшілердің пайдаланушыларға ықпал етілмей тұрып, мәселелерді шешуге мүмкіндік беретіндей белсенді болып табылады. Бұл тегін, басқару жүйесі жетілген бағдарламалық құралды www.hp.com/go/webjetadmin торабынан жүктеңіз.

Құрылғының жалғамалы бағдарламаларын арнайы өнім мүмкіндіктеріне қолдау көрсету үшін HP Web Jetadmin құралына орнатуға болады. HP Web Jetadmin бағдарламалық құралы жаңа жалғамалы бағдарлама қол жетімді болған кезде сізге автоматты түрде хабар бере алады. **Product Update** (Өнім жаңартуы) бетінде HP веб торабына автоматты түрде қосатын нұсқауларды орындаңыз, содан кейін өнімге арналған құрылғының ең соңғы жалғамалы бағдарламаларын орнатыңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Браузерлерде Java™ қосылған болу керек. Mac OS операциялық жүйесі арқылы қарап шығуға қолдау көрсетілмейді.

Өнімнің қауіпсіздік мүмкіндіктері

Құрылғыда негізгі функциялардың жұмысын жалғастыруға рұқсат ете отырып, параметрлерді реттеу функцияларын пайдалану мүмкіндігін шектейтін кілтсөз мүмкіндігі бар. Кілтсөзді EBC беті немесе басқару тақтасы арқылы орнатуға болады.

Құпия мәліметтері бар факстарды сіз факс жанына келіп басып шығарғанша өнімде сақтауға болады.

Өнімнің басқару панелі арқылы жүйенің кілтсөзін орнату

1. Басқару тақтасындағы Орнату  түймешігін басыңыз.
2. **Жүйені орнату** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Product Security («Өнім қауіпсіздігі»)** параметрін таңдау үшін көрсеткі түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Қосу** опциясын таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
5. Кілтсөзді енгізу үшін пернетақтаны пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.


Жүйенің кілтсөзін EWS (Инженерлік жұмыс станциясы) арқылы орнату

Рұқсатсыз пайдаланушылардың өнім параметрлерін өзгерте алмауы үшін енгізілген веб серверіне өтуге арналған кілтсөзді орнату.

1. Өнімнің IP мекенжайын веб браузердің мекенжай жолына енгізіп, енгізілген IP веб-серверін ашыңыз.
2. **Параметрлер** жиекбелгісін басыңыз.
3. Терезенің сол жағындағы **Қауіпсіздік** мәзірін ашыңыз.
4. **Device Security Settings (Құрылғының қауіпсіздік параметрлері)** мәзіріндегі **Конфигурациялау . .** түймешігін басыңыз.
5. **Құрылғы кілтсөзі** аймағында **Жаңа кілтсөз** өрісіне кілтсөзді теріп, **Кілтсөзді тексеру** өрісінде оны қайтадан теріңіз.
6. **Қолдану** түймешігін басыңыз. Кілтсөзді жазып алып, оны қауіпсіз жерге сақтап қойыңыз.

Өнімді кілттеу

Өнімде кабельдік қауіпсіздік кілтін бекітуге пайдалануға болатын слот болады.



Үнемдеу параметрлері

ЕconoMode режимімен басып шығару


Бұл өнімде құжаттардың жобаларын басуға арналған Үнемдеу Режимі мүмкіндігі бар. Үнемдеу Режимі тонерді аздау пайдаланып, бір парақты басып шығару шығынын азайтады. Алайда, Үнемдеу Режимі баспа сапасын да төмендетеді.

HP компаниясы EconoMode режимін толық уақыт пайдалануды ұсынбайды. Егер EconoMode режимі толық уақыт пайдаланылса, тонерді қолдану баспа картриджінің механикалық бөлшектерінде көпке созылады. Егер баспа сапасы мұндай жағдайларда нашарлай бастаса, картриджде тонер қалғанның өзінде жаңа баспа картриджін орнату керек болады.

1. Бағдарламадағы **Файл** мәзірінен **Басып шығару** командасын таңдаңыз.
2. Өнімді таңдап, **Сипаттар** немесе **Ерекшеліктер** түймешігін басыңыз.
3. **Қағаз/сапа** жиекбелгісін басыңыз.
4. **EconoMode (Үнемдеу режимі)** параметрі жанына құсбелгі қойыңыз.

Архивтік баспа

Архивтік баспа тонердің жайылуын және шаң пайда болуды азайтады. Архивтік баспаны сақталатын немесе архивте тұратын құжаттарды басу үшін пайдаланыңыз.

1. Басқару тақтасындағы **Орнату**  түймешігін басыңыз.
2. **Қызмет** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Archive Print («Мұрағаттық баспа»)** элементін таңдау үшін көрсеткі түймешіктерін пайдаланып, **Қосу** немесе **Ажырату** параметрін таңдаңыз да, **OK** түймешігін басыңыз.

Дыбыссыз режим параметрлері

Бұл өнімде басып шығару кезінде шығатын гуілді азайтатын тыныш күйі бар. Тыныш күй қосылып тұрғанда өнімнің басып шығару жылдамдығы азаяды.


 **ЕСКЕРІМ:** Дыбыссыз режим баспа жылдамдығын азайтып, бас сапасын жақсаруы мүмкін.

Тыныш күйді қосу үшін мына әрекеттерді орындаңыз.

Басып шығарғыш драйверінен «Үнсіз» күйін қосу

1. Принтер сипаттарын ашып, **Құрылғы параметрлері** жиекбелгісін басыңыз.
2. **Дыбыссыз режим** мүмкіндігін қосу үшін **Қосу** опциясын басыңыз.

Құрылғының басқару панелінен «Үнсіз» күйін қосу

1. Басқару тақтасындағы Орнату  түймешігін басыңыз.
2. **Жүйені орнату** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Quiet Mode («Үнсіз режимі»)** параметрін таңдау үшін көрсеткі түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Қосу** опциясын таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.

Жабдықтар мен аксессуарларды басқару


Картридждің пайдалану мерзімі аяқталғанда басып шығару

Жабдық туралы хабарлар

Жабдыққа байланысты хабарламалар өнімнің басқару панелінде көрсетіледі және бағдарламалық өнім толық орнатылған компьютерлерде көрсетіледі. Егер бағдарламалық өнім толық орнатылмаған болса, жабдыққа байланысты барлық хабарламаларды тиісті түрде алмауыңыз мүмкін. Бағдарламалық өнімді толық орнату үшін өніммен бірге келген ықшам дискті салып, толық орнатудың қадамдарын орындаңыз.


- **Black cartridge low** («Қара түс картриджінің деңгейі төмен») хабары баспа картриджі таусылуға жақын болғанда көрсетіледі.
- **Black very low** («Қара түс картриджінің деңгейі өте төмен») хабары баспа картриджі таусылар алдында көрсетіледі. Баспа сапасын көтеру үшін HP компаниясы **Black very low** («Қара түс картриджінің деңгейі өте төмен») хабары көрсетілгенде баспа картриджін ауыстыруды ұсынады.

Жарамдылығы аяқталған картриджді пайдаланғанда баспа сапасына қатысты ақаулар пайда болуы мүмкін. Басып шығару сапасы лайықсыз деңгейге келгенге дейін жабдықты ауыстырудың қажеті жоқ.

 **ЕСКЕРІМ:** **Жалғастыру** параметрі пайдаланушының қатысуынсыз «өте төмен» деңгейден өткенде басып шығару мүмкіндігін беріп, баспа сапасының нашар болуына апаруы мүмкін.

Басқару панелінен «Өте төмен деңгейде ұсыну» параметрін қосу немесе ажырату

Жалғастыру функциясын кез келген уақытта қосуға немесе өшіруге болады және жаңа баспа картриджін орнатқанда оны қайта қосудың қажеті жоқ. **Өте төменгі деңгейде** мәзірі **Жалғастыру** күйіне келтірілгенде баспа картриджі ұсынылған ауыстыру шегіне жетсе де өнім басып шығаруды автоматты түрде жалғастырады. Баспа картриджі өте төмен деңгейде болғанда қолданылған жағдайда **Black very low** («Қара түс картриджінің деңгейі өте төмен») хабары көрсетіледі.

1. Орнату  түймешігін басыңыз.
2. **Жүйені орнату** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Өте төменгі деңгейде** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
4. **Қара сиялы картридж** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.

5. Келесінің бірін таңдаңыз:

- «Өте төмен деңгейде басып шығаруды жалғастыру» функциясын қосу үшін **Жалғастыру** параметрін таңдаңыз.
- Өте төмен деңгейде қара етіп басып шығару (немесе жалғастыру) функциясын өшіру үшін **Тоқтату** параметрін таңдаңыз.
- Тапсырманы баспас бұрын пайдаланушыдан жалғастыру қажеттілігі сұралуы үшін **Кеңес** параметрін таңдаңыз.

6. Параметрді сақтау үшін **OK** түймешігін басыңыз.

HP жабдығы өте төмен деңгейге жеткенде HP компаниясының кепілдігінің мерзімі аяқталады. Баспа мен картриджді ақаулары HP жабдықтарын картридж өте төмен деңгейде болғанда пайдалану барысында орын алса, HP баспа картридждерінің кепілдік мәлімдемесіне сай бөлшек немесе жасалу ақаулары ретінде қарастырылмайды.

Баспа картриджін басқару

Басып шығару картриджін сақтау

Сіз басып шығару картриджін пайдалануға дайын болғанша оны орауышынан шығармаңыз.

△ **ЕСКЕРТУ:** Басып шығару картриджінің зақымдалуын болдырмау үшін, оның жарық жерде қалу ұзақтығы бірнеше минуттан аспауы тиіс.

HP -емес баспа картридждеріне қатысты HP саясаты

Hewlett-Packard Компаниясы жаңа немесе қалпына келтірілген HP -емес баспа картридждерін пайдалануды ұсынбайды.

📄 **ЕСКЕРІМ:** HP -емес баспа картридждерін пайдалану салдарынан келтірілген ешбір зақымдану HP кепілдік және қызмет көрсету жөніндегі келісімдермен қамтылмайды.

HP алаяқтық оқиғасын хабарлау жедел байланыс желісі мен веб торабы

HP баспа картриджін орнатқанда, басқару тақтасындағы хабар картридждің HP өнімі еместігін көрсетсе, HP алаяқтық оқиғасын хабарлау жедел байланыс желісіне хабарласыңыз (1-877-219-3183, Солтүстік Америкада тегін) немесе www.hp.com/go/antcounterfeit веб-торабына кіріңіз. HP компаниясы картридждің түпнұсқалығын анықтауға көмектесіп, мәселені шешу үшін шаралар қолданады.


Төмендегі сипаттар байқалса, картридж HP шығарған баспа картриджі болмауы мүмкін:

- Жабдықтар күйі беті HP шығармаған жабдықтың орнатылғанын көрсетеді.
- Баспа картриджін пайдаланғанда түрлі мәселер туындайды.
- Картридж үйреншікті түрінен өзгеше (мысалы, қорап HP қорабынан өзгеше).

Жабдықтарды қайта пайдалану

Шынайы HP баспа картриджін қайта өңдеу үшін пайдаланылған картриджді жаңа картридж келген қорапқа салыңыз. Пайдаланылған жабдықты HP компаниясына қайта өңдеуге жіберу үшін ашылған қайтару белгісін пайдаланыңыз. Толық ақпарат алу үшін әр жаңа HP жабдығымен жеткізілетін қайта өңдеу жөніндегі нұсқаулықты қараңыз.

Баспа картриджінің жоба схемасы




1	Пластик қаптама
2	Баспа картриджінің жад тегі
3	Кескін қалыптастырушы барабан. Баспа картриджінің төменгі жағындағы бейнелеу барабанына тиімеңіз. Бейнелеу барабанындағы саусақ іздері баспа сапасына кері әсер етеді.

Ауыстыру жөніндегі нұсқаулар


Тонерді қайта үлестіру

Баспа картриджінде тонердің аз көлемі қалғанда, басып шығарылған бетте бұлыңғыр немесе ақшыл аумақтар болуы мүмкін. Тонерді қайта тарату арқылы баспа сапасын уақытша жақсартуға болады.

1. Баспа картриджінің есігін ашып, баспа картриджін шығарып алыңыз.




2. Тонерді қайта жаймалап шығу үшін баспа картридждің ақырындап алға-артқа шайқатыңыз.



△ **ЕСКЕРТУ:** Егер тонер киіміңізге тисе, оны құрғақ шүберекпен сүртіп алып, киімді суық суға шайыңыз. *Ыстық су тонерді матаға жабыстырады.*


3. Баспа картридждің өнімге қайта салып, баспа картридждің есігін жабыңыз.



Егер баспа ақшыл болса, жаңа баспа картридждің салыңыз.

Баспа картридждің ауыстыру


1. Баспа картридждің есігін ашып, ескі баспа картридждің шығарып алыңыз. Баспа картриджді қорабының ішіндегі қайта өңдеу туралы ақпаратты қараңыз.




2. Жаңа баспа картриджін қапшықтан шығарыңыз.

ЕСКЕРТУ: Баспа картриджінің зақымдалуын болдырмау үшін баспа картриджін әр ұшынан ұстаңыз.

3. Картридждің құлақшасынан тартып таспаны алып тастаңыз. Қайта пайдалануға қайтару үшін баспа картриджінің қорабындағы құлақшасы мен таспасын салыңыз.




4. Картридждің ішіндегі тонерді тарату үшін картриджді алға артқа қарай сілкіңіз.



5. Баспа картриджін өнімге салып, баспа картриджінің есігін жабыңыз.

ЕСКЕРТУ: Егер тонер киімге тиіп кетсе, оны құрғақ шүберекпен сүртіп, киімді суық сумен жуыңыз. *Ыстық су тонерді матаға сіңдіреді.*



ЕСКЕРІМ: Тонер аз болғанда, басып шығарылған бетте бұлыңғыр немесе ақ жерлер пайда болады. Тонерді қайта тарату арқылы баспа сапасын уақытша жақсартуға болады. Тонерді қайта тарату үшін картриджді өнімнен шығарып алып, оны ақырындап алға-артқа шайқаңыз.

Желімді білікті ауыстыру

Жақсы баспа құралымен қалыпты пайдалану тозу себебі болады. Нашар баспа құралын пайдалану тартушы роликті жиі ауыстыртуы мүмкін.


Егер өнім үнемі көтере алмаса (ешқандай баспа құралы берілмесе), желімді білікті ауыстыру немесе тазалау керек.

△ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Тартушы роликті ауыстырмас бұрын, қуат қосқышы көмегімен құрылғыны өшіріп, электр қуаты сымын ажыратыңыз да, өнім суығанша күтіңіз.


△ **ЕСКЕРТУ:** Осы іс рәсімінің орындалмауы өнімге зақым келтіруі мүмкін.

1. Баспа картриджінің есігін ашып, баспа картриджін шығарып алыңыз.


△ **ЕСКЕРТУ:** Баспа картриджіне зиян келмеу үшін оны тікелей жарық әсеріне ұшырауын барынша азайту қажет. Баспа картриджін бір парақ қағазбен жауып қойыңыз.




2. Тартушы роликті тауып алыңыз.




3. Тартушы роликтің әр ұшындағы кішкентай, ақ құлақшаны босатып, тартушы роликті алдыға қарай бұраңыз.




4. Тартушы роликті ақырындап тартып, шығарып алыңыз.




5. Жаңа тартушы роликті ойыққа орнатыңыз. Әр ұшындағы дөңгелек және төртбұрышты ойықтар Сізге қате орналастыру мүмкіндігін бермейді.



6. Жаңа тартушы роликті екі жағы да орнына қонғанша өзіңізден әрі қарай бұраңыз.



7. Баспа картридждің өнімге салып, баспа картридждің есігін жабыңыз.



Ажырату тақтасын ауыстыру


Жақсы баспа құралымен қалыпты пайдалану тозу себебі болады. Нашар баспа құралын пайдалану бөлуші құрылғыны жиі ауыстыртуы мүмкін.

Егер өнім баспа құралының бірнеше парағын бірден үнемі тартып ала берсе, ажырату тақтасын ауыстыру керек.


⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Бөлуші төсемді ауыстырмас бұрын, қуат қосқышы көмегімен құрылғыны өшіріп, электр қуаты сымын ажыратыңыз да, өнім суығанша күтіңіз.

📝 ЕСКЕРІМ: Бөлуші құрылғыны ауыстырмас бұрын, тартушы роликті тазалаңыз.


1. Қағазды шығарып, негізгі кіріс науасын жабыңыз. Өнімді бүйіріне қойыңыз.




2. Өнімнің төменгі жағындағы ажырату тақтасын ұстап тұратын екі бұранданы босатып алыңыз.




3. Бөлуші құрылғыны шешіп алу.



4. Жаң бөлуші құрылғыны орнатып, орнына бұрап бекітіңіз.



5. Өнімді қабырға розеткасына жалғап, оны қосыңыз.




Өнімді тазалаңыз

Тартушы роликті тазалаңыз

Тартушы роликті ауыстырмас бұрын тазалағыңыз келсе, келесі нұсқаулықтарды орындаңыз:


1. Өнімді өшіріп, электр қуаты сымын ажыратыңыз да, тартушы роликті шығарыңыз.
2. Талшықсыз матаға изопропилді алкоголь сұйықтығын алып, білікті тазалаңыз.




⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Алкоголь тез тұтанады. Алкоголь мен шүберекті ашық жалыннан алыс ұстаңыз. Өнімді жауып, электр сымын жалғамас бұрын, алкогольді толық кептіріп алыңыз.

📝 ЕСКЕРІМ: Калифорнияның белгілі бір аумақтарында ауаның ластануын бақылайтын ережелер бойынша изопропилді алкоголь сұйықтығын тазалайтын құрал ретінде пайдалануға шектеу қойылады. Калифорнияның сол аумақтарында бұрынғы ұсыныстарды елемей, құрғақ, суланған мақтасы жоқ шүберекті желімді білікті тазалау үшін пайдаланыңыз.

3. Желімді білікті және шаңды тазарту үшін құрғақ, талшықсыз шүберекті пайдаланыңыз.



4. Желімді білікті өнімге орнатпас бұрын, желімді білікті кептіріп алыңыз.




5. Электр сымын өнімге қосыңыз.


Құжат бергішінің желімді білік пен бөлуші төсемесін тазалаңыз.

Өнімнің құжат бергішінде кептемелер немесе бір мезетте бірнеше парақтың алынуы сияқты қағаз салу ақаулықтары туындаса, құжат бергішінің желімді білік пен бөлуші төсемесін тазалаңыз.


1. Құжат бергіштің қақпағын ашыңыз.



2. Екі желімді білікті және бөлуші төсемені тазалау үшін ылғалды, қылшықсыз сүлгіні қолданыңыз.




3. Құжат бергіштің қақпағын жабыңыз.




Қағаз жолын тазалаңыз.

Басып шығару кезінде принтердің ішінде қағаз, тонер және шаң жиналып қалуы мүмкін. Уақыт өте жиналған қалдықтар тонердің дақтануы немесе ластануы сияқты баспа сапасына проблема туғызуы мүмкін. Бұл өнімнің тазалау режимі осындай проблемаларды түзетіп, алдын алуы мүмкін.

Дақтар



Ластау



Қағаз жолын тазалаңыз HP ToolboxFX


Қағаз жолын тазалауға HP ToolboxFX пайдаланыңыз. Бұл ұсынылған тазалау әдісі болып табылады. HP ToolboxFX қолдануға рұқсат болмаса, басқару панелі әдісін қолданыңыз.

1. Өнімнің қосылғанына және Дайындық күйінде екеніне және баспа құралдарының негізгі кіріс науасына немесе 1-науаға салынғанына көз жеткізіңіз.
2. Ашыңыз HP ToolboxFX, өнімді таңдаңыз, содан кейін **System Settings** (Жүйе Параметрлері) жиекбелгісін таңдаңыз.
3. **Service** (Қызмет) жиекбелгісін таңдаңыз, содан кейін **Start** (Іске қосу) таңдаңыз.

Бір бет өнімге ақырын енеді. Процесс аяқталғанда, бетті шығарыңыз.

Өнімнің басқару панелінен қағаз жолын тазалаңыз

Егер сіздің HP ToolboxFX рұқсатыңыз болмаса, сіз өнімнің басқару панелінен басып шығара және тазалағыш бетті қолдана аласыз.


1. Орнату  түймешігін басыңыз.
2. **Қызмет** мәзірін таңдап алу үшін көрсеткіш түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Тазалау беті** параметрін таңдау үшін көрсеткі түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.

4. Сізге сұрау салғанда, хат немесе А4 пішімді қағазын салыңыз.
5. Тазалау үрдісін растау және бастау үшін **OK** түймешігін қайта басыңыз.
Бір бет өнімге ақырын енеді. Процесс аяқталғанда, бетті шығарыңыз.

Сканердің шынысы мен үстелін тазалау

Уақыт өте сканер әйнегі мен ақ пластмасса тірегінде дақтар жиналып, жұмысына әсер етуі мүмкін. Сканердің әйнегі мен ақ пластмасса тірегін тазалау үшін келесі процедураны орындаңыз.

1. Өнімді өшіру үшін ажыратқышты пайдаланып, одан кейін қорек сымын электр розеткасынан ажыратыңыз.
2. Сканердің қақпағын ашыңыз.
3. Сканердің әйнегі мен ақ пластмасса тірегін тазартқыш сұйықтыққа батырылған жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.



△ **ЕСКЕРТУ:** Өнімнің кез келген бөлігін тазалау барысында тырнаушы затарды, ацетонды, бензинді, аммиакты көміртек тетрахлоридін пайдаланбаңыз; олар өнімді зақымдауы мүмкін. Сұйықтықтарды тікелей шыныға немесе үстелге қоймаңыз. Олар астына төгіліп, өнімді зақымдауы мүмкін.

4. Дақ түсірмес үшін шыныны немесе ақ пластмасса тіректі былғары немесе целлюлоза шүберекпен құрғатыңыз.
5. Өнімді розеткаға жалғап, өнімді қосу үшін ажыратқышты пайдаланыңыз.

Өнімді жаңарту

Бұл өнімнің бағдарламалық және аппараттық құралдарын жаңарту және орнату нұсқауларын www.hp.com/support/ljm1530series сайтынан алуға болады. Операциялық жүйені таңдап, **Жүктеулер мен драйверлер** түймесін басыңыз, сосын өнімге арналған жүктеуді таңдаңыз.

12 Мәселелерді шешу

- [Өзіндік көмек](#)
- [Мәселелерді шешу тізімі](#)
- [Өнімнің тиімділігіне әсер ететін жағдайлар](#)
- [Зауыттық баптаулы мәндерді қалпына келтіріңіз.](#)
- [Басқару панеліндегі хабарларды аудару](#)
- [Қағаз дұрыс емес беріледі немесе кептеледі](#)
- [Баспа сапасын жақсарту](#)
- [Өнім басып шығармайды немесе баяу басып шығарады](#)
- [Жалғауға қатысты мәселелер](#)
- [Өнім бағдарламалық құралының мәселелері](#)
- [Мас жүйесінде жиі кездесетін ақаулықтарды жою](#)

Өзіндік көмек

Осы нұсқаулықтағы ақпаратқа қосымша ретінде, басқа қайнар көздерінен пайдалы ақпараттар алуға болады.

HP анықтамасы және мәліметтер орталығы	HP анықтамасы және мәліметтер орталығы мен басқа құжаттар өніммен бірге берілген дискіде немесе компьютеріңіздегі HP бағдарламалық қалтасында болады. HP анықтамалық және оқыту орталығы өнім туралы ақпаратпен, HP өнімінің веб-қолдауымен, ақауларды жою нұсқауларымен, сондай-ақ басқару және қауіпсіздік туралы ақпаратпен қамтамасыз ететін өнімнің көмекші құралы.
Қысқаша анықтама бөлімдері	Осы өнім үшін бірнеше қысқаша анықтама бөлімдері осы веб-торапта бар: www.hp.com/support/ljm1530series Бұл бөлімдерді басып шығарып, оларды өнімнің жанында сақтауға болады. Олар – сіз жиі орындайтын іс рәсімдеріне арналған ыңғайлы анықтама.
Қысқаша анықтама нұсқаулығы	Бұл нұсқаулықта жиі қолданылатын өнім функцияларының сипаттамалары беріледі. Нұсқаулықты www.hp.com/support/ljm1530series веб-сайтынан алуға болады. Нұсқаулықты басып шығарып, өнімнің жанында сақтауға болады.
Басқару тақтасының анықтамасы	Басқару тақтасында сізді баспа картриджді ауыстыру және кептелулерді тазалау сияқты бірнеше тапсырмалар бойынша нұсқаулар беретін енгізілген анықтама бар.

Мәселелерді шешу тізімі

Өнімге қатысты мәселені шешер кезде мына қадамдарды орындаңыз.

- [1-қадам: Құрылғының қосылғанын тексеру](#)
- [2-қадам: Басқару тақтасындағы қате хабарларын қарау](#)
- [3-қадам: Басып шығару жұмысын тексеру](#)
- [4-қадам: Көшірме жұмысын тексеру](#)
- [5-қадам: Факс жіберу жұмысын тексеру](#)
- [6-қадам: Факс қабылдау жұмысын тексеру](#)
- [7-қадам: Баспа тапсырмасын компьютер арқылы жіберіп көру](#)

1-қадам: Құрылғының қосылғанын тексеру

1. Өнімнің жалғанғанына және қосылғанына көз жеткізіңіз.
2. Қуат кабелінің өнімге және розеткаға жалғанғанын тексеріңіз.
3. Электр қуаты сымын басқа розеткаға жалғап, қуат көзін тексеріңіз.
4. Баспа картриджінің дұрыс салынғанын және есіктердің жабылғанын тексеріңіз. Осы мәселелерді белгілейтін хабарлар басқару тақтасында көрсетіледі.
5. Құжат бергіштің механизмі жұмыс істемесе, қақпағын ашып, кез келген буып-түйетін материалды немесе лентаны шығарыңыз.
6. Сканер шамы жанбаса, HP қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз.

2-қадам: Басқару тақтасындағы қате хабарларын қарау

Басқару тақтасы дайын күйін белгілеуі тиіс. Қате хабары пайда болса, қатені жойыңыз.


3-қадам: Басып шығару жұмысын тексеру

1. **Есептер** мәзірін ашып, есепті басып шығару үшін **Config Report («Конфигурация есебі»)** элементін таңдаңыз.
2. Есеп басылып шықпаса, науада қағаздың бар-жоғын қарап, басқару панелінен құрылғы ішінде қағаз кептемесі орын алмағанын тексеріңіз.

4-қадам: Көшірме жұмысын тексеру

1. Конфигурация бетін құжат бергішіне салып, көшірмесін жасаңыз. Қағаз құжат бергішінен оңай өтпеген жағдайда, құжат бергіштің қағазды алу тетігін ауыстыру қажет болуы мүмкін.
2. Конфигурация бетін сканер әйнегіне салып, көшірмесін жасаңыз.
3. Көшірілген беттердің баспа сапасы нашар болса, сканер әйнегін тазалаңыз.

5-қадам: Факс жіберу жұмысын тексеру

1. Өнімнің басқару тақтасындағы **Start Fax** («Факс жіберуді бастау»)  түймешігін басыңыз.
2. Теру үнін тыңдаңыз.
3. Теру үні естілмесе, телефон желісі жұмыс істемей тұр немесе өнім телефон желісіне қосылмай тұр.

6-қадам: Факс қабылдау жұмысын тексеру

1. Құрылғыға факс жіберу үшін басқа факсимильді аппаратты пайдаланыңыз.
2. Құрылғы факс қабылдаса, оған тым көп телефон құралдарының жалғанбағанын, сондай-ақ сол телефон құралдарының дұрыс жалғанғанын тексеріңіз.
3. Өнімнің факс параметрлерін қайта қараңыз да зауыттық мәндерін қалпына келтіріңіз.
4. **Private Receive** («Құпия факстарды қабылдау») мүмкіндігін өшіріңіз.

7-қадам: Баспа тапсырмасын компьютер арқылы жіберіп көру

1. Баспа тапсырмасын өнімге жіберу үшін мәтіндерді өңдеу бағдарламасын пайдаланыңыз.
2. Тапсырма басылмаса, басып шығарғыштың драйвері дұрыс таңдалғанын тексеріңіз.
3. Өнімнің бағдарламалық құралын жойыңыз, содан кейін қайта орнатыңыз.

Өнімнің тиімділігіне әсер ететін жағдайлар


Тапсырманы басып шығару уақытына әсер ететін бірнеше жайт бар:

- Арнайы қағаз пайдалану үшін (мысалы: диапозитив, қалың қағаз және өзгектілмелі өлшемді қағаз)
- Өнімнің өңдеу және жүктеу уақыты
- Графика құрамының күрделілігі мен көлемі
- Пайдаланып отырған компьютеріңіздің жылдамдығы
- USB немесе желіге қосылу
- Өнімнің I/O конфигурациясы
- **Үнсіз күй, Ең жоғары сапа күйі, Жобалық баспа күйі** немесе **Басып шығару тығыздығы** сияқты белгілі бір басып шығару параметрлері.

Зауыттық баптаулы мәндерді қалпына келтіріңіз.

Зауыттық баптаулы мәндерді қалпына келтіру барлық параметрлерді зауыттық баптаулы мәндерге қайтарады, сонымен бірге ол өнімнің жадындағы факс тақырыбының атын, телефон нөмірін, жылдам терілетін нөмірлерді және кез келген сақтаулы факс нөмірлерін өшіреді.

△ **ЕСКЕРТУ:** Бұл процедура да жылдам теретін батырмалардағы барлық факс нөмірлері мен аттарды және жылдам терілетін кодтарды өшіреді және жадқа сақталған беттердің кез келгенін өшіреді. Содан кейін процедура өнімді автоматты түрде қайта іске қосады.

1. Өнімнің басқару тақтасындағы Орнату  түймешігін басыңыз.
2. **Қызмет** мәзірін таңдау үшін көрсеткіш түймешіктерді пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.
3. **Әдепкі мәндерді қайтару** параметрін таңдау үшін көрсеткі түймешіктерін пайдаланып, **OK** түймешігін басыңыз.

Өнім автоматты түрде қайта іске қосады.

Басқару панеліндегі хабарларды аудару

Басқару панелінің хабарларының көпшілігі қолданушыға әдеттегі операция арқылы нұсқау беруге арналған. Басқару панелінің хабарлары ағымдағы операцияның мәртебесін көрсетеді және сәйкесінше дисплейдің екінші жолағындағы беттерді санауды қамтиды. Өнім факс туралы мәліметтерді, баспа туралы мәліметтерді немесе сканерлеу бұйрықтарын қабылдағанда, басқару панелінің хабарлары осы мәртебені көрсетеді. Қосымша ретте сигналдық хабарлар, ескерту хабарлары және төтенше қате туралы хабарлар кейбір әрекетті қажеті етуі мүмкін жағдайларды көрсетеді.

Басқару панеліндегі хабарлардың түрлері

Сигналдық және ескерту хабарлары уақытша шығады және сізден тапсырманы қалпына келтіру үшін **OK** түймешігін басу арқылы немесе бас тарту үшін **Бас тарту X** түймешігін басу арқылы растауды талап етуі мүмкін. Белгілі бір ескертулер шыққанда, тапсырма бітпей қалуы мүмкін немесе басып шығару сапасы төмендеуі мүмкін. Егер сигналдық немесе ескерту хабары басып шығаруға қатысты болса, және автоматты жалғастыру функциясы қосылған болса, ескерту хабары 10 секундқа шыққаннан кейін өнім басып шығару тапсырмасын растаусыз жалғастыруға әрекет жасайды.

Төтенше қателер туралы хабарлар ақаудың кейбір түрін көрсете алады. Қуат көзінен өшіру және қосу мәселені анықтауы мүмкін. Егер төтенше қателер жойылмаса, өнімге жөндеу қажет етілуі мүмкін.

Басқару панелінің хабарлары

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
<орны> ішіндегі кептелу ауыстыру Есікті ашу және кептелуді тазалау	Өнім хабарламада көрсетілген жерде кептелудің бар екенін анықтады.	Хабарламада көрсетілген кептелуді жөндеп, басқару тақтасындағы нұсқауларды орындаңыз. Кейбір кептемелерді жою үшін баспа картриджінің есігін ашып, баспа картриджін шығарып алу қажет болады.
10.0000 Supply memory error («10.0000 Жабдық жадының қатесі»)	Баспа картриджімен байланыс қатесі орын алды.	<ul style="list-style-type: none">• Өнімді өшіріп, қайта қосыңыз.• Баспа картриджінің дұрыс орнатылғанын тексеріңіз. Басып шығарғыштың картриджін шығарып, қайта енгізіңіз.• Ақаулық жойылмаса, баспа картриджін ауыстырыңыз.• Егер қате жойылмаса, HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/ljm1530series немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалықты қараңыз.

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
<p>10.0004 Supply Error («10.0004 Жабдық қатесі»)</p> <p>10.1004 Supply memory error («10.1004 Жабдық жадының қатесі»)</p>	Бейнелеу барабанымен байланыс қатесі орын алды.	<ul style="list-style-type: none"> Өнімді өшіріп, қайта қосыңыз. Ақаулық жойылмаса, баспа картриджін ауыстырыңыз. Егер қате жойылмаса, HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/ljm1530series немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалықты қараңыз.
<p>1-науаға жүктеу ҚАРАПАЙЫМ <ӨЛШЕМІ></p> <p>ауыстыру</p> <p>Cleaning Page [OK] to start («Бастау үшін Тазарту парағы [OK] түймешігін басыңыз»)</p>	Өнім тазалау циклін орындауда.	Науаға көрсетілген өлшемдегі қарапайым қағазды салыңыз. OK түймешігін басып, тазалау циклін бастаңыз.
<p>1-науаға қағаз салыңыз <TYP1> <ӨЛШЕМІ></p>	Науа бос.	Науаға қағаздың дұрыс түрі мен өлшемін салыңыз.
<p>49 Қателігі</p> <p>Өшіріп, қайта қосу</p>	Өнімнің аппараттық құралында қате туындады.	<ol style="list-style-type: none"> Қуат қосқышын пайдаланып, электр қуатын ажыратыңыз. Егер ток ауытқуларынан қорғағыш пайдаланылса, оны алып тастаңыз. Өнімді қабырғадағы розеткаға тікелей қосыңыз. Өнімді өшіргеннен кейін кем дегенде 30 секунд күтіп, қайта қосыңыз да, іске қосылуын күтіңіз. Егер қате жойылмаса, HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/ljm1530series немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалықты қараңыз.
<p>50.X Термобекіткіш қателігі</p> <p>Өшіріп, қайта қосу</p>	Өнімде ішкі енгізілген бағдарламалық құралға қатысты қате пайда болды.	<ol style="list-style-type: none"> Қуат қосқышын пайдаланып, электр қуатын ажыратыңыз. Егер ток ауытқуларынан қорғағыш пайдаланылса, оны алып тастаңыз. Өнімді қабырғадағы розеткаға тікелей қосыңыз. Өнімді өшіргеннен кейін кем дегенде 25 минут күтіп, қайта қосыңыз да, іске қосылуын күтіңіз. Егер қате жойылмаса, HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/ljm1530series немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалықты қараңыз.

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
52 Сканер қатесі Өшіріп, қайта қосу	Өнімде сканер қателігі пайда болды.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қуат қосқышын пайдаланып, электр қуатын ажыратыңыз. 2. Егер ток ауытқуларынан қорғағыш пайдаланылса, оны алып тастаңыз. Өнімді қабырғадағы розеткаға тікелей қосыңыз. 3. Өнімді өшіргеннен кейін кем дегенде 30 секунд күтіп, қайта қосыңыз да, іске қосылуын күтіңіз. 4. Егер қате жойылмаса, HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/ljm1530series немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалықты қараңыз.
57 Fan Error («57 Желдеткіш қателігі»)	Өнімде жалпы жеделдеткіш қателігі туындады.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қуат қосқышын пайдаланып, электр қуатын ажыратыңыз. 2. Егер ток ауытқуларынан қорғағыш пайдаланылса, оны алып тастаңыз. Өнімді қабырғадағы розеткаға тікелей қосыңыз. 3. Өнімді өшіргеннен кейін кем дегенде 30 секунд күтіп, қайта қосыңыз да, іске қосылуын күтіңіз. 4. Егер қате жойылмаса, HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/ljm1530series немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалықты қараңыз.
79 Қателігі Өшіріп, қайта қосу	Өнімнің аппараттық құралында қате туындады.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қуат қосқышын пайдаланып, электр қуатын ажыратыңыз. 2. Егер ток ауытқуларынан қорғағыш пайдаланылса, оны алып тастаңыз. Өнімді қабырғадағы розеткаға тікелей қосыңыз. 3. Өнімді өшіргеннен кейін кем дегенде 30 секунд күтіп, қайта қосыңыз да, іске қосылуын күтіңіз. 4. Егер қате жойылмаса, HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/ljm1530series немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалықты қараңыз.
ADF есігі ашық	Құжат бергішінің есігі ашық	Құжат бергішінің қақпағын жабыңыз.
Doc. feeder jam («Құжат бергішінің кептемесі»)	Өнімде құжат бергішінің кептемесі туындады.	Құжат бергішінің ішіндегі кептемені жойыңыз.
Jam in tray 1 («1-науа ішіндегі кептеме»)	Өнім кіріс науаларында кептелудің бар екенін анықтады.	Хабарламада көрсетілген кептелуді жөндеп, басқару тақтасындағы нұсқауларды орындаңыз.

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
Memory is low («Жад аз»). Only 1 copy made («Тек 1 көшірмесі жасалды»). Жалғастыру үшін [OK] түймешігін басыңыз	Өнімнің жады осы тапсырманы аяқтау үшін жеткіліксіз.	Бір уақытта азырақ парақтың көшірмесін жасаңыз немесе тексеруді өшіріп тастаңыз. Егер қате жойылмаса, өнімді өшіріп, қайта қосыңыз.
Remove shipping lock from cartridge («Тасымал бекітпесін картриджден алып тастаңыз»)	Тасымал бекітпесі баспа картриджінде сақталады.	Баспа картриджін шығарып алыңыз, тасымал бекітпесін алып тастап, картриджді орнына қайта енгізіңіз.
Replace Black Cartridge («Қара түс картридждін ауыстырыңыз»)	Өнім баспа картриджі төмен деңгейге жеткенде жұмысын тоқтатуға реттелген.	Баспа картриджін ауыстырыңыз немесе баспа картриджі «өте төмен» деңгейге жеткенде баспаны жалғастыру үшін өнімді қайта реттеңіз.
Scanner Error X («Сканер қатесі X»)	Өнімде жалпы сканер қателігі туындады.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қуат қосқышын пайдаланып, электр қуатын ажыратыңыз. 2. Егер ток ауытқуларынан қорғағыш пайдаланылса, оны алып тастаңыз. Өнімді қабырғадағы розеткаға тікелей қосыңыз. 3. Өнімді өшіргеннен кейін кем дегенде 30 секунд күтіп, қайта қосыңыз да, іске қосылуын күтіңіз. 4. Егер қате жойылмаса, HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/ljm1530series немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалықты қараңыз.
Sensor Error («Датчик қателігі»)	Өнімде қағаз датчигінің қатесі туындады.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қуат қосқышын пайдаланып, электр қуатын ажыратыңыз. 2. Егер ток ауытқуларынан қорғағыш пайдаланылса, оны алып тастаңыз. Өнімді қабырғадағы розеткаға тікелей қосыңыз. 3. Өнімді өшіргеннен кейін кем дегенде 30 секунд күтіп, қайта қосыңыз да, іске қосылуын күтіңіз. 4. Егер қате жойылмаса, HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/ljm1530series немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалықты қараңыз.
Unexpected size in tray 1 («1-науа ішінде қағаздың күтпеген өлшемі»)	Науа ішіндегі қағаз өлшемі ағымдағы баспа тапсырмасына қажетті өлшемге сәйкес келмейді.	Қажетті өлшемді қағазды науаға жүктеп, науаның дұрыс өлшемге реттелгенін тексеріңіз.

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
Used black cartridge is installed («Қолданылған қара түс картриджі орнатылған»).	Пайдаланылған жабдық орнатылған.	Шынайы HP жабдығы алынғанына сенімді болсаңыз, HP веб-сайтын қараңыз: www.hp.com/go/anticounterfeit . Пайдаланылған баспа картриджін қолданудан өнім бұзылса, кепілдік бойынша жөнделмейді. Жабдық күйі және оған байланысты функциялар пайдаланылған картридждермен қолжетімсіз болады.
Артқы есіктен тасымал ораманы алып тастаңыз	Тасымал орамасы өнімнің артқы жағында сақталады.	Артқы есікті ашып, тасымал орамасын шығарыңыз.
Баспа қағазы жолындағы кептелу	Өнім қағаз жолында кептеменің орын алғанын анықтады.	Хабарламада көрсетілген кептелуді жөндеп, басқару тақтасындағы нұсқауларды орындаңыз.
Басып шығару сәтсіздігі	Өнім ішкі байланыс қателігіне кездесті.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қуат қосқышын пайдаланып, электр қуатын ажыратыңыз. 2. Егер ток ауытқуларынан қорғағыш пайдаланылса, оны алып тастаңыз. Өнімді қабырғадағы розеткаға тікелей қосыңыз. 3. Өнімді өшіргеннен кейін кем дегенде 30 секунд күтіп, қайта қосыңыз да, іске қосылуын күтіңіз. 4. Егер қате жойылмаса, HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/ljm1530series немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалықты қараңыз.
Есік ашық	Баспа картриджінің есігі ашық.	Баспа картриджінің есігін жабыңыз.
Ешқандай қағаз алынбаған [OK] түймешігін басыңыз.	Өнімде ішкі енгізілген бағдарламалық құралға қатысты қате пайда болды.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Баспа құралының кіріс науасына алыс салынғанын тексеріңіз. 2. Тапсырма үшін науаға дұрыс қағаз өлшемін салыңыз. 3. Науадағы қағаз бағыттағыштары қағаздың өлшеміне қарай дұрыс реттелгенін тексеріңіз. Бағыттағыштарды қағаз жинағын майыстырмай, оларға тиіп тұратындай реттеңіз. 4. Қағазды қолмен беру сұрауын растау үшін өнімнің күтіп тұрғанын қарау мақсатында, өнімнің басқару панелін тексеріңіз. Қағаз салып, жалғастырыңыз. 5. Егер қате жойылмаса, HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/ljm1530series немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалықты қараңыз.

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
<p>Жад аз</p> <p>[OK] түймешігін басыңыз.</p>	Тапсырманы орындауға өнімнің жад көлемі жеткіліксіз.	<p>Өнім басқа тапсырмаларды орындап жатқан болса, сол тапсырмалар біткеннен кейін тапсырманы қайтадан жіберіңіз.</p> <p>Ақаулық жойылмаса, электр қуаты қосқышы арқылы қуат көзінен ажыратып, кем дегенде 30 секунд күтіңіз. Қуат көзіне қосыңыз да өнімнің іске қосылуын күтіңіз.</p>
<p>Жетілдіруді қайта жіберу</p>	Аппараттық құралдың жаңартылуы тоқтатылды.	Жаңарту файлын өнімге қайта жіберіңіз.
<p>Картридж бөлімінде кептеме туындады</p>	Өнім баспа картриджі бөлімінде қағаз кептемесін анықтады.	Хабарламада көрсетілген кептелуді жөндеп, басқару тақтасындағы нұсқауларды орындаңыз.
<p>Қамсыздандыру материалын ауыстырыңыз</p>	Өнім баспа картриджі төмен деңгейге жеткенде жұмысын тоқтатуға реттелген.	Баспа картриджін ауыстырыңыз немесе баспа картриджі «өте төмен» деңгейге жеткенде баспаны жалғастыру үшін өнімді қайта реттеңіз.
<p>Қате басу</p> <p>[OK] түймешігін басыңыз.</p>	Өнімде ішкі енгізілген бағдарламалық құралға қатысты қате пайда болды.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Парақтарды қайта басып шығарыңыз. 2. Егер қате жойылмаса, өнімді өшіріп, қайта қосыңыз. 3. Парақтарды қайта басып шығарыңыз. 4. Егер қате жойылмаса, HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/ljm1530series немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалықты қараңыз.
